нысандарына және құпия ғылыми, инновациялық және технологиялық ақпараттарға құқық беру мен алу; инновациялық бизнесті, оның ішінде инновациялық бағдарламалар мен жобаларға инвестиция жасауды қоса қаржыландыру; инновациялық бизнесті жүргізуге қажетті және елдің заңнамасына қайшы келмейтін өзге де жұмыс түрлері.

Инновациялық бизнестің субъектілерінің араларында экономикалық және құқықтық қатынастар пайда болатын өнімдері (нәтижелері) болып табылатындар: нақты инновациялардың технологиялары мен игеру нәтижелерін айқындайтын инновациялық жобалар; түпкі өнімді өткізуде әлеуметтік-экономикалық және экологиялық тиімділікті қамтамасыз ететін, өндірісте игерілген технологиялық үдерістер; инновациялық жетістіктер нәтижесі болып табылатын, принципті түрде жаңа, жаңадан жақсартылған өнімдер.

Қоғамдық-экономикалық дамуда қайшы әрекет ететін және қарама-қарсы тұратын беталыстардың болуы әлеуметтік-экономикалық тіршілікке айқынсыздық элементтерін енгізеді, тәуекелдік ахуалын жасайды. Айқынсыздық пен тәуекелдіктің үдеу үдерісіне ҒТП-ың ықтималдық сипаты әсер етеді. Ғылым мен техниканың жалпы даму бағыты, әсіресе жуық кезеңдегісі, белгілі дәлме-дәлдікпен күні бұрын айтыла алады. Дегенмен, қайсы бір ғылыми жаңалықтардың, техникалық өнертабыстардың нақты салдарын толығымен айқындау іс жүзінде мүмкін емес, себебі жұмсалатын шығындар, әсіресе нәтижелері уақыттарға созылып, алыстап кетеді.

Бүгінгі таңда, көріп отырғанымыздай, инновациялық бизнес тұжырымдамасы инновациялық даму негіздерін жақсырақ түсінуге көмектеседі. Экономикалық жүйелердің инновациялық даму тұрпатына көшуі, тәуекелдердің ролі мен табиғатын түсіну, білу, оларды басқара білу тұрақты экономикалық өрлеу мен барлық шаруашылық жүргізу деңгейлерінде басқарушылық шешімдердің тиімділігін қамтамасыз ету ісінде шешуші болып отыр.

Дүниежүзілік экономикалық форумның Бәсекеге қабілеттілік туралы 2015-2016 жылдарға арналған жаһандық есебіне сәйкес Қазақстанның инновациялық даму факторы бойынша (78; +11) позицияларының айтарлықтай жақсаруы байқалады. Инновациялар (72; +13) және Бизнестің бәсекеге қабілеттігі (79; +12) факторлары бойынша ілгерілеуге қол жеткізілді. [5]

Алайда, шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы сапа жағына қарағанда сан жағынан өсуде. Сапа жағынан жетілдіру үшін инновациялық қызмет пен мемлекеттік реттеу жеткіліксіз мөлшерде. Сондықтан да, инновациялық бизнестің тиімді жолға қойылуы үшін мына принциптерді жүзеге асыру қажет:

- инновациялық бизнесті қолдау орталықтарын, бизнес-инкубаторларын, технологиялық парктер, индустриалдық өңірлер және басқа да жеке кәсіпкерлікті дамыту объектілерін құру және дамыту;

- инновациялық бизнес субъектілерінің қызметін оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету;

- инновациялық шаруашылық етуші субъектілердің реттеуші және қадағалаушы қызметтермен және жергілікті билік органдарымен өзара әрекеттесу әдістерін жетілдіру;

- тиімді бәсекеге қабілетті орта үшін жағдайлар жасау;

- инновациялық бизнес ахуалын жақсартуға жәрдемдесу, өңір экономикасына салымдардың тартымдылығын мақсатты жоғарылату.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар

2. Хойч А., Сағидоллаева С.Е. Шағын және орта кәсіпкерлік аясында инновациялық қызметті жетілдіру жолдары <http://group-global.org>

3. Инновациялық кәсіпкерліктің негіздері. <http://bigox.kz>

4. "Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 шілдедегі № 990 Қаулысы

5. Индекс глобальной конкурентоспособности по версии Всемирного экономического форума <http://gtmarket.ru/ratings/global-competitiveness-index/info>



УДК 338.045.213

Есенова Б.А.,
магистрант 1 курса
специальности «Экономика»
Научный руководитель:
к.э.н. и.о.профессора Бактымбет А.С.

КІШІ ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК

Түйін

Бұл мақалада шағын және орта кәсіпкерліктің теориялық және практикалық мәселелері қарастырылған. Бүгінгі дүние жүзілік дағдарыс кезеңінде Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті тежеп отырған факторлар қарастырылып, кәсіпкерліктің даму жолдары негізделген. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Қазақстан нарықтық экономикаға көшу жолына түсті. Нарықтық экономикада мемлекеттік меншіктің үлесі мүмкіндігінше азайып, жеке сектордың үлесі басым болып келеді. Сонымен қатар кәсіпкерлікке теориялық талдау жасалынып, авторлар кәсіпкерлікке жаңа анықтама берген. Тұжырымдар сатат. материалдармен қатар авторлардың сауалнама жүргізуі арқылы негізделген.

Түйіндеме сөздер: Кәсіпкерлік, шағын және орта бизнес, тәуекелділік, халық табысы, экономикалық мүмкіндік, инновация, ЖІӨ.

Экономикалық өсуді ынталандыру – кез-келген елдің экономикалық саясатының аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, өйткені экономикалық өсу – халықтың әл-ауқатының артуына жағдай жасайды. Шағын және орта бизнес экономикалық өсу факторларының бірі болып табылады. Аса өзекті экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешу барысында шағын және орта бизнестің рөлі ерекше болып табылады. Қазақстан Республикасының бүгінгі таңда қойып отырған міндеттерінің бірі- шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту. Шағын және орта бизнесті дамыту экономикалық өрлеудің және әлеуметтік-саяси жаңғыртудың басты құралы. Әсіресе жеке меншіктің нақты өмірге жүзеге асуы және орта таптың қалыптасуының материалдық негізі. Демек, шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі мемлекетімізде артқан сайын еліміз көркейіп, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарады.

Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнес тіптен мешеу қалып отыр деп көрсету шынайы экономикалық жағдайға сай келмейді. Үстіміздегі жылда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей [1], бізде шағын және орта бизнестің 800 мыңнан астам субъектісі бар, онда 2,4 миллионнан астам қазақстандық еңбек етеді. Бұл сектордағы өнім көлемі төрт жылда 1,6 есе өсті және 8,3 млрд. теңгені құрап отыр. Қазақстан 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 12 орынға алға жылжып Дүниежүзілік Банк нұсқасы бойынша бизнесті ашу мен жүргізудің оңайлығы рейтингінде 183 елдің арасынан 47 орынға ие болды.

Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнестің ЖІӨ-де алатын үлесі- 20%. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының мәліметтеріне сүйенсек, әлемдік экономикада тек шағын кәсіпорындардың саны барлық кәсіпорындардың жалпы санының 95%-нан асады. Олардың ЖІӨ-дегі үлесі 50%-ға дейін жетеді. Дамыған мемлекеттердегі шағын және орта бизнестің ЖІӨ-дегі үлесі мысалы, Жапонияда 55%, Ұлыбританияда-52%, Германияда-57%, Италияда-55%. Салыстырмалы сараптама Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерліктің макроэкономикалық көрсеткіште үлесенің өте аз екенін көрсетеді. Оны 50 пайызға жеткізу үстіміздегі ғасырдың елуінші жылдарында қол жеткізу болжанып отырғаны белгілі. Сол мақсатқа жету үшін мәңгілік сұрақ - не істеу қажет? Шағын және кәсіпкерлікті дамытудың қандай жолдары мен тетіктері бар? Қандай экономикалық, әлеуметтік, саяси және психологиялық кедергілері бар?

Бірінші кезекте шағын және орта бизнестегі кәсіпкердің кім екенін, оның қоғамда атқаратын қызметі мен маңызын жалпы халыққа түсінікті тілмен насихат түсініктеме жүргізу қажет. Экономика теориясында келтірілетін кәсіпкерге берілетін анықтамаларға қысқа шолу жасайық. Кәсіпкерліктің негізін қалаған экономист және банкир Р.Кантильон кәсіпкер бұл анықталмаған жағдайда, өзінің қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында шешім қабылдайтын адам, саяси экономия классигі А. Смит кәсіпкер-өнеркәсіпті меншіктенуші және коммерциялық тәуекелділікпен байланысты іс-әрекет деп анықтама берсе [2], Ф.Уокер, И.фон Тюнен, А.Азрилян ж.т.б экономистер кәсіпкерлікті пайда табумен байланыстырады [3]. Аты экономика тарихында белгілі көптеген экономистер кәсіпкерді тиімділік және үнемділікпен (М.Вебер), инновациялық іс-әрекетпен (И.Шумпетер), менеджментпен (Ф.Найт), адамның психологиясымен (Дж. Кейнс) байланыстырып қарастырады[4]. Қазақстан Республикасының заңдарында кәсіпкерлік - бұл дербес, өзінің мүлігін пайдаланып жүйелі пайда алу мақсатында жүргізілетін тәуекелділікпен байланысты қызмет екені айтылса, экономистеріміз оның тәуекелділігі мен алатын табысына байланысты анықтама береді [5].

Біздің пікіріміз бойынша, келтірілген және басқа анықтамаларда кәсіпкердің басты қызметі - тауар өндіру мен оны сату арқылы халыққа көрсететін қызметін елемей немесе көп көңіл бөлмей отырған сияқтымыз. Бүгінгі таңда кез келген тәулік уақытында қалаған тауар мен қызметті пайдаланып қажеттілігімізді қанағаттандыра аламыз. Кешегі Кеңес кезінде тауар тапшылығы, ұзақ тұратын кезек бүгінде жоқ және оны экономика тарихы тез ұмытты. Болған экономикалық-әлеуметтік келеңсіздердің жоюуылуына себеп болған негізгі факторлардың бірі – мемлекетіміздегі кәсіпкерлердің көрсеткен қызметі. Сондықтан, халықтың санасына кәсіпкерді – өзінің қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында, тәуекелділік пен тынымсыз еңбек арқылы халыққа қызмет атқаратын экономикалық адам-деген ұғымды енгізу қажет.

Екінші мәселе, ұлттық экономиканың сала ерекшеліктеріне байланысты кәсіпкерліктердің көлемін анықтау. «Кәсіпкерлік туралы» Заңға сәйкес Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті жүргізудің үш түрлі нысаны бар: шағын, орта және ірі кәсіпкерлік. Осы кәсіпкерлікті жүргізу түрлерінің айырмашылықтары негізінен кәсіпорындарда қызмет жасайтын еңбекшілер мен олардың табыс көлемімен анықталады. Мысалы, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне:

- қызметкерлерінің жылдық орташа саны 50 адамнан аспайтын жеке кәсіпкерлер;
- қызметкерлерінің жылдық орташа саны 50 адамнан аспайтын және бір жылдағы активтерінің жылдық орташа құны 60000-еселік АЕК-тен аспайтын заңды тұлғалар жатады.

Орта кәсіпкерлік субъектілеріне:

- қызметкерлерінің жылдық орташа саны 50 адамнан асатын жеке кәсіпкерлер;
- қызметкерлерінің жылдық орташа саны 50-ден көп, бірақ 250 адамнан аспайтын және бір жылдағы активтерінің жылдық орташа құны 325000-еселік АЕК-тен аспайтын заңды тұлғалар жатады.

Ірі кәсіпкерлік субъектілеріне:

- қызметкерлерінің жылдық орташа саны 250 адамнан асатын немесе бір жылдағы активтерінің жалпы саны 325000-еселік АЕК-тен асатын заңды тұлғалар жатады [6].

Бұл жерде кәсіпкерліктің қызмет жасайтын саласының ерекшеліктері ескерілмеген. Сондықтан, кәсіпкерлік тиімді қызмет жасауы және дамуы үшін заң қабылдағанда салалық ерекшеліктерін ескеру қажет. Бұл өз кезегінде табыс және салық мәселесін оңтайландырған болар еді.

Үшіншіден, мемлекет шағын және орта бизнесті шынайы дамытқысы келсе, алпауыт монополистердің баға төңірегіндегі «аранын» тыйюы қажет. Қазақстан Республикасының статистика агенттігінің мәліметі бойынша біздің елімізде 2013 жылдың көрсеткішін 2003 жыл көрсеткішімен салыстырғанда электрожарықтың бағасы 169%, судың бағасы 88%, жылудың бағасы 72% көтерілген. Бұл мәселе халықты қатты алаңдатып отыр. 2013 жылдың 13 қарашасынан 22 желтоқсанына дейін «Нұр Отан» партиясының Қоғамдық саясат институты ең көкейтесті әлеуметтік мәселелер рейтингі зерттеуіне қатысқан 16 мен 68 жас аралығындағы 1600 адамның 52 пайызы ең өзекті әлеуметтік мәселе ретінде коммуналдық қызмет бағаларының жоғарылағанын атаған. Мысалы, шағын және орта кәсіпкерлердің суға, жылуға, жарыққа тіптен шығаратын қоқыстарына төлейтін төлемақылары халық төлеп отырған тарифтерге қарағанда әлдеқайда көп. Монополистер кәсіпкерлерге ерекше қызмет көрсетпейді, ал кәсіпкерлер олардың қызметтерін пайдаланып табыс тапса бұл олардың еңбегінің нәтижесі. Сондықтан, бір жағынан тарифтер теңестірілуі қажет және екінші жағынан монополистердің көрсететін қызметтерінің бағасы тоқтатылып, оларға моратория жариялануы тиіс.

Төртінші мәселе мемлекет орындарының кәсіпкерлік іс-әрекетті бақылауы мен тексерулері төңірегінде. Біздің мемлекетіміздегі кәсіпкерлер енді қалыптасып жатқан қоғамдағы жаңа тап. Олар кешегі мемлекеттің кәсіпорындарында жұмыс жасаған қарапайым жұмысшы, мал баққан шаруа, баға оқытқан мұғалім немесе құрылыста жұмыс атқарған құрылысшы. Қысқасы олардың көбі - арнайы кәсіпкерлік білімі жоқ, туа біткен кәсіпкерлер. Сондықтан тексерушілер іс-әрекетін айыппұлдан бастамай, олардың кемшілік тұстарын айтып, оларды жоюға уақыт берсе нұр үстіне нұр болар еді.

Тағы бір айтылатын мәселе- мемлекет тарабынан көрсетіліп жатқан көмектердің, қабылданып жатқан бағдарламалар мен жолдаулардың халыққа жетене жету мәселесі. Мысалы, тәуелсіз Қазақстанның құрылған сәтінен бастап кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік шаралардың тарихы сонау 1992 жылдан басталатынын біреу білсе біреу білмейді. Айталық, шағын және орта бизнесті мемлекеттің экономикалық саясатының басымдылық саласы болып табылатынын және тұтынушылар нарығын тауарлар мен қызметтерді кең қолдануға жағдай жасайтын Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылдың 6 наурызындағы №3398 «Шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсетуді күшейту мен оны дамытуды жандандыру жөніндегі шаралар туралы» жарлығы; шағын кәсіпкерліктің қорын құруға жағдай жасайтын Қазақстан Республикасы үкіметінің 1997 жылдың 26 сәуіріндегі №665 «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» қаулысы; 1999-2002 жылдарда мемлекет шағын кәсіпкерлік саласындағы құқықтық актілерді, қаржы-несиелік және инвестициялық саясатты аймақтардағы шағын бизнестерді дамытуға, 2004-2007 жылдарда мемлекет кәсіпкерлік ортаны, қоғамдық институттар жүйесін қалыптастыруды белгіледі; Қазақстан Республика Президентінің 2005 жылдың 18 ақпанындағы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты жолдауына сәйкес қабылданған бағдарлама 2003-2015жж арналған Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму стратегиясымен сәйкес кәсіпкерліктің дамуына жағдай жасайды. Сонымен қатар «Даму» қорының жобалық қаржыландыру және лизинг, несие жүйесіндегі кәсіпкерлікті кепілдендіру ж.т.б көптеген шаралар қабылданды. Дегенмен, осы және басқа мемлекеттің орта және шағын кәсіпкерлікті қолдап отырған шаралары халыққа жетпей жатады. ҚР Мәжіліс Парламентінің депутаты Т. Өмірзақовтың

мәліметі бойынша осы бағдарламалардың қамту көлемі шағын және орта бизнестің 10% құрайды екен [7].

Кәсіпкерлік саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыруға байланысты міндеттерден басқа мемлекет кәсіпкерлікті қолдауды қаржылық, ақпараттық-сараптамалық және материалды-техникалық қолдауды қамтамасыз ету бойынша қызметтер атқарады. Қолдаудың бұл нысандарының барлығын мемлекет атқарушы органдар арқылы жергілікті және аумақтық деңгейде қабылданатын әр түрлі бағдарламалардың көмегімен де, әрі ұйым капиталының қатысуымен осы үшін арнайы жасалған бағдарламалар көмегімен де жүзеге асырады. Демек, теледидар немесе мерзімді баспа беттерінде беріліп отырылатын жарнамалар жеткіліксіз немесе тиімді болмай отыр. Сол үшін жалпы халыққа жетететін оның ішінде кәсіпкерлерге интернет арқылы мағлұмат жеткізу, білім беру оларды аймақ, аудан, ауыл деңгейлерінде жинап ақпараттандыруды, құзыреттілікті жалпы білім беруді қолға алу қажет. АҚШ 1953 жылы шағын кәсіпкерлік мәселелері бойынша атқарушы үкіметтің арнайы органы құрылды-ол жалпы ел бойынша орналасқан, 400 жуық қызметкері бар, он өңірлік және 120 жуық жергілікті бөлімдерден тұратын, тармақталған жүйесі бар, шағын бизнес әкімшілігі. Әкімшіліктің орталық аппараты 1100 қызметкерден тұрады, оның негізгі қызметтері техникалық және кеңес беру қызметтерін көрсету, шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында мемлекеттік тапсырыстарды үлестіру, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылық көмек көрсету механизмін дайындау болып табылады.

Көптеген елдердің тәжірибесінде шағын кәсіпкерлікті қолдау, белгілі Министрліктердің құрамына кіретін, арнайы Департаменттермен байланыстырылады. Мысалы, Германия және Голландия экономика Министрлігінде шағын және орта бизнестің арнайы бөлімдері бар, Францияда осындай бөлім өнеркәсіп Министрлігінде. Канада да шағын дамыту саясатын өнеркәсіп, ғылым және технология Министрлігінің Департаменті, Италияда - өнеркәсіп, коммерция, сауда және кәсіптер Министрлігінің жанындағы бөлім жүзеге асырады. Францияда шағын кәсіпкерлікті реттеу саясатын бірнеше ұйымдар жүзеге асырады: шағын және орта кәсіпкерлік Конфедерациясы, Сауда және өнеркәсіптік палаталар, қызметін жаңадан бастаған және дамушы кәсіпкерліктердің ұлттық агенттігі, техникалық зерттеулердің ұлттық агенттігі, Қаржы институттары және тағы басқалар [8].

Оңтүстік Кореяда арнайы үкіметтің құрылымымен - 11 аймақтық орталықтарда жұмыскерлер саны 900 адамнан тұратын штаты бар, шағын және орташа бизнес Әкімшілігімен қоса, ұйымдардың толық жүйесі қызмет етеді. Сонымен, Әкімшілік жанында технология мен сапаның Ұлттық институты, үкіметтік несиелік кепілдемелер жүйесі, арнайы тағайындалған коммерциялық банктер бар.

Қазіргі кезде Қытайда шағын және орташа кәсіпорындардың қызметін басқарудың негізгі органдары Мемлекеттік сауда-экономикалық комитеті шеңберіндегі шағын және орташа кәсіпорынның шетелдік ынтымақтастығын үйлестіру орталығы, шағын және орташа кәсіпорындардың дамуын ынталандыру жөніндегі Бүкіл қытайлық жұмысшы жетекші тобы, банк және басқа да ұйымдар.

Бұл елдердің экономикасына шағын кәсіпкерліктің тиімді әсері арнайы қабылданған заңдар мен дайындалған бағдарламалардың арқасында болып отыр. Айталық, Жапонияда шаруашылық етуші субъектілердің қызметі 12 заңмен реттеледі, соның ішінде экономиканың осы саласының мәнін, міндеттерін, құқықтарын және жеңілдіктерін анықтайтын «Шағын және орта кәсіпорындар туралы негізгі заңы» арқылы жүзеге асырылады. АҚШ-та шағын кәсіпкерлікті дамытудың негізгі құжаты болып «Ұсақ бизнес туралы акт» болып табылады. Германияда - «Жазалаушы құқық», Қытайда шағын және орташа кәсіпорындарға көмектесу туралы заңның жаңа жобасы дайындалған [9].

Шағын және орта бизнесті дамыту үшін сұранысты ынталандыру өте маңызды. Өкінішке орай сұраныс біздің елімізде өте баю немесе кейінгі бес жылда тіптен көтерілмей отыр. Сұраныс төмен болғандықтан кәсіпкерлер өздерінің шығынын жабу

және пайда табу үшін амалсыз бағаларын көтеруде, екінші жағынан халықтың таза табысы төмендеп отыр. Бұл мәселені, яғни қажет тауарлар бағасының жоғарылығы мен табыстың төмендігін жоғарыда аталған Нұр Отан партиясы жүргізген сауалдамаға қатысқан адамдардың 46 және 40 пайызы белгілеген.

Хош, енді шағын және орта бизнестің келешігі қандай, оны үшінші индустриялық революция жағдайында не күтіп тұр деген сұрақ төңірегінде ой қозғап, қағидасын қарастырайық.

Қазақстан Республикасының белгілі және белді экономистерінің бірі О.Сабденнің сараптауы бойынша, дүние жүзіндегі мемлекеттер нарық экономикасынан постиндустриалдық дамудың инновациялық экономика кезеңіне өтіп жатыр. Мұның өзі 21 ғасырдағы экономикалық өсу және оның жоғары сапаға көтерілуі білім мен ғылымда жаңа сананың қалыптасуын, сонымен қатар инновациялық үрдістердің, жаңа технологиялардың, жаңа өнімдер мен қызмет көрсетулердің үлесінің және атқаратын экономикадағы қызметінің өсетінін көрсетеді [10]. Осы орайда ұлттық экономиканың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруда инновациялық фактордың маңыздылығы зор. Инновация мәселесін қарастырған және теориялық негізін салған Н.Д.Кондратьев, Й.Шумпетер, С.Кузнец және басқа экономистер оны кәсіпкерлікпен тығыз байланыстырып қарастырған.

«Инновация» терминін өткен ғасырдың 30-жылдарында экономика ғылымының айналысына енгізген австриялық экономист Й.Шумпетер оны «өнертапқыш - жаңалық енгізу - диффузия» үрдісінің бір бөлігі және кәсіпкердің өндіріс факторларын пайдаланудың «жаңа комбинациясы» ретінде қарастырған. Қарастырып отырған мәселемізге байланысты Й.Шумпетердің «жаңа комбинацияға» жатқызған негізгі түрлерін атап өтсек артық емес. Олар:

- өндірісте пайда болатын жаңа игіліктер;
- игіліктерді сатудың жаңа коммерциялық әдістерін қолдану;
- сатудың жаңа нарқын игеру;
- жаңа шикізат көздерін ашу және қолдану;
- салалық құрылымды өзгерту.

Жоғарыда аталған бағыттарды жүзеге асыру үшін кәсіпкердің жігерлілігі, жаңашылдық қабілеті қажет. Бүгінгі таңда дүние жүзілік жаһандану кезеңінде еліміз Қазақстанның үрдістен кенже қалмауы үшін Президентіміз индустриалдық-инновациялық бағыттағы дамудың 7 басты бағытын көрсеткені мәлім. Олар - АӨК, металлургия, мұнай өңдеу, энергетика, химия мен фармацевтика, өндіріс индустриясы, көлік және инфрокоммуникация. Кез келген осы экономикалық бағыттарда шағын және орта кәсіпкерліктің алатын орны орасан. Қазақстан Республикасының статистика агенттігінің деректері бойынша өкінішке орай жаңа пайда болып жатқан кәсіпкерліктің саны аз және негізінен 5 адамға ғана жететін кәсіпорындар ашылған. Жалпы 2013 жылы ашылған кәсіпорындардың жалпы саны 747 болса, оның ішінде 5 адамға дейін еңбекшілер бар кәсіпорын 438 (58,6%), 10 адамға дейін 135 (18), 11-20 адамға дейін-60 (8). Дегенмен, дүние жүзілік нарықта кез келген осы бағыттарда дамыған мемлекеттер біздің кәсіпкерлерге оңай орын бере қоймайды. Сондықтан дүние жүзілік халықаралық еңбек бөлінісінде мемлекеттің қолдауы болмаса шағын кәсіпкерлікті айтпағанда орта бизнестің ойып орын алатыны өте қиын [11].

Біздің пікіріміз бойынша мемлекет орта және шағын бизнесті дамытудың басты екі шарасын жүзеге асыруы тиіс. Біріншісі мемлекеттік тапсырыс және мемлекеттік қамтамасыздандыру болса, екінші жол - қабілеті бар сұранысты ынталандыру. Ішкі сұраныс өте аз. 100 жылдың ішінде халықтың өскен саны... Тұрар Рысқұловтың мәліметі бойынша өткен ғасырдың 20 жылдарында Қазақстан халқының жалпы саны 6553600 адам, оның ішінде ауыл тұрғындарының үлесі 92%, қала тұрғындары 8%, олардың өзі ауыл шаруашылығымен айналысқан [12]. Ал 2014 жылдың 1 қарашадағы Қазақстан халқының саны 17 377,8 мың адам, яғни бір ғасырға жуық аралықта еліміздің халқы не бәрі 10 844,2

мың адамға өскен. Ал орташа айлық жалақы 2014 жылдың қазан айында 118 884 теңге болды. Бұл дегеніміз Қазақстан Республикасының ішкі сұраныс нарығы саны және сапасы бойынша өте төмен екенін көрсетеді [11].

Осы мәселелер төңірегінде ауыл шаруашылығын көтеру қажеттілігі айтылып жүрсе де мардымды жұмыстар істелмей отыр. Неге біз дәстүрлі экономикамызды индустриалды инновациялық үрдіске ыңғайлап дамытпаймыз? Дәстүрлі экономикамыз ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің өсімдік шаруашылығы 51,6%, ал мал шаруашылығы 48,4% құрайды. Қазақстанда 4-5 сиырдың беретін сүтін дамыған елдерде бір-ақ сиырдан сауады. Ал егін шаруашылығындағы бидай түсімінің орта түсімі 10-13 центнер болса, Еуропа мемлекеттерінде гектарына 60-70 центнерден түсетіні мәлім. Ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлікті ұйымдастыру кезінде ұсынған Н.Д.Кондратьевтің теориясына негізделіп ұйымдастырылса экономикалық тиімділікке қол жеткізеріміз сөзсіз. Бүгінгі таңда Америка Құрама Штаттары мен Еуропа мемлекеттерінің Ресей мемлекетіне жүргізіп отырған эмбарго саясаты біздің кәсіпкерлерге Ресей экономикасындағы бәсекелестікті төмендетіп және тауарлардың санының азаюына жағдай туғызып отыр. Сонымен қатар 2015 жылдан басталатын экономикалық одақ кәсіпкерліктің өнім көлемінің ұлғаюына және осы одақта біздің кәсіпкерлер халықаралық еңбек бөлінісінде өзінің орнын таба алады. Әрине ауыл шаруашылығында кәсіпкерліктің кең етек жаюы ұлттық экономиканың басқа салаларының дамуына сөзсіз жағдай туғызады.

Осы шаралар жүзеге асса кәсіпкерлік:

- ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізі болады;
- өндірісте еңбек өнімділігін арттыру арқылы тұтынушыларға әрі арзан, әрі сапалы тауарлар мен қызметтер ұсынуға мүмкіндік береді;
- жаңа технологияларды енгізу арқылы қалдықсыз өндірісті ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады;
- жұмысбастылықты арттырып әлеуметтік мәселелерді шешуге жағдай жасайды;
- мультипликаторлы тиімділіктерді туындатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 17 қаңтар 2014 ж.
2. Казиева Р.К. Основы бизнеса: учебник. - Астана: Фолиант, 2008. - 368с.
3. Арустамов Э.А. Организация предпринимательской деятельности: учеб. пособие для студ. Вузов /Э.А.Арустамов, А.Н.Пахомкин, Т.П.Мирофанова. - 3-е изд., испр. - М.: Дашков и К, 2010. - 336с.
4. Абрамов В.Л. Мировая экономика: учеб. пособие для студ. Вузов /В.Л. Абрамов. - 6-е изд., перераб. - М.: Дашков и К, 2010. - 310с.
5. Мировая экономика и международные экономические отношения: учеб. пособие для студ. Вузов /С.Ф. Сутырин [и др.]. - М.: ЭКСМО, 2010. - 320с.
6. Халевинская Е.Д. Мировая экономика и международные экономические отношения: учебник /Е.Д.Халевинская. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Магистр; М.: ИНФРА-М, 2011. - 368с.
7. Омурзаков Т. «Казахстан-2050» - путеводный маяк // Казахстанская правда, 1 февраля 2014 г.
8. Тусупбекова Л. Тарифы и мифы // Казахстанская правда, 8 февраля 2014 г.
9. Ең көкейкесті әлеуметтік мәселелер рейтингі // Егемен Қазақстан, 20 ақпан 2014 ж.
10. Сабден О. Стратегия развития глобальной инновационной экономики в 21 веке // Казахстанская правда, 7 ноября 2014 года
11. ҚР статистика агенттігінің (WWW.stat.gov.kz) деректері
12. Сабден О. Турар Рыскулов. Навечно в памяти народа // Казахстанская правда, 15 декабря 2014 года.



РАЗВИТИЕ РЕГИОНАЛЬНОЙ СОЦИОЭКОНОМИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ КАК НОВАЯ ВОЗМОЖНОСТЬ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА

Аннотация

Социально-экономическое развитие является основным показателем уровня экономического роста территории. Осмыслению взаимосвязи и взаимообусловленности экономических и социальных процессов способствует формирование и развитие нового направления исследований – социоэкономики. Пространственные особенности развития региональной социоэкономической системы определяют вектор развития страны в целом.

Социум или накопленный человеческий капитал выступает основой устойчивого развития в интенсивно изменяющихся рыночных условиях, в которых оценка экономических выгод и потерь имеет большую значимость для улучшения параметров качественного социального воспроизводства в пространственном развитии регионов.

Ключевые слова: социоэкономика, социально-экономическое развитие, экономика знаний, инновационное развитие территории, социоэкономическая система региона, факторы экономического роста.

Обеспечение социально-экономического развития понимается в основном как процесс повышения уровня жизни населения. Поэтому устойчивое социально-экономическое развитие – это поиск и выбор среди имеющихся альтернатив такого способа развития, при котором достижение определённых целей в настоящем времени будет способствовать их достижению в будущем. В интенсивно изменяющихся рыночных условиях современная экономическая теория рассматривает человеческий капитал как основной ресурс, наравне с такими факторами как техника и технологии.

В концепции человеческого капитала знания и способности людей повышают производительность труда, в результате чего происходит расширение понятия национального богатства [2,7,8,11]. Согласно Стратегии социально-экономического развития России – к 2020 г. экономика знаний и высоких технологий должна стать новым сектором национальной экономики России, который мог бы обеспечить в ближайшие годы вклад в ВВП, сопоставимый с вкладом сырьевого сектора.

Для России пока ещё остаётся характерным отставание от развитых стран по некоторым важным показателям. Но положительная тенденция уже наметилась. Так, по индексу образования в 2014 г. Россия с поднялась на 32-е место с 36-го в 2010 г.; за аналогичный период по развитию человеческого потенциала поднялась на 50-е место с 57-го; по индексу продолжительности жизни – на 116-е место с 124-го; а самую эффективную динамику демонстрирует показатель ВВП на душу населения, где Россия поднялась на 10-е место с 48-го [12].

Многие развитые страны мира переходят к постиндустриальному типу экономики, для которого характерно развитие новой сферы – экономики знаний, дающих основу формирования инновационных способов развития хозяйствующих субъектов. В России в целом о формировании такого типа экономики пока говорить рано, но, тем не менее, условия для формирования постиндустриального общества есть. Её человеческий капитал рассматривается исследователями как главная движущая сила [3], в рамках которой

вследствие естественного завершения эпохи классической экономики, исследователи рассматривают организацию, регион, страну как социально-экономическую систему, в которой экономические и социальные аспекты неотделимы, а значит и не могут быть изолированными. Об этом свидетельствует появление таких направлений исследований как экономическая социология, экономическая психология, социальная рыночная экономика, социоэкономика и т.п.

В этих условиях регион (территория) рассматривается исследователями как «сложный социально-экономический организм», способный к саморазвитию. Саморазвитие территории означает обязательное достижение положительных преобразований, переход общества к более зрелым формам жизнедеятельности, а также обуславливает необходимость согласованного включения в действие всех её ресурсов [3, с.8].

На пространственное развитие региональной социоэкономической системы оказывают влияние многие факторы, среди которых наиболее важные: потенциал и качество человеческих ресурсов, способных не только к производительному труду, но и к интеллектуальной деятельности, нововведениям; демографический фактор; организационный фактор (территориальное управление); научно-технический прогресс; способность к саморазвитию и пр.

Кроме того, исследователи связывают успешность пути развития экономики России в новых условиях с восприятием и проведением инноваций в обществе. Исследователи, в частности Антропов В.А., выделяют ключевые задачи реализации стратегии «Инновационная Россия – 2020» в изменении восприимчивости людей к инновациям, повышении инновационной активности бизнеса и государства, развитии инновационных вузов и пр. [1]. Технологический рост экономики зависит не столько от роста необходимых инвестиций в общие технологии, сколько от рационального их распределения между старыми и новыми технологическими возможностями [5]. В пространственном отношении технологический рост регионов имеет особенности в зависимости от внутреннего состояния выше перечисленных факторов, влияющих на его развитие: природных ресурсов, сформированного производственного и человеческого потенциала и пр.

Таким образом, экономика и общество, как на уровне государства, так и на уровне региона, обнаруживают определённую взаимосвязь, своего рода социоэкономическую систему, что является предметом исследований социоэкономики.

В целом, понятие социоэкономической системы – это новое направление в науке. По мнению исследователей А. Этциони, М.А. Шабановой и др., социоэкономическую систему следует рассматривать как тесное взаимообусловленное развитие общества и экономики. В частности Шабанова М.А. считает, что социоэкономическая система включает, с одной стороны, «экономические аспекты воспроизводства социума», с другой стороны – «социальные аспекты воспроизводства экономики», которые находятся в тесной «взаимосвязи и взаимообусловленности» на основе «оценки соотношения затрат и результатов (последствий) деятельности акторов разных уровней». Следовательно, «в центре внимания социоэкономики – не односторонняя, а взаимная связь между экономикой и обществом, экономическими и социальными аспектами воспроизводства ... хозяйственных единиц ...». [12]. Это означает, что, с одной стороны, экономика является поставщиком ресурсов для социального воспроизводства, а люди (индивиды), с другой стороны, в последующей хозяйственной деятельности получают возможность приумножения национального богатства, но при этом, изменяясь сами, изменяют внутреннюю и внешнюю среду, создают экономические ресурсы для последующего воспроизводства.

Социоэкономическая система регионов в современных условиях даёт возможности для их саморазвития на основе имеющихся ресурсов. Ресурсы регионов

дифференцированы, поэтому пространственный аспект развития отдельного региона будет иметь присущие ему особенности.

Для формирования и последующего развития социоэкономической системы территории необходимы предпосылки и потребности. Существует мнение, что социоэкономика востребована в обществах, достигших высокого уровня развития рынка [12, с.12]. Страны с высоким уровнем хозяйственного развития, вступившие в стадию постиндустриальных отношений, становятся способными ставить и решать принципиально новые задачи развития социума: рост образовательного потенциала, продолжительности и качества жизни, насыщение рынка передовыми высокотехнологичными товарами длительного пользования и пр.

На вопрос о том, существуют ли в современном российском обществе потребность и предпосылки для развития и формирования социоэкономической системы можно ответить следующее. Во-первых, о такой потребности свидетельствует тот факт, что в настоящее время хозяйствующие субъекты стали учитывать человеческий капитал как важнейший ресурс для достижения экономического результата. В определении реальной стоимости бизнеса наравне с материальными, включаются нематериальные активы, в том числе стоимость кадрового потенциала (как часть человеческого капитала).

Во-вторых, изменение отношения общества к образованию. В настоящее время российские вузы конкурируют между собой, что свидетельствует об активном развитии рынка образовательных услуг, в том числе дифференциация образовательных услуг региональных рынков, а наиболее привлекательной основой выбора потребителей образовательных программ становится их качественная составляющая [4].

В-третьих, выводы как российских, так и зарубежных исследователей человеческого капитала сводятся к тому, что сфера образования является основным мощным фундаментом для формирования и накопления профессиональных и личностных компетенций человека и повышает его будущие возможности. Исследователи определяют, что влияние образовательной составляющей на развитие человеческого капитала доходит до 80%. Очень тесную корреляцию исследователи обнаруживают между уровнем образования и здоровьем человека. По шкале Гроссмана М. образование повышает эффективность сохранения здоровья на 2,4 %, а каждый дополнительный год обучения снижает вероятность смерти на 0,4 %. [6, с.147].

Образование вносит наибольший вклад и выступает как основа приращения человеческого капитала – особого, специфического ресурса общества, определяющего, с одной стороны, параметры экономического развития, а с другой – социального. Исследователи, М.Фридман, И. Фишер, Дж. Кендрик [4], констатируют: чем выше уровень образования, тем больше норма отдачи от инвестиций в него. Шабанова М.А. приходит к выводу, что общество с высоким уровнем развития человеческого капитала способно оценить выгоды и потери социально-экономического развития. Оценка экономических выгод и потерь при разработке стратегий развития регионов, поиска путей более эффективного использования экономических ресурсов для улучшения/развития параметров социального воспроизводства становится важной задачей социоэкономики.

Россия в настоящее время находится в такой ситуации, когда имеющиеся ресурсы требуются для развития и экономики, и социальной сферы одновременно. Главной проблемой для её формирования и развития становится недостаточный уровень экономического роста, который имеют страны, не так давно ступившие на постиндустриальный тип развития.

Социоэкономические исследования зародились в 80-х гг. XX века в зарубежных странах, а в России несколько позже – по мнению специалистов с 2000-х годов, но тем не менее потребности и предпосылки для её формирования и развития имеются [12].

Очевидно, что развитие социоэкономики способствует осмыслению взаимосвязи и взаимообусловленности экономических и социальных процессов, наиболее эффективному использованию имеющихся и доступных ресурсов территории в целом и её отдельных

регионов для достижения устойчивого экономического роста. «Построение адекватных экономических и социальных индикаторов, поиск адекватных приёмов измерения взаимосвязи экономических и социальных переменных – важная проблема социэкономии, в значительной степени определяющая ее возможности и ограничения» [12]. В этом отношении социэкономика становится важной сферой приложения.

Список использованной литературы

- 1 Антропов В.А. Проблемы модернизации и инноваций в российском профессиональном образовании. – Екатеринбург: Институт экономики УрО РАН, 2013. – 104 с.
- 2 Горбунова С.В. Накопление человеческого капитала работников в реальном секторе экономики: дисс. канд. экон. наук: 08.00.01 / Горбунова Светлана Васильевна. – УрО РАН г. Екатеринбург, 2009 г. – 206 с.
- 3 Дворядкина Е.Б., Сбродова Н.В. Промышленность как системообразующий фактор развития региона. Известия УрГЭУ №3 (22) 2008. С. 8-13.
- 4 Ефимова Е.Г. Совершенствование стратегии развития вуза на основе формирования профессиональных компетенций выпускников. Магистерская диссертация. Уральский государственный экономический университет, 2016 г. <http://portfolio.usue.ru/published/work/575d376555e2c/>
- 5 Иванов В.В. Проблемы научно-технического развития России в контексте промышленной революции / Инновации. 2016. № 6 (212). Июнь. – С. 3-8.
- 6 Майбуров И.А. Парадигма согласованного развития высшей школы и промышленности в регионах / И.А. Майбуров. Екатеринбург: ГОУ ВПО УГТУ-УПИ, 2003. 516 с.
- 7 Рулиене Л.Н. Сущность и перспективы университетского образования в постиндустриальном обществе. XIV Международная НПК «Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии». Россия, г. Новосибирск. 21 марта 2012 г.: <http://sibac.info/conf/pedagog/xiv/27070>
- 8 Скоблякова И.В. Эволюция понятия о месте и роли человеческого капитала и его классификация / И.В. Скоблякова // Социально-гуманитарные знания. – 2006. – № 6. – с.322-323.
- 9 Стратегия инновационного развития Российской Федерации на период до 2020 г. СПС «Консультант Плюс». <http://www.consultant.ru>
- 10 Центральная База Данных Федеральной службы статистики. URL: <http://www.gks.ru>.
- 11 Человеческий капитал: содержание и виды, оценка и стимулирование: монография / Смирнов В.Т., Сошников И.В., Романчин В.И., Скоблякова И.В.; под ред. д.э.н., профессора В.Т. Смирнова. М.: Машиностроение-1, Орёл: ОрёлГТУ, 2005. – 513 с.
- 12 Шабанова М.А. Социэкономика и экономическая социология: точки размежевания и интеграции // Экономическая социология. 2005. № 5. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n> (дата обращения: 18.01.2017).



ӘОЖ 331.526|582(005)

Жәнібекова А.А.
6М050600, 1 курс Экономика
к.э.н. Абильдина А.Ш.
ҚазЭҚХСУ, Астана қ.

ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ МЕХАНИЗМІ (кәсіпорын мысалында)

Түйін

Мақалада еңбек ресурстарын қалыптастыру және пайдалану механизмі кәсіпорын мысалында талданып, ғылыми қорытынды жасалады.

Кілт сөздер: еңбек ресурстары, нарық, бәсекелестік, кәсіпорын

Еңбек ресурстары – халықтың еңбектік әлеуеті, ел (аймақ) халқының шаруашылық саласында жұмыс істеуге қажетті білім деңгейі бар, дене күші толысқан және дені сау

бөлігі; елдің экономикалық әлеуетінің маңызды элементі. Еңбек ресурстарының өлшемі халықтың санына, оның өсіп өнуінің режиміне, демографиялық құрылымына байланысты барлық демографиялық процестерінің қарқындылығына сәйкес болады. Қазақстанда оған І және ІІ топтағы мүгедектерден басқа барлық еңбек жасындағы адамдар (16–63 жастағы ерлер, 16–63 жастағы әйелдер) және жеңілдік жағдайда жасы бойынша зейнетақы алатын зейнеткерлер, еңбек жасынан жоғары және төмен тұрған жұмыс істейтін адамдар жатады. 1999 жылғы халық санағы бойынша, Қазақстанда Еңбек ресурстары бүкіл халықтың 56%-дан астамын құрады [1;8].

Сонымен еңбек ресурстарының негізгі бөлігі – бұл еңбекке қабілетті жастағы еңбекке қабілетті тұрғындар. Бұдан басқа, еңбек ресурстарының құрамына жұмыс істейтін жасөспірімдер (еңбекке қабілетті жасқа жетпеген тұлғалар) және еңбекке қабілетті жастан жоғары жұмыс істейтін тұлғалар кіреді.

Еңбек ресурстары – бұл халықтың жұмысқа қабілетті бөлігі. Еңбек өнімділігі – еңбек ресурстарын тиімді пайдалану көрсеткіші. Еңбек өнімділігі:

1. Бір жұмыскермен белгілі бір нақты анықталған уақытта (уақыт, күн, ай, жыл) өндірілген заттай немесе ақшалай түріндегі өнімнің санымен;

2. Өндіріске жұмсалған уақыттың санымен өлшенеді.

Сондай-ақ, еңбек ресурстары – қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысуға қажетті білімді, ақыл-ой қабілеттілікті және физикалық дамуды иеленген халықтың бөлігі.

Еңбек ресурстары өзіне экономикалық белсенді халықты, еңбекке қабілетті жастағы оқушыларды, өндірістен қол үзіп оқитындарды және қазіргі уақытта жұмыс істемейтін және жұмыс іздемейтін (басқаша айтқанда, экономикалық енжарлы) еңбекке жарамды тұлғалар санатын енгізеді. Қазіргі кезеңде түбегейлі өзгерістер «мемлекеттің еңбек ресурстары» ұғымына ғаламдық үрдістерін енгізеді.

Экономикалық белсенді халық – жұмыссыздар мен экономикалық қызметпен белсене айналысатындардың (барлық жұмыс істеушілер) жиынтығы. Жұмыссыздардың жалпы (нақты) саны есеп айырысу жолымен анықталған.

Қазақстан соңғы жылдары экономикалық дамудың жоғарылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін экономикалық қайта құрулар және оларды жүзеге асыру бойынша алдыңғы қатардан көрініп келеді. Экономикалық дамудың орта және ұзақ мерзімді болашағын анықтайтын маңызды жәйті еңбек ресурстарын пайдалану болып табылады. Қазіргі жағдайда еңбек талабы өзгеруде, еңбек ресурстарының кәсіптік дайындығы күшеюде. Жұмыспен қамту еңбек нарығының түрі секілді жұмысшы күшін арттыруға арналған және білім жүйесін жетілдіру бағыты ұсынылады. Өзінің тәуелсіздігін алып, егемендігінің он алты жылдан астам уақыт дүниежүзілік қоғамдас деп танылған Қазақстан Республикасының экономикалық жүйесінде елеулі өзгерістер болды. Қазақстан орталықтандырылған басқару жүйесінен жекеменшік сипаттағы экономикалық дамудың нарықтық реттеу түріне өтті. Мемлекеттік меншік еңбекті бөлу арқылы нарықтық экономиканың қалыптасуы негізінде жеке меншікке айналды. Нарықтық экономика жағдайында аса маңызды мәселелердің бірі қалыптасу, даму және еңбек ресурстарын бөлу мәселесі болып табылады.

Еңбек әлеуметтік-экономикалық қатынастарда күрделі дәрежені құрайды, оны: философиялық, әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, мәдени және экономикалық қызмет субъектілерінің басқа тұрғыдағы әрекеттері тұрғысынан жан-жақты қарастыруға болады.

Жұмыс уақытын мөлшерлеудің негізгі міндеті - өнімнің еңбек сиымдылығын төмендету, жұмыскерді өз еңбегі нәтижесінде материалдық қызықтыруды күшейту, өндіріс тиімділігін арттыру, еңбек өнімділігінің өсуі мен еңбекақы арасындағы негізделген қатынасты қолдау мақсатында еңбекті ұйымдастыруды біртіндеп жақсарту [2;34]. Жұмыс уақытын мөлшерлеу өндіріске ғылым мен техника жетістіктерін, алдыңғы қатарлы технологияны енгізуге ықпал етуі тиіс.

Сонымен қатар, жұмыс уақытын мөлшерлеудің рөлі, атап айтқанда жұмыс уақыты шығындарын зерттеу әдістерінің рөлі жабдықтар мен жұмысты орындаушылардың бос тұруын жоюда, алдыңғы қатардағы тәжірибелерді таратуда маңызды болып табылады.

Жұмыс уақытын мөлшерлеу мазмұны оның затымен, еңбек үрдісімен анықталады. Еңбекті мөлшерлеу еңбек үрдісінің, жұмыс күшінің, еңбек құралы мен еңбек затының және олардың өзара байланыстарының барлық жақтарын көрсетуі керек. Сондықтан еңбекті мөлшерлеуге төмендегілер жатады: еңбек жағдайы мен әрбір жұмыс орнындағы өндірістік мүмкіндіктерді зерттеу мен талдау, кемшіліктерді жою үшін өндірістік тәжірибелерді зерттеу мен талдау, еңбек мөлшерінде алдыңғы тәжірибелерді көрсету, техникалық, ұйымдық, экономикалық, физиологиялық және әлеуметтік факторларды ескере отырып, еңбек үрдістерінің элементтерін орындау тәртібі мен тәсілдерін, ұтымды құрамын жобалау, еңбек мөлшерін тағайындау мен енгізу, еңбек мөлшерінің орындалуын жүйелі түрде талдау және ескірген мөлшерді қайта қарау.

Алайда еңбекті техникалық мөлшерлеудің басты міндеті - өндіріс түрі мен міндеттеріне байланысты уақыт, өнімділік, қызмет көрсету, адамдар санының және басқарушылық мөлшерін қою. Кәсіпорын деңгейінде жұмыс уақытын мөлшерлеуді басқару жүйесінің негізгі қағидалары болып дербестілік, ұтымдылық және тиімділік көрінеді [3;87].

Бүгінгі күнде жұмыс уақытын мөлшерлеуді басқару жүйесі дағдарысты басынан кешіруде, атап айтқанда бұрын тағайындалған мөлшерлер мен нормативтер, нормативтік және ғылыми-әдістемелік дайындамалар ескіруде, еңбекті мөлшерлеумен айналысатын ұйымдармен байланыс үзілген, олардың көбісі қысқарып қалған, еңбекті мөлшерлеумен айналысатын жұмыскерлердің кадрлық потенциалы азайған.

«Еңбек ресурсы» ұғымы экономика саласындағы, өңіріндегі, мемлекет деңгейінде немесе кәсіпорында еңбекке қабілетті халыққа сипаттама беру ішін қолданылады. Ал жеке кәсіпорын шеңберінде анағұрлым жақын қолданылатын термин – персонал, яғни жұмыс жасайтын меншік иелері мен барлық жалдамалы жұмысшыларды қосқандағы кәсіпорынның жеке құрамы.

Кәсіпорын персоналының негізгі сипаттамасы болып жұмысшылардың саны мен құрылымы саналады [4;67].

Кәсіпорынның персонал саны оның өндірістік және басқару процесінің сипатына, күрделілігіне, еңбек сыйымдылығына, сондай-ақ, механизациялау, автоматизациялау, компьютеризациялау дәрежесіне байланысты болады. Бұл факторлар оның нормативтік (жоспарлық) мағынасын анықтайды. Персоналдың объективті сипаты болып тізімдік (іс жүзіндегі) саны, яғни сол кезеңде кәсіпорында жұмыс жасайтын жұмысшылар саны жатады.

Кәсіпорынның персонал құрылымы – жұмысшылардың бірқатар белгілері мен категориялары бойынша біріккен жеке топтарының жиынтығы. Олар, өндіріс процесіне қатысуына байланысты: өнеркәсіптік-өндірістік персонал – өндіріспен тікелей байланысты жұмысшылар және өнеркәсіптік емес персонал - өндіріспен және оған қызмет көрсетумен тікелей байланысы жоқ, әлеуметтік инфрақұрылымдағы (кәсіпорын балансындағы балалар бақшасындағы және медицина мекемелеріндегі жұмыскерлер) жатады.

Еңбек ресурстарын басқаруды жүйе ретінде және қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуын басқарудың құрамды бөлігі ретінде қарастыра оның өте күрделі және ауқымды жүйеге жататынын ұмытпаған абзал. Мұның негізгі көрсеткіштері бір мақсатқа біріккен өзара байланысты және өзара қызмет етуші жүйелер мен элементтер болып табылады. Күрделі түрде алатын болсақ еңбек ресурстарын басқару жүйесі келесі бөліктерден тұрады: бірінші - халық шаруашылығын білікті маман кадрлармен қанағаттандыру мақсатында еңбек ресурстарын қалыптастыру; екінші – еңбекке қабілетті тұрғындарды толықтай жұмыспен қамту мақсатында жұмыс күшін бөлу және қайта бөлу;

үшінші – қажетті материалдық және рухани игіліктерді өндіруде жұмыс күшін тиімді жұмылдыру мақсатында еңбек ресурстарын пайдалану.

Бірінші жүйе – еңбек ресурстарын қалыптастыру дедік. Оның қалыпты қызмет етуінен жұмыс күшін өндірудің басқа фазалары да байланысты. Яғни білікті кадрлар қаншалықты сапалы және сандық негізде дайындалса, соншалықты еңбек ресурстарын пайдалану тиімді [5;52]. Еңбек ресурстарын қалыптастыруды басқару демографиялық саясатты басқарудан бастау алады. Барлық елдің және аймақтардың еңбек әлеуетінің жағдайы көпшілік жағдайда демографиялық тенденциялармен сипатталады, оның сандық және сапалық көрсеткіштері еңбекке жарамды халық санының динамикасына, жыныстық және жас ерекшелік құрылымына, денсаулығына, білімділік деңгейіне байланысты.

Халық санының өсуі, жыныстық-жастық құрылымы және еңбек ресурстарының өсуі арасында қандайда болсын байланыс бары анық. Сондықтан да демографиялық саясатты тиімді басқару үшін әр аймақтың демографиялық дамуын зерттеген дұрыс. Соның ішінде халық денсаулығын жақсарту, жастарды жұмыспен қамту және өмір сүру деңгейіне қатысты іс шараларға баса назар аударылуы тиіс.

Екінші жүйенің тиімді қызмет етуі үшін әртүрлі біліктіліктегі еңбек ресурстарына қазіргі таңдағы экономиканың қажеттіліктерін нақтылы түрде жоспарлап және болжау керек. Қазақстандық ғылыми экономикалық ойлардың қазіргі таңдағы даму кезеңінде бұл бағытқа баса назар аударылып отыр, бұл әсіресе білім беру жүйесінің жаңа жұмыс әдістеріне ауысында байқалады. Алдағы таңда жұмыс күшіне сұраныстың өзгеруіне байланысты кәсіби дайындық, біліктілікті арттыру және қайта даярлау мәселелеріне көп көңіл бөлінетін болады.

Және де үшінші жүйе қолда бар еңбек әлеуетін, сондай –ақ жеке жұмысшылармен олардың жиынтығын пайдаланудың тиімділігін бағалау және талдау, жоспарлау сияқты тиімді механизмдерін құруды қажет етеді.

Барлық ұйымдар үшін – ірі немесе шағын, коммерциялық және коммерциялық емес ұйым болсын, өндірістік немесе қызмет көрсету саласында болсын адамдарды басқару қашанда маңызды орынға ие. Адамдарсыз ұйымда болмайды, ұйым өзінің көздеген мақсаттарына жете алмайды және олар бір-бірімен тікелей байланысты. Сондықтан еңбек ресурстары басқару теориясы мен тәжірибесінің ең негізгі аспектісі болып табылады. Ірі ұйымдарда еңбек ресурстарын басқарудың нақты жауапкершілігі әдетте кәсіби дайындықтан өткен кадрлар бөлімі жұмысшыларына жүктеледі. Ұйымның мақсатын жүзеге асыруда мамандар белсенділік таныту үшін оларға өзінің облысы саласында құзыреті мен білімімен қоса төменгі сатыдағы басшылардың қажеттіліктерінен хабардар болуы керек. Сонымен қоса егер төменгі саты басшылары еңбек ресурстарын басқару ерекшелігін, оның механизмін, мүмкіндіктері мен кемшіліктерін білмесе, онда олар маман-кадрлардың қызметтерін толықтай пайдалана алмайды. Сондықтан да барлық басшылар адамдарды басқарудың әдіс-тәсілдерін біліп қана қоймай түсіну керек.

Жоғарыдағыларды қорытындылай келе еңбек ресурстарын басқаруды келесі кезеңдерге жіктейік:

1. Ресурстарды жоспарлау;
2. Персоналды таңдау
3. Саралау;
4. Еңбек ақыны тағайындау және жеңілдіктер;
5. Үгіт-насихат және бейімделу;
6. Оқыту;
7. Еңбек қабілетін бағалау;
8. Жоғарылату, төмендету, ауыстыру, немесе жұмыстан шығару;
9. Жетекші кадрларды дайындау және қызмет бабындағы қозғалыстарды басқару.

Нарықтық экономикасы дамыған қандай ел де болсын еңбек ресурстары кәсіпорындардың ең қажетті бөлігі болып саналады. Әр мемлекетте және оның қандай саладағы кәсіпорыны болмасын барлығы бірқатар шарттарға тәуелді болып келеді.

Осындай шарттарға кәсіпорын кадрлары, еңбек және еңбекті төлеу жатады. Кадрлар қоғамдағы өндірістік күштің ең бағалы және қажетті бөлігі. Өндірістің тиімділігі жұмысшылардың квалификациясына тәуелді, олар өндірілген өнімнің көлемі мен өсу қарқынына, материалдық-техникалық заттардың тиімді пайдаланылуына әсер етеді.

Сонымен жұмыс күшін қалай тиімді пайдалануға болады? Бұл сұрақтың жауабы кадрлар саясатының түп негізінде жатыр. Еңбек күшін пайдалану тиімділігіне әсер ететін ең бірінші сонымен қатар маңызды фактор ол - төлем жүйесі. Табыс көзі жұмысшы қажеттілігін қанағаттандыруы тиіс. Егер жұмысшы толығымен қанағаттанбаса әрине, нәтижелі жұмыс істелмейді, еңбек өнімділігі болмайды. Барлығы адамға, оның біліктілігіне, біліміне және жұмыс істеу мүддесіне тәуелді.

Қорыта айтсақ, еңбек ресурстарын басқару жүйесі әрдайым дамып, жетілдіріліп отыруы тиіс. Басқарудың функциялары, әдістері мен ұйымдастырылуы өндірістік күштердің өсуімен, экономика масштабының және мақсаттарының күрделенуімен өзгеріп тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. А.: Жеті жарғы, 2002 ж.
2. Баяев В.Р. и др. Рынок капитала, земельных и трудовых ресурсов. // Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий. 1997 год. № 3
3. Никифорова А.А. Рынок труда: занятость и безработица. Москва: Международные отношения. 1991 год.
4. Новицкий А.Г. Население и трудовые ресурсы. Справочник. Москва: Мысль. 1991 год.
5. Машкунов В.И. Трудовые ресурсы: проблемы и решения. А.: Знание 1988



УДК 336.74

Жәнібекова Ж.К.,
«Қаржы» мамандығы 1/1 магистры
ҚазЭҚХСУ, Астана қ.

БАНКТІК РЕСУРСТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ДАМУЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ОТАНДЫҚ АҚША-НЕСИЕ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУІНЕ ЫҚПАЛЫ

Түйін

Бұл мақалада банктік ресурстардың теориялық дамуы мен олардың қазіргі отандық ақша-несие жүйесінің қызмет етуін жетілдіру тиімділігін арттыру бағыттарын қалыптастырудың күрделі мәселелерін шешу, ақпараттар сапасына қойылатын басты талаптарды анықтау мен тиімді пайдалану қарастырылған.

Кілт сөздер: Қазақстан Республикасы, Коммерциялық банктер, банктік ресурстар, қаржыландыру, ақша, несие, пайыз, инвестиция, экономика.

XX ғ. басына таман батыс экономикалық пікірлердің немесе неоклассикалық ұдайы өндірістің теорияларының құрамдас бөлшегі ретінде ақшаның сандық теориясы үстемдік етті. Ең көп таралған нұсқаларына трансакциондық және кембридждік нұсқалары жатты.

Трансакциондық нұсқасын (ағылшынша, transaction – мәміле), американ экономисті И.Фишер жасады. Оның нұсқасы мынадай «айырбас теңдеуімен» көрсетіледі:

$$MY = PQ (1)$$

мұндағы,
M – айналыстағы ақшаның саны;
Y - ақшаның айналыс жылдамдығы;
P - тауарлардың орташа бағасы;
Q - сатылған тауарлардың саны.

Ақшаның сандық теориясын жасауда И. Фишер аталған теңдеуді пайдалану барысында бірқатар кемшіліктер жіберді. Ол Y- ақшаның айналыс жылдамдығы мен Q – сатылған тауарлар көлемі қысқа мерзім ішінде өзгеріссіз қалады, немесе ақшаның айналыс жылдамдығы ұзақ мерзімді факторлармен анықталады, ал өндіріс көлемі де өспеуі мүмкін, себебі неоклассикалық көзқарас бойынша ресурстардың барлығы толық өндірісте қамтылады деген пікір білдірді.

Кейінен Y мен Q талдаудан алып тастап, M – ақшаның саны мен P- тауардың бағасы арасындағы байланысты ғана ақшаның сандық теориясының негізіне жатқызылды.

Ақшаның сандық теориясының Кембриджік нұсқасы А. Маршал, А Пигу, Д.Робертсон сияқты ағылшын экономистерінің еңбектерінде көрініс тапты. Олардың өздерінің нұсқаларының негізіне ақшаның санын емес, шаруашылық субъектілердегі олардың қорлануын жатқызды.

Кембриджік нұсқаның негізгі қағидаты мына формуламен бейнеленеді:

$$M = kPQ \quad (2)$$

мұндағы,
M – ақшаның саны;
Y - ақшаның айналыс жылдамдығы;
P - баға деңгейі;
Q - ақырғы өнімге жататын тауарлардың заттай көлемі;
k - ақша нысанында сақталатын жылдық табыстың бір бөлігі.

Кембриджік нұсқа өзінің мәні жағынан айырбас теңдеуіне ұқсас болып табылады. Себебі, k - шамасы ақшаның айналыс жылдамдығына кері шама ($k = 1/Y$). Екі нұсқаның бір бірінен айырмашылығы мынада, егер И.Фишер ақша айналысының жылдамдығының айналымның факторларының өзгеріссіздігімен байланыстырса, ал ағылшын экономистері оны психологиямен, яғни айналымға қатысушылардың әдеттерімен байланыстырады. Бірақ екі нұсқаның қорытынды пікірлері бірдей, ақшаның санының өзгерісі бұл бағаның өзгерісінің салдары еместігін көрсетеді [1].

К.Маркс ақшаның сандық теориясының өкілдерінің мынандай кемшіліктерін атап көрсетті, олардың ойынша айналысқа тауарлар бағасыз, ал ақшалар болса құнсыз түседі де кейіннен осы үдерісте тауарлардың бір бөлігі тиісінше ақшалардың бір бөлігіне айырбасталады дегендігін теріске шығарады.

20-30 жылдары ақшаның сандық теориясының тұрақсыздығы белгілі болады, сөйтіп олардың өкілдерінің ойынша ақшаның айналыс жылдамдығының өзгеріссіз болады деген пікірлері орындалмай, керісінше ақшаның айналыс жылдамдығы күрт өзгере бастайды. Сонымен қатар, 1929-1933 жж. дағдарыста олардың ресурстардың барынша пайдаланылатыны туралы пікірлерінің қатесін шығарады. Тағы бір айта кететіні аталған теория баға белгілеу тәжірибесіне монополиялық бірлестіктерінің ықпалын ескермейді. Ондай үдерісті айналыстағы ақшаның санының өзгерісінің нәтижесі деп санайды. Мұның барлығы аталған тұжырымдардың құлдырауына себеп болады.

Бірақ 1960-1980 жж. ақшаның сандық теориясы саяси экономиядағы неоклассикалық ағымдардың бірі – монетаризм түрінде қайта туындады.

Ақшаның мұндай теориясына сәйкес ақшаның саны шаруашылық конъюнктурадағы негізгі фактор болып табылады, себебі айналыстағы ақша массасы мен жалпы ұлттық өнім шамасы арасында тікелей байланыс болады.

Монетаристік теория 50 жылдардың ортасында АҚШ-та «Чикаго мектебі» ретінде қалыптасып, оның негізін қалаушы М.Фридмен болды. Оның ойынша кездейсоқ тауарлы шаруашылық нарықтық бәсеке механизмдері мен баға белгілеудің іс-әрекетіне негізделген ерекше ішкі тұрақтылыққа байланысты. Бұл теорияның жақтаушылары шаруашылық үдерістерге мемлекеттің араласуының қажеттігі туралы кейінгі тұжырымдардың қарсыластары болып табылады. Олар кейіншілердің ұсынған сұранысты ынталандыруға байланысты мемлекеттік шаралардың тек қана экономика жағдайын жақсартып қоймай, сонымен бірге жаңа диспропорциялары және дағдарыстарды туындататынын айтады.

Монетаризм 70 жылдары үкіметтік ұйымдардың оны стагфляциямен күресте пайдаланғандықтан кеңінен тарайды және ол экономиканы ақша-несиелік реттеудің мемлекеттік бағдарламаларының теориялық негізіне айналады.

Монетаризмнің бірнеше бағыттары мен өкілдері (К.Бруннер, А.Мельцер, Д.Лейдлер және т.б.) болғанымен де М.Фридменнің мынадай тұжырымдары кеңінен тарайды:

- ақшаның сандық теориясы бойынша айналыстағы ақша саны мен тауар бағаларының деңгейі арасындағы себепті байланысты негіздейді;
- өнеркәсіптік айналымдардың монетарлық теориясы бойынша шаруашылық конъюнктурадағы ауытқулар ақша жиынындағы алдыңғы болған өзгерістермен анықталады;
- өндірістің нақты факторларына ақшаның айрықша ықпалы пайыз нормасы арқылы болатыны, ал мұны кейінгі тауарлар бағаларының деңгейі арқылы деп көрсеткен;
- ақша көрсеткіштері мен өндірістің нақты факторларының өзгерістердің арасындағы шығындардың өзгерістерінің болуына байланысты экономикалық реттеудегі мемлекеттік шаралардың тиімсіздігі туралы пікірлері;
- «монетарлық ережесіне» (немесе k –пайыздар ережесіне) сәйкес шаруашылық жағдайына, өнеркәсіп айналымдарының фазасына тәуелсіз айналыстағы ақша жиынының жылына бірнеше пайызға дейін автоматты түрде өсетіні;
- сыртқы экономикалық теңдікті «өзін - өзі реттеуге» арналған өзгермелі валюталық бағамдар жүйесі.

Ұлыбритания, АҚШ, Германия және өзге мемлекеттердің үкіметтерінің монетаристік идеяларды тәжірибеде қолдануы инфляциялық үдерістерді тежелуіне ықпал еткенімен, экономикадағы дағдарыстық құбылыстардың дамуына жол беріп, осы елдерде жұмыссыздықтың өсуін ынталандыра түсті.

Қазіргі кезде Қазақстан да осы монетаристік тұжырымдар пайдаланушы елдердің қатарына жатады. Бізде де ондай идеяларды экономиканы ақша-несиелік реттеу барысында қолданып отыр.

Сондықтан, ақша айналысы және оның заңына тоқтала кету жөн деген пікірдеміз.

Ақша айналысы – шаруашылықтағы тауарларды өткізуге, сондай-ақ тауарлы емес төлемдерді және есеп айырысуларды жүзеге асыруға қызмет ететін қолма-қол және қолма-қолсыз ақша формаларындағы ақшалардың қозғалысы. Ақша айналысының объективтік негізіне де тауар өндірісі жатады. Тауар өндірісі тұсында тауарлар әлемі: тауар және ақшаға бөліне отырып, олардың арасында өзара қарама-қайшылықтар туады. Қоғамдық еңбек бөлінісінің тереңдеуіне және жалпы ұлттық және дүниежүзілік нарықтардың қалыптасуымен байланысты капитализм тұсында ақша айналысы да әрі қарай дами түседі. Сонымен ақша, капитал айналымына қызмет ете отырып, барлық жиынтық қоғамдық өнім айналысы мен айырбасына дәнекер болады. Ақшаның қолма-қол және қолма-қолсыз формаларының көмегімен тауарлар айналысы, сондай-ақ ссудалық және жалған

капиталдың қозғалысы жүзеге асырылады. Ақша айналысының құрылымына қолма-қол ақшалар айналысы мен қолма-қолсыз ақшалар айналысы кіреді [2].

Қолма-қол ақшалар айналысы – бұл нақты ақшалар қозғалысын білдіреді. Оған банкноталар, монеталар және қағаз ақшалар (қазыналық билеттер) қызмет етеді. Дамыған елдерде нақты ақшалар айналысының едәуір бөлігін орталық банктерден шығарылған банктік билеттер құрайды. Ақша шығарудың кішкене бөлігі (10%-ға жуығы) қазыналық билеттерді шығарушы қазынашылықтың үлесіне тиеді.

Қолма-қолсыз ақшалар айналысы – қолма-қолсыз ақшалар айналымының ақшаларының қозғалысы.

Мұндағы, қолма-қолсыз ақшалар - чектер, пластикалық карточкалар, электрондық аударымдар көмегімен пайдаланылатын клиенттердің шоттардағы сақтаған ақшалары (депозиттері) [3].

Қолма-қол ақша мен қолма-қолсыз ақшалар арасында тығыз байланыс пен өзара тәуелділік бар. Ол ақшаның үнемі бір айналыс сферасынан екінші біріне өтіп отыруынан байқалады. Айталық, қолма-қол ақшалардың банктегі депозитке салынуы, олардың қолма-қолсыз ақшаға айналуын білдірсе, ал, банктен жалақы, жәрдемақы, стипендия, зейнетақы және т.с.с. төлеу үшін ақша алған жағдайларда қолма-қолсыз ақшалар қолма-қол ақшаларға ауысуы байқалады. Құн заңы және оның айналыс аясында пайда болу формасы, яғни ақша айналысының заңы тауар-ақша қатынастары қалыптасқан барлық қоғамдық формацияға тән болып келеді. Құн формаларының дамуына талдау жасай отырып, К. Маркс ақша айналысының заңын ашқан болатын. Оның пікірінше, ақша айналысының заңының мәні ақшаның айналыс қызметін атқаруға қажетті ақша саны, сатылатын тауарлар бағасы ақша айналысының жылдамдығына қатынасын білдіреді. Ақша айналысының заңы айналыстағы жүрген тауарлар массасы мен олардың бағасының деңгейі мен ақша айналысының жылдамдығы арасындағы экономикалық тәуелділікті бейнелейді.

Ақша айналысының заңы – тауарлар айналысы үшін қажетті ақшалардың санын (Ата) анықтайды.

Тауарлардың бағаларының сомасы

Ата = _____ (3)

Ақша айналымының саны

Бұл жерде бір айта кететіні, ақшаның төлем құралы қызметін атқаруымен байланысты бұл формула да нақтылануды талап етуде.

Айналысқа қажетті ақша санын мынадай формуламен бейнелеуге болады:

Стб - Нтб + Мтс - Өтс

Ақ = _____ (4)

Аос

мұнда,

Ақ - айналысқа қажетті ақша саны;

Стб – сатылатын тауарлар бағасының сомасы;

Нтб – несиеге сатылған тауарлар бағаларының сомасы;

Мтс - міндеттемелер бойынша төлемдер сомасы;

Өтс - өзара өтелетін төлемдер сомасы;

Аос – айналыс және төлем құралы ретіндегі ақша айналымының орташа саны.

Осындай жағдайларды, айналысқа қажетті ақша санына өндірістің дамуының шарттарына тәуелді болып келетін, әр алуан факторлар ықпал етеді. Оның біріне айналыстағы тауарлар санының өзгерісі жатады. Сондай-ақ шаруашылықтағы ақшаға

деген қажеттілік тауарлар және көрсетілетін қызметтер бағаларының деңгейіне байланысты да анықталады [4].

Айналысқа қажетті ақша санына мыналар кері ықпал етеді:

- несиенің даму дәрежесі, себебі, қаншалықты тауарлардың басым бөлігі несиеге сатылса, соғұрлым айналысқа аз мөлшерде ақша қажет етіледі;
- қолма-қолсыз есеп айырысудың дамуы;
- ақша айналысының жылдамдығы.

Металл ақша айналысы тұсында айналыстағы ақша саны ақшаның қазына жинау құралы қызметінің көмегімен реттеліп отырды. Егер ақшаға деген қажеттілік қысқарса, онда айналыстағы артық ақша (алтын монета) айналыста қазынаға кетіп, ал егер ақшаға деген қажеттілік ұлғайса, онда айналысқа қажетті мөлшердегі ақша қазынадан айналысқа шығырылып отырады.

Егер де айналысқа алтынға ауыстырылмайтын банкноттар немесе қағаз ақшалар (қазыналық билеттер) қызмет етсе, онда бұл жағдайда, қолма-қол ақшалар айналысы қағаз ақша айналысының заңына сәйкес жүргізіледі [5].

Ақша айналысын қолдап отыру шарттары мен заңдары келесідей екі фактордың өзара әрекет етуімен анықталады: шаруашылықтағы ақшаға деген қажеттілік және айналымға ақшалардың нақты түсуімен. Егер де айналымдағы ақша көлемі, шаруашылыққа қажетті ақшадан артық болса, онда ақшаның құнсыздануына, яғни ақша бірлігінің сатып алу қабілетінің төмендеуіне, яғни инфляцияға жол береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Исаков У.М. Финансовые рынки и посредники – Алматы – 2005. – б. 57-68;
- 2 Пещанская И.В. Краткосрочный кредит – М. 2013. – б. 101-107;
- 3 Мақыш С.Б. Коммерциялық банктер операциялары – Алматы – 2002. – б. 112-119;
- 4 Умарова Д.М. Возникновение и распознавание кризисов. Вестник Каз НУ, серия экономическая. – 2005. – №1. – б. 67;
- 5 <http://kaz.kkb.kz>



УДК 004.422

Жоламанова Г.А.
6M070300 – Информационные системы
А.Б. Барлыбаев, PhD

SAAS ЖОБАЛАРДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖОБАЛАУ КЕЗІНДЕГІ ТАЛАПТАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Түйін

Мақалада *Cloud Computing* (бұлттық есептеулер) және *SaaS* (англ. *Software-as-a-Service*) технологиялар атауының ұғымы, негізгі қолданылу ортасы, провайдерлері, артықшылығы мен кемшіліктері қарастырылады. Деректерді Интернетте бұлттарда сақтау технологиясы көрсетілген: құжаттар, фотосуреттер, бейнежазбалар және т.б.

Түйінді сөздер: Бұлттық есептеулер, бұлтты технологиялар, бұлттық сервис, бұлтты.

Бұлттық есептеу (ағыл. *cloud computing*) қажетті конфигурацияланған есептегіш ресурстарға (мысалы, мәлімет өткізетін желілерге, серверлерге, ақпарат сақтау құрылғыларына т.б., барлығына бірдей немесе бөлек-бөлек) қай жерде болмасын, әрі

ыңғайлы қол жеткізуді (access) қамтамасыз ету моделі. Бұлттық есептеу технологиясы бойынша қажетті ІТ ресурстарды төменгі эксплуатациялық шығындармен қолдануға мүмкіндік береді [1].

Бұлттық есептеулер - компьютер ресурстары және қуаты интернет-сервис сияқты қолданушыға жеткізіліп берілетін мәліметтерді өңдеу болып табылады.

Бұлттық есептеулерді қарапайым сөзбен былай түсіндіруге болады: тұтынушы өз компьютеріндегі белгілі бір программаны іске қосқанда негізгі есептеулер мен ондағы дереккөздер ғаламтордағы шалғай серверлерде орындалып, сол жерде сақталады да, ал жұмыс нәтижесі жаңағы тұтынушының компьютерінде. Ол сіздің үйде жылдар бойы жиналған фотосуреттер мен видеожазбаларды электронды түрде жүздеген жылдар бойы сақтап тұра алады. Файл сақтайтын ақпарат тасымалдағыш құралдың қажеттілігі болмай қалады. Интернеттегі мұрағатқа салған мәліметтеріңіз әлемнің кез келген бұрышынан қолжетімді болады.

Cloud computing-ті жүзеге асыратын серверлерді «есептегіш бұлттар» деп атайды. Бұлтты технологияның ерекшелігі, тұтынушы өз компьютерінің ресурстарын емес, өзіне интернет-қызметі ретінде берілген шалғайдағы мықты серверлердің ресурстарын пайдалануында. Сол арқылы ол өз дереккөздерімен жұмыс істеуіне толық мүмкіндік алады. Бірақ сол дереккөздер орналасқан операциялық жүйеге, бағдарламалар базасына, есептегіш серверлердің жұмысына еш кедергі келтіре алмайды.

Интеллект теориясы бойынша әйгілі болған Джон Мак Карти ұсынған болатын. Ол болашақта есептеулер коммуналдық қызметпен ақылы түрде ұсынылатын болатындығын болжап кеткен. 1993 жылы «бұлт» термині алғаш рет коммерциялық мақсатта үлкен ірі желілерді сипаттау мақсатында қолданылды. Ол өзіне жылдамдығы аса жоғары бір мезетте трафик арқылы қызметтің барлық түрін (бейне, дауыс және мәліметтер) жібере алатын, желіде өзара байланысқа түсетін каналдар жиынтығын білдіруші еді. Ол желілерде жіберуші мен қабылдаушы арасында мәліметтерді жіберуді жеңілдететін бір мезеттік виртуалды байланыс пайда болды.

Бұл идея 1960 жылдардың соңында танымал бола бастады, бірақ 1970 жылдардың ортасына қарай өз күшін жоғалтты десе де болады, себебі ол кезде аппараттық, программалық және коммуникациялық технологиялар мұндай қызметтерге әлі дайын болмады. Соған қарамастан 2000 жылдан бастаап бұл идея қайта жанданды. Бұлтты есептеулер идеологиясы байланыс каналының дамуы мен бизнесте, өз ақпараттық жүйелерінің горизонтальды масштабталуы болған жеке қолданушыларда қолданылуы геометриялық прогрессия бойынша өсуі арқасында 2007 жылы атақтылығы арта түсті.

Кейін «бұлтты есептеу» анықтамасын әр түрлі компаниялар қолдана бастады, мысалы Google. Ерекше мысал ретінде браузер арқылы офистік документтермен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін Google Docs қызметін атап өтуге болады.

XXI ғасырдың басында «бұлттық есептеулер» термині жаңадан шыққан SaaS (англ. Software-as-a-Service) - бағдарламалық қамтама қызмет ретінде бағытта келісімді түрде қолдана бастады. Алғаш қолданушы ретінде Amazon интернет-дүкені көзге түсті.

Бұлттық технологиялардың негізгі провайдер:

- azure.com - Azure Services;
- aws.amazon.com - Amazon Web Services;
- appengine.google.com - Google Apps Engine;
- Salesforce.com - SaaS и PaaS.

Осылайша өзінің дата-орталықтарын Open Sourceқа аудару жолымен сол кездегі дотком дағдарысынан тез арада құтылды. Кәсіпорынның 90% серверлері Red Hat Linux басқару жүйесінде Stronghold веб-сервер бағдарламасымен және Apache-дің жинақы нұсқасымен жұмыс істесе, ал темірін Intel мен HP чипсет негізіндегі серверлер моделімен ауыстырылды. 2002 жылы Amazonның веб-сервері жарық көрді. Оны бес жыл өткен соң «бұлт» деп атап кетті. Яғни, алыстатылған серверлерге кезкелген ғаламтор бар жерден браузер көмегімен қол жеткізе алатын сервистер жиынтығы.

Бірақ бұлтты технологияларды артықшылықтары және кемшіліктері бар.

Бұлтты есептеулердің артықшылықтардың ішінде:

- дербес компьютердің есептеу қуаты талаптарына төмендейді;
- қабылдамауға тұрақтылық;
- деректердің өңдеуінің жоғары жылдамдығы;
- аппаратты және бағдарламалық қамтамасыз етуге, қызметке және электроэнергияға

шығындарды азайту;

- кәсіпорынның ішкі бизнес-процестерін құжаттандыруды автоматтандыру;
- кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің арасындағы айқын өзара қарым-

қатынас;

- құжаттарды іздестіруге және редакциялауға жұмсалатын уақытты, еңбекті айтарлықтай азайту;

- қағазды үнемдеу, құжаттарды сақтауға және өңдеуге арналған шығыстарды азайту, почталық шығындарды қысқарту.

Бұлтты есептеулердің кемшіліктері:

- қауіпсіздік;
- бейіндік пайдаланушы үшін шектеулі қол жетімділігі;
- ақпараттық-білімділік шынайылық және кәсіби ортада пайдалану тиімсіздігі;
- ресурстық мәліметтерді көшіруден болатын ақпараттардың үлкен көлемі [2].

Бұлттық сервис ерекше қолданушы-серверлік технология – желідегі серверлердің тобын, соның ішінде процессорлық уақытты, жедел жадыны, диск сияқты кеңістікті, торлық арналарды, мамандандырылған контроллерлерді, бағдарламалық қамтамасыз етуді клиенттің қолдануы болып табылады, яғни қолданушы үшін барлық топ біртұтас виртуалды сервер сияқты көрінеді және де қолданушы тұтынылатын ресурстардың көлемін өз қажеттілігіне қарай өзгерте алады. Сондай-ақ, төлемақы арқылы белгілі бір өзгертулермен сервер қуатын жоғарлатып немесе төмендете алады.

Бұлттық технология тұтынушылары өздерінің ақпараттық инфрақұрылына жұмсайтын шығындарын азайта отырып, есептегіш қажеттіліктерінің өзгеруіне иілімді есептеу (elastic computing) арқасында шапшаң жауап бере алады.

Бұлтты технология тұтынушыға ғаламтор арқылы онлайн жағдайында деректерді өңдеуде мүмкіндік береді. Бұлтты технология дегеніміз – қызмет көрсететін әрүрлі ұғымдардан тұратын үлкен тұжырымдама. Мысалы, программалық жасақтама, инфрақұрылым, платформа, деректер, жұмыс орны және т.б. Бұлтты технологияның басты функциясы қолданушының ғаламтор арқылы деректерін өңдеу қажеттілігін толық қамтамасыз етуге жағдай туғызу.

Бұлтты технологияны пайдаланудың тиімді жақтары:

- үлкен ресурстарды қажет ететін қиын есептерді шешу үшін тұтынушы өзінде жоқ көптеген серверлерді, программаларды бұлттар тарапынан пайдалана алады;

- тұтынушы кез келген жерден, кез келген уақытта ғаламторға қосылған кез келген компьютерлік құрылғымен өз дереккөздерімен жұмыс істей алады;

- тұтынушы компьютерлік құрылғының осалдығына немесе оның сынып, бұзылуына немесе жұмыс істейтін программаның тоқтап, бұзылып қалуына тәуелді болмайды;

- тұтынушы өз дерек көздерімен басқа адамдармен еш қиындықсыз бөлісіп, сол дереккөздерімен олармен бірге қосылып жұмыс істей алады;

- жеке компьютердегі бағдарламалармен салыстырғанда бұлттық қызметтер көбінесе тегін, немесе бағалары айлық жарнақы ретінде өте арзан келеді;

- кейбір жобаларды «бұлтқа шығарудың» әсіресе ірі компанияларға тиімді болатын жағы – аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етулерді администрациялауға, қолдауға, жаңартуға, лицензиялауға кететін шығындарды үнемдеуде болып табылады;

- сонымен қоса сол бағдарламаларды жүргізетін білікті мамандар тапшылығы мәселесін сол жобаны «бұлтқа шығару» арқылы шеше алады.

Елімізде бұлтты-сервистер пайда болып, оны электронды құжат айналымы

бағытында қолдана бастадық. 2013 жылдың жазынан бастап «Қазақтелеком» АҚ Microsoft Hosted Exchange және Microsoft Hosted SharePoint бұлтты сервистері қолжетімді болды. Сондай-ақ, MyCloud жобасының бірнеше сервистері бар. Дата орталықтардың бірі ретінде «Қазақтелеком» АҚ мен Hewlett–Packard компаниясының бірлескен жобасы болып саналатын ТМД– дағы ірі инновациялық қызмет көрсететін мәліметтер өңдеу орталығын айта аламыз. Мәліметтер өңдеу орталығы тәжірибелік–өнеркәсіптік пайдаланудан өтуде. Оның базасында хостинг қызметі, сондай-ақ бұлттық есептеу, бұлттық жүйенің мәліметтерін сақтау, мәліметтерді өңдеу виртуалды резервтік орталығы, бизнес үшін бағдарламалық қамтамасыз ету, интерактивтік қарым– қатынас жасау және ақпарат алмасу жүйесі, бұлттық серверлік платформа тұжырымдамасы негізінде жасалынған сервистер ұсынылады.

Бұлтты технологияны пайдаланатын мемлекеттері көп. IDC (International Data Corporation) ұйымының зерттеуі бойынша Батыс Еуропаның көптеген мемлекеттері, яғни 1/3 бұлтты есептеулерге шығынды 25 пайызға ұлғайтпақшы. IDC сарапшыларының айтуы бойынша Батыс Еуропада cloud computing қолданылуы төмен, алайда 2014 жылға дейін бұл көрсеткіш 300 пайызға көтеріледі [3].

2011 жылдың ақпан айында Forrester Research аналитикалы серіктестігі 2020 жылға дейінгі бұлтты есептеулердің нарықта дамуы жайлы тұжырымын айтты. Есеп берудегі мәліметтер бойынша 2020 жылда бұлтты нарық көлемі \$160 млрд болады.

Бұлтты есептеулердің маңызы және болашақта көп қолданылатыны жайлы көптеген компания сарапшылары қарастырған. Мысалға келтіретін болсақ: Parallels ұйымы, Gartner, Edge Strategies, Microsoft, Forrester Research, Cisco, IHS iSuppli және тағы басқа да үлкен компаниялар.

Дүние жүзілік нарықта бұлтты технологиялар нарығында көсбасшы компаниялар АҚШта: IBM, Microsoft, Google, HP, AT&T.

Францияда: Atos, Cap Gemini, Steria, Orange SFR.

Cиссоның тұжырымы бойынша (Cisco Global Cloud Index (2010 – 2015ж.) 2015 жылға «бұлтты» трафик көлемі 12 есеге өседі, 130 эксабайттан 1,6 зеттабайтқа дейін, ал оның орташа жылдық өсуі 66 пайыз болып отырады деді.

Бір зеттабайт ол бір секстиллион байтқа немесе бір триллион гигабайтқа тең. Яғни 1,6 зеттабайт ол:

- 22 триллион сағатағымдағы музыка;
- 5 триллион сағатіскерлік веб-камерамен веб-конференциялар;
- 1,6 триллион сағат жоғары рұқсатты онлайн видеоағындар (HD).

«Бұлтты» трафик Деректерді өңдеу орталығының (ДӨО) үштен бірін құрайтын болады. Дүние жүзілік «бұлтты» трафигі дүние жүзілік ДӨО трафигімен салыстырғанда екі есе тез өседі.

Біздің әлеуметтік желіде сақталатын фотосуреттеріміз бен бейне жазбаларымыз осындай технологияның негізінде мүмкін болып тұр.

Бірыңғай білім беру ортасын құру үшін SMART-білім берудің жетекші құралы ретінде бұлтты технологияларды пайдалануға деген қажеттілік артады. Бұлтты платформа құруға деген қажеттілік әсіресе сыни ойлану мен меңгеру үшін қажетті болатын арнайы білім беру ақпаратының контентін қалыптастыру кезінде көрініс береді.

Бұлтты технологиялар білімге географиялық және әлеуметтік кедергілерді жеңуге мүмкіндік береді, пайдаланушыларға білім беру, ғылыми ақпаратты неғұрлым мобильді және үнемді тәсілде жеткізеді.

Бұлтты ресурстарды пайдалану технологиялары мен әдістерін жетілдіру эксперименттік базаны күшейтуді, пайдалану тәжірибесі пен пікір алмасу қарқындылығын талап етеді.

Интернеттегі білім беру контенті – бұл электронды кітапханалар, журналдар, кітаптар, мәліметтер базасы немесе кез келген ақпарат көздері, және бүкіл әлемнің

пайдаланушылары осы ақпаратты пайдалана алады. Олардың фотосуреттер автоматты түрде жүктелетін опциясы бар (1-сурет).



1-сурет. Бұлтты ресурстардың түрі


Google Drive Gmail пошта қызметімен және Google+ әлеуметтік желісімен бір тізбекте жұмыс жасайды. Google Drive, Gmail және Google+ барлығы 15ГБ тегін ұсынады. Google Drive бізге ең алдымен бізге тек дисктік кеңістік қана емес, сонымен қатар кеңсе құжаттарын браузер терезесінде қарастыруға және редакциялауға мүмкіндік беретін Docs кеңсе қосымшаларының пакетін ұсынатындығымен қызықты. Бейнелер мен фотосуреттер емес, сапасы өте жоғары және көлемі қарай санау емес. Сондай-ақ, Android үшін өтініш, Android 6.0 Marshmallow бастап жаңа құрылғыға деректерді қалпына келтіру үшін оңай жасауға телефон, планшет немесе басқа гаджеттер параметрлерін синхрондау бастайды. Google Drive қол жетімді кеңістік есептеу кезінде Backup да назарға алынбайды.

Нәтижесінде, біз бұлтты сақтау бар, деңгейі әлі ешқандай бәсекелесі жеткен жоқ. Google Drive әсерлі болып табылады және оның дамуы уақытша тоқтатыла тұрмайды ерекшеліктері.

Dropbox – бұл дербес файлдарды бұлтты сақтау орындары. 2 ГБ диск кеңістігін тегін ұсынады. Осы жүйеге қосылатын сіздің құрылғыңыз интернет желісіне қосылғанда автоматты түрде бұлтты сервермен синхронданатын арнайы папка жасалады. Бұл жүйенің ерекшелігі соңғы 30 күн ішіндегі барлық өзгерістердің тарихы сақталатындығында, ол файлды бастапқы жағдайына келтіруге немесе өшірілген файлды қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді.


«Яндекс диск» 10 ГБ диск кеңістігін тегін ұсынады, ал одан кейінгі келесі 10 ГБ ақылы түрде болады. Яндекс диск Яндекс пошта қызметімен ықпалдасады, бұл осы аккаунттан «ауыр» жұмсалымдағы хаттарды жіберуге мүмкіндік береді – олар «Бұлтта» сақталатын болады.

Ең танымал бірнеше сақтау орындарын қарастыруды ұсынамын. «Mail.ru бұлтты» Mail пошта қызметімен және «Мой мир» әлеуметтік желісімен бір тізбекте жұмыс жасайды. «Mail бұлттында» 25 Гбайт тегін ұсынылады. «Mail бұлтты» ең алдымен бізге тек дисктік кеңістік қана емес, сонымен қатар кеңсе құжаттарын браузер терезесінде қарастыруға және редакциялауға мүмкіндік беретін Docs кеңсе қосымшаларының пакетін ұсынатындығымен қызықты. Оның негізгі терезесі 2-ші сурете көрсетілген.



2-сурет. Mail.ru бұлтың түрі

Одан кейін бағдарламаны компьютерге орналастырамыз (3-сурет).



3-сурет. Mail.ru бұлтың бағдарламасы

Сонымен, бұлтты технологияны пайдаланудың қазіргі жағдайда өте тиімді. Үлкен ресурстарды қажет ететін қиын есептерді шешу үшін тұтынушы өзінде жоқ көптеген серверлерді, программаларды бұлттар тарапынан пайдалана алады. Тұтынушы кез келген жерден, кез келген уақытта ғаламторға қосылған кез келген компьютерлік құрылғымен өз дерек көздерімен жұмыс істей алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Орландо Д. Модели сервисов облачных вычислений: программное обеспечение как сервис. 2012. URL: [http://www.ibm.com/ developerworks/ru/ library/cl-cloudservices3saas/](http://www.ibm.com/developerworks/ru/library/cl-cloudservices3saas/) (дата обращения: 29.05.2014).
2. Джордж Риз. Облачные вычисления. СПб.: БХВ-Петербург, 2011 г. 288 с.
3. Васильев В.Н., Князьков К.В., Чуров Т.Н., Насонов Д.А., Марьин С.В., Ковальчук С.В., Бухановский А.В. CLAVIRE: облачная платформа для обработки данных больших объемов // Информационно-измерительные и управляющие системы. 2012. Т. 10. № 11. С. 7–16.



Жолдыбай Л.Т.,
магистрант,
мамандығы «Экономика»
Ғылыми жетекші:
э.ғ.д. Әмірбекұлы Ержан
ҚазЭҚХСУ, Астана қ.

Мақалада қаржылық жоспарлау мен болжау түсініктеріне сипаттама берілген, қаржылық жоспарлау мен болжаудың объектілері, негізгі мәселелері қарастырылды. Сондай-ақ мақалада кәсіпорын қызметін жоспарлау мен болжамдаудағы негізгі мәселелер, оларды шешу бағыттары зерделенді.

Түйін сөздер: кәсіпорын қызметін жоспарлау, қаржылық болжау, қаржылық ресурстар, кәсіпорын экономикасы

Кәсіпорын қызметінің дұрыс жолға қойылуы көптеген факторларға байланысты болып табылады. Соның ішінде қаржылық жоспарлаудың дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуі үлкен рөл атқарады. Кәсіпорын өзінің қызметін көлеміне байланыссыз тұрақты, үздіксіз дамуын қамтамасыз ету үшін өзінің шығындары мен кірістерін жоспарлануының қажеттілігімен кез болады. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлануы - бұл кәсіпорынның дамуын қамтамасыз ету барысында шығындардың бағытталуы мен кірістерінің жоспарлануы болып табылады. Қаржылық жоспарлау түрлі мазмұнындағы қаржы жоспарларының құрылуы мен олардың жоспарлану объектілері мен міндеттеріне байланысты орындалады. Сонымен қатар, қаржылық жоспарлаудағы болжам кәсіпорын дамуының сандық және сапалық бағалау динамикасымен сондай-ақ оның келешек күйінің келешекті бағалау жағдайын анықтайды[1].

Жоспарлау - бұл сандық және сапалық мәнге негізделген мақсаттарды қабылдау мен өңдеу процесі, сонымен қатар, оларға тиімді жетудің жолдарын анықтау болып табылады. Қаржылық жоспарлаудың объектісі шаруашылық жүргізуші субъектілері мен кәсіпорынның қаржылық қызметі, ал қорытынды нәтижесі қаржы жоспарлары мен жеке мекеменің сметаларынан бастап мемлекеттің жиынтық қаржы жоспарына дейінгі қаржы жоспарларын жасау болып табылады. Әр бір жоспарда белгілі-бір мерзімде белгіленген кірістер мен шығыстар, қаржы және несие жүйелерінің буындары мен байланыстары анықталады. Қаржылық жоспарлаудың нақтылы міндеттері қаржы саясаттарымен айқындалады. Бұл: жоспарлы тапсырмаларды орындауға қажетті ақшаның көлемі мен олардың көздерін анықтау; кірістерді өсірудің, шығыстарды үнемдеудің резервтерін анықтау.

Қаржы жоспарлауы кезінде қаржы болжамдарын нақты қолдану үшін өндірістік және маркетингтік шешімдердің жасалуы аярамас бөлігі болып табылады.

Осылайша, кәсіпорын қызметін жоспарлау мекеменің өндірістік және маркетингтік жоспарларына тәуелді, кәсіпорын стратегияларына, миссияларына және мақсаттарына бағынады. Егер шынайы емес маркетингтік мақсаттар қойылса, егер қаржы жоспарлауының мақсаттары ұзақ мерзімді кезеңде табыс әкелмесе, қаржы жоспарлары қол жеткізілмейтін болады [2].

Қаржы жоспарлауының жалпы идеологиясы сурет 1 ұсынылған.



Сурет 1 - Кәсіпорынды жоспарлаудың кешенді сипаты

Қаржылық болжау кәсіпорынның мүмкін болатын қаржы жағдайын алдын ала көре білу, қаржы жоспарларының көрсеткіштерін негіздеу (дәлелдеу). Болжамдар орташа мерзімді (жыл) және ұзақ мерзімді (жылдан астам) болуы мүмкін. Қаржылық болжау қаржы жоспарларын жасау стадияларынан бұрын болады, қоғам дамуының белгілі бір кезеңіне арналған қаржы саясатының тұжырымын жасайды. Қаржылық болжаудың мақсаты болжанған кезеңдегі қаржы ресурстарының шынайы мүмкін болатын ауқымын, оларды қалыптастырудың көздерін және пайдалануды анықтау болып табылады. Болжамдар қаржы жүйесінің органдарына қаржы жүйесін (құрамын) дамыту мен жетілдірудің түрлі нұсқауларын, қаржы саясатын іске асырудың нысандары мен әдістерін белгілеуге мүмкіндік береді.

Қаржылық болжау әр түрлі әдістерді қолдануды қажет етеді:


- экономикалық процестерді анықтайтын факторларға қарай қаржы жоспарлары көрсеткіштерін динамикасын бейнелеп көрсететін экономикалық үлгілерді жасау;
- корреляциялық регрессиялық талдау;
- тікелей сараптамалық бағалау әдісі.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының кәсіпорындарындағы қаржылық жоспарлаудың көптеген мәселелері туындап отыр. Бұл мәселелерді шешу жолында кәсіпорынның қаржы-экономикалық тиімділігін жоғарлатуға бағытталған қаржылық жоспарлауды қайта ұйымдастырудың көптеген көзқарастары қарастырылады [3].

Кәсіпорындағы қаржылық жоспарлаумен байланысты туындайтын мәселелердің көп бөлігі маңызды болуына сәйкес екінші суретте бейнеленген.

Нақты айтқанда, кәсіпорынды тиімді басқару үшін міндетті түрде ұзақ мерзімге (жыл, тоқсан) жоспарланған қаржылық жоспарлау қажет. Жоспарлардың нақты түрде құрылмауы дебиторлық қарызды өтеу мерзімдерін төмендетумен, қаржыландыру қажеттіліктерінің өсірумен тығыз байланысты болады. Нәтижесінде, күшпен алынған тұрақсыз жоспарлар басқарудың нақты құралы болып саналмайды, себебі, жоспарды басқарудың құралы ретінде қолдану үшін айналым қаражаттарын ағымдағы әртүрлі баптар бойынша дұрыс бөлуді білу қажет. Бұл фактінің болдырудың себебі – қаржылық

жоспарлауға қатысатын бөлімдерінің келіспеушілігі.



Сурет 2. Кәсіпорындағы қаржылық жоспарлаумен байланысты туындайтын мәселелер

Екінші мәселенің бірі – жоспарларды құрудың оперативтілігі. Тіпті жақсы құрылған қаржылық жоспар қажетті болған мерзімінде тапсырылмайтын болса, онда оның қажеттілігі төмендейді. Сөйтіп, екінші аптаның соңында құрылатын айлық жоспар, өзінің тәжірибесінде күдіктенуді туғызады. Оперативтілігінің төмен болу себептері басқарушыларға мәлім, олар:

- бір бөлімнен екінші бөлімге жоспар ақпараттарын дайындау мен жіберу жүйесінің болмауы;
- жоспарларға қажетті келісім берудің ұзақ мерзімді процесі;
- ақпараттардың нақты болмауы және жетіспеушілігі.

Көптеген жағдайларда, қаржылық жоспарлауды құрудың процедуралары бөлімдердің арасында құжатсыз өзара қатынастарда, телефон шырылдауымен, стандартты емес құжаттармен және басқа да жағдайлармен байланысты құрылады [4].

Аталған екі мәселе үшінші бір мәселені тудырады – басқарушылар үшін жоспарлардың айқынды болуы. Қаржылық жоспарды басқаруда басқарушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында және барлық бөлімдері арқылы өтетін операцияларды жүргізу тәртібінің болмауы ұзақ мерзімді қаржылық жоспарларды қысқа мерзімді қаржылық жоспарларға сәйкес құрылуына кедергі жасайды. Себебі, әрбір бөлімнен басшыларға берілетін қысқа мерзімді жоспарларға, жалпы кәсіпорынның бір ұзақ қаржылық жоспарымен сәйкес келмейді. Қысқа мерзімді қаржылық жоспарлар өз заңдылықтарымен құрылады және олардың мақсаты – кәсіпорынның ақша қаражаттарының дефицитін басшылармен келісілген бағыттарға және жобаларға сәйкес құрастыру. Әрине бұл мәселені кәсіпорын басшылары болдыртпауға тырысады, бірақ көптеген кәсіпорындарын бұл өзекті мәселенің бірі болып қалып отыр.

Жоспарларды іске асыру мен құрама жоспарлар сияқты тағы екі мәселесін белгілеп өтейік. Жоспарларды іске асыру дегеніміз – оларды қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыздандыру, тапшылықтың болмауын түсінеміз. Қазақстан Республикасының тәжірибесінде қызмет етіп отырған кәсіпорындарының көбісінде 30-60 пайыз тапшылығы бар қаржылық жоспарлардың қолданылатындығын көрсетеді.

Ал құрама жоспарлар кірістер мен шығындар бойынша жоспарларын ұнататын қаржы бөлімдерінде, нақты түсімдер мен шығындардың жоспарын, қарыздың өзгеруі тураы жоспарының және жоспарлы балансының болуын қажет етеді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының көптеген кәсіпорындары үшін жылдық қаржылық жоспарды құруда қолданылатын негізгі көрсеткіштер болуы тиіс: сатудан түскен түсім, өнімнің

өзіндік құны және таза пайда.

Әрине бұл көрсеткіштер кез—келген кәсіпорынның қызметінде қолданылуы керек, бірақ, көптеген кәсіпорындарында мынадай басты қаржылық көрсеткіштер анықталмайды: меншікті капиталдың рентабельділігі, активтердің рентабельділігі, қаржылық тұрақтылығының қоры, компанияның экономикалық өсу қарқыны. Көптеген жағдайда, кәсіпорындарда баланс жоспары құрылмайды және кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы мен өтімділігінің өзгеріс динамикасы жүргізілмейді. Ұзақ мерзімді қаржылық жоспарлауда мұндай талдаудың жүргізілмеуі кәсіпорынды басқару құралының тиімділігін төмендетеді.

Қаржылық жоспар кәсіпорынды тиімді басқарудың құралы ретінде бола алады, егер кәсіпорынның қаржылық жұмысына оперативті түрде бақылау жүргізілетін болса. Ол үшін нақты ақпарат болуы керек.

Сонымен, нарықтық ортада қаржылық жоспарлау анағұрлым жоғары сапалық деңгейде жүзеге асырылады және ғылыми әдістерді, қазіргі заманғы техникалық құралдарды және берік ақпараттық базаны пайдалана отырып бұл процестің жүргізуге мүмкіндік беретін жаңа нысандармен және әдістермен молаяды.

Кәсіпорын әрқашанда жалпы нарықтың шағын бөлігі ғана болып саналатындықтан, ел экономикасын дәлірек болжамдар үшін дәл ақпаратты мүмкіндігінше көбірек алу қажет [5].

Егер кәсіпорынның дамуы нақты елдегі жалпы экономикалық дамуымен қатар өтуі міндетті болмаса, онда нарық көрсеткіші кәсіпорынды жоспарлаудың бастапқы деректері болып саналады. Кәсіпорын неғұрлым ірі болса, әдетте, жоспарлау, соғұрлым оңайырақ болады. Дегенмен, ірі кәсіпорындарға қарағанда, ұсақ кәсіпорындарда басшылар үшін кейбір факторлар едәуір айқынырақ болады.

Тағы бір атап көрсететін жайт, тұтастай экономикалық кейбір жағдайлары, мәселен экономикалық дағдарыстарды, ереуілдерді, т.б. жоспарлау тіптен мүмкін емес. Болашақтың даму барысын дәл болжаудың мүмкін болмайтындығы секілді, тұтастай нарық туралы, бірінші кезекте, бәсекелестер қызметіне тиісті маңызды деректерді күні бұрын алу мүмкін емес.

Демек, кәсіпорындағы кез келген болжамдар толық емес деректерге сүйенеді. Кәсіпорында болжам жасау үшін, қажетті ақпараттар толық болмағандықтан, ал кейбіреуі мүлдем белгісіз болғандықтан, кейбір деректер жетіпейтіндіктен, болжамдар сатысы көбіесе қызметкерлердің өз ісін қаншалықты жетік білетіндігіне байланысты.

Осыған орай, болжам жасаған кезде барлық көрсеткіштер толық пайдалануы, сонымен қоса болжам жасағанда өзгеріс енгізетіндігі ойластырылуы, ал болжамның өзі болжамның өзгеруіне қарай үйлестіріліп отыруы тиіс. Сондықтан да, болжамда резервтер ескеріледі. Алайда, резервтің көп болуы болжамның көптігіне нұқсан келтіреді, ал шамалы резервтер болжамды жиі-жиі өзгертуге мәжбүр етеді. Болжам көрсеткітерін ақтық басшының билігінде, оның орындалуын үйлестіру мен бақылау да соның игілігінде.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, келесі қорытындыларды жасауға болады:

Қазақстан кәсіпорындарындағы бюджеттеу жүйесі өзінің түпкілікті құрылу кезеңінен өткен жоқ. Ашып көрсету жоспарлау мен бақылаудың қолданылатын әдістерін сөзсіз біртіндеп нормаға келтіру болатын, басқару тиімділігінің өсу әлеуеті осы мәселелердің шешілуіне қазірден — ақ баса назар аударып отырған, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін нығайтудың басты факторына айналуына мүмкін. Халықаралық бәсекелестіктің және кәсіпорынның және оның біршама қуатты бәсекелестерінің қызметін жаһандандырудың өсуімен бірге жоспарлау — бақылау жүйесін жетілдірудің маңызы артады [6].

Қаржылық жоспарлауды жетілдірудің негізгі бағыттары:

— шығындарды оңтайландыру (мөлшерін және құрылымын бағалау, резервтерді айқындау, төмендету бойынша нұсқаулар және т.б.);

– табыстарды оңтайландыру (пайда мен салықтың арақатысы, пайданы бөлу және т.б.);

– кәсіпорынның активтерін қайта құрылымдау (ағымдағы активтердің орынды арақатысын таңдау және қамтамасыз ету);

– кәсіпорынның пассивтерін қайта құрылымдау (кредиторлық қарыздарды реттеу);

– кәсіпорынның қосымша табысын қамтамасыз ету (бейінсіз, іске асырылатын және қаржылық қызметтен, мүліктік кешенді қайта құрылымдау – мүліктің артық түрлерін, негізгі қорларды, ұзақ мерзімдік қаржылық салымдарды «тастау»);

– контрагенттермен есеп айырысуды жетілдіру (сату көлеміндегі ақша құраушыны арттыру).

Ал, бюджеттендіруді автоматтандыру бағдарламалары келесі міндеттерді орындайды:

- арнайы өнім негізінде қаражаттық ақпаратты біріктіріп сақтауды құру;

- бюджеттер мәліметтерін жинағын автоматтау және қорытынды есепті құрастыру;

- бюджеттеу процессінің регламенттерін автоматтандыру.

Осылайша, кәсіпорындарда бюджеттендіру жүйесін енгізу барлық құрылымдық бөлімшелердің іс-әрекетін аса анық үйлестіруге, қорларды ысырапшыл пайдалануға жол бермеуге, өндіріс шығындарын сауатты ескеруге, аса дұрыс және үйлестірілген шешімдер қабылдауға, нақты жоспарлау мен болжамдау жүйесін енгізуге мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Есенгельдин Б.С., Акбаев Е.Т. Қаржылық менеджмент: Оқулық. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. - 288

2. Ковалев В.В. «Практикум по анализу и финансовому менеджменту». М.: «Финансы и статистика» 2009 - 320 с.

3. Материалы I Международного конгресса молодых ученых и студентов «Мир Науки» / Под редакцией Е.Б.Жатканбаевой, Г.А.Садыхановой, - Алматы. 2012

4. Мухтарова Карлыгаш Сапаровна. Совершенствование механизма финансового планирования в РК // <http://www.group-global.org/>

5. Колчина Н.В. Финансовый менеджмент/ Н.В. Колчина, О.В. Португалова, Е.Ю. Макеева; под ред. Н.В. Колчаной. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2008. – 464 с.

6. Материалы I Международного конгресса молодых ученых и студентов «Мир Науки» / Под редакцией Е.Б.Жатканбаевой, Г.А.Садыхановой, - Алматы. 2012



УКД 336.11

Жумабеков Б.С.
магистрант 2 курса
специальности «Экономика»
Научный руководитель:
к.э.н., доцент Бактымбет С.С.,
КазУЭФимТ, г.Астана

МЕТОДЫ ФИНАНСОВОГО ПЛАНИРОВАНИЯ НА ПРЕДПРИЯТИИ

Аннотация

В современных условиях рыночных отношений возникает объективная необходимость финансового планирования. Без финансового планирования невозможно добиться настоящих результатов на рынке.

Ключевые слова: финансовое планирование, предприятие.

Планирование финансовых показателей осуществляется с помощью системы методов. Методы финансового планирования - это конкретные способы и приемы расчетов финансовых показателей организации.

В практике финансового планирования применяются следующие методы: методы экономического анализа, нормативный метод, метод многовариантности расчетов, балансовый метод и многие другие, которые рассматриваются ниже.

Метод экономического анализа позволяет оценить финансовое состояние предприятия, определить динамику финансовых показателей, тенденции их изменения, внутренние резервы увеличения финансовых ресурсов. Этот метод целесообразно применять в тех случаях, когда отсутствуют финансово-экономические нормативы, а выявленная в процессе анализа взаимосвязь показателей стабильна и сохранится в плановом периоде.

Нормативный метод используется для определения потребности в финансовых ресурсах на основе заранее установленных норм и технико-экономических нормативов, как законодательно установленных (ставки налогов и других обязательных платежей, нормы амортизационных отчислений и т.п.), так и разработанных непосредственно на предприятии и используемых для регулирования хозяйственно-финансовой деятельности.

Нормативный метод широко применяется в финансовом планировании. Например, при планировании себестоимости продукции используются нормы расходов сырья, материалов, топлива, расходов на оплату труда производственных работников и др.

Нормативный метод является самым простым методом. Исходя из норматива и величины базового показателя рассчитываются финансовые показатели.




Рисунок 1 - Нормативный метод планирования

Метод многовариантности расчетов состоит в том, что рассчитываются альтернативные варианты плановых показателей, чтобы выбрать из них оптимальный. При этом критериями выбора могут быть:

- минимальная величина стоимости вложенного капитала;
- максимальная величина прибыли;
- максимальная рентабельность активов и собственного капитала;
- повышение конкурентоспособности организации и др.

Использование балансового метода позволяет увязать между собой отдельные плановые показатели, например потребности организации в финансовых ресурсах с источниками их формирования.

В системе финансового планирования могут применяться методы балансовых расчетов (по формуле $O_0 + \Pi = P + O_1$) при разработке баланса доходов и расходов платежного календаря, планового баланса. При разработке финансовых планов могут также использоваться коэффициентный метод, метод экономико-математического моделирования.

Расчетно-аналитический метод состоит в том, что на основе анализа достигнутой величины финансового показателя, принимаемого за базу, и индексов его изменения в плановом периоде рассчитывается плановая величина этого показателя. Данный метод финансового планирования широко применяется в тех случаях, когда отсутствуют технико-экономические нормативы, а взаимосвязь между показателями может быть

установлена косвенно, на основе анализа их динамики и связей. В основе этого метода лежит экспертная оценка.




Рисунок 2 - Этапы расчетно-аналитического метода финансового планирования

Расчетно-аналитический метод широко применяется, например, при планировании суммы прибыли и доходов, определении величины отчислений от прибыли в фонд накопления, потребления и резервный фонд.

Расчет планируемой величины финансовых показателей можно отразить по формуле (1):

$$\Phi.п._{пл} = \Phi.п._{отч} \times I, \quad (1)$$

где:

$\Phi.п._{пл}$ - планируемая величина финансового показателя;

$\Phi.п._{отч}$ - отчетное значение финансового показателя;

I - индекс изменения финансового показателя.

Балансовый метод состоит в том, что путем построения балансов достигается увязка имеющихся в наличии финансовых ресурсов и фактической потребности в них.

Применение балансового метода призвано обеспечить сбалансированность доходов и поступлений с расходами и отчислениями, т.е. соответствие источников финансовых ресурсов и финансирования за счет них. Для рационального использования всех источников финансовых ресурсов организации необходима полная сбалансированность объемов финансирования каждого расхода на основе распределения каждого источника. Использование балансового метода в процессе финансового планирования определяет характер составления финансового плана. Процесс финансового планирования в организациях является итерационным, так как именно итерации и позволяют достичь компромисса между доходами и расходами. Итерационный характер процесса финансового планирования является одной из причин того, что этот процесс довольно трудоемкий и длительный по времени.

Балансовый метод применяется прежде всего при планировании распределения прибыли и других финансовых ресурсов, планировании потребности поступлений средств в финансовые фонды - фонд накопления, фонд потребления и др. Например, балансовая увязка по финансовым ресурсам имеет вид по формуле (2):

$$Он + П = Р + Ок, \quad (2)$$

$Он$ - остаток средств на начало периода;

$П$ - поступление средств;

$Р$ - расходование средств;

$Ок$ - остаток средств на конец периода.

Метод оптимизации финансовых плановых решений (или метод многовариантности) заключается в разработке нескольких вариантов финансовых плановых расчетов для выбора оптимального из них. При этом могут применяться разные критерии выбора:

- минимум затрат;
- максимум прибыли;
- минимум вложений капитала при наибольшей эффективности результата;
- минимум времени оборачиваемости оборотных средств;
- максимум дохода на рубль вложенного капитала;
- минимум финансовых потерь от финансовых рисков.




Рисунок 3 - Этапы оптимизации плановых решений

Метод экономико-математического моделирования при финансовом планировании позволяет найти количественное выражение взаимосвязей финансовых показателей и факторов, их определяющих. Эта связь выражается в экономико-математической модели. Она представляет собой математическое отображение финансового процесса, зависимость совокупности факторов, характеризующих структуру и закономерности данного финансового процесса. Они выражаются с помощью математических символов, уравнений, неравенств, таблиц, графиков и т.д. В модель включаются только основные (определяющие) факторы. Построение экономико-математической модели финансового показателя складывается из следующих этапов:

- изучение динамики финансового показателя за определенный отрезок времени и выявление факторов, влияющих на направление этой динамики и степени зависимости;
- расчет модели функциональной зависимости финансового показателя от основных факторов;
- разработка различных вариантов плановых значений финансового показателя;
- анализ и экспертная оценка перспективных значений финансового показателя;
- принятие финансового планового решения и выбор оптимального варианта.




Рисунок 4 - Этапы экономико-математического моделирования финансового плана

может строиться по функциональной или корреляционной связи. Функциональная связь выражается уравнением вида (3):

$$y = f(x_1, x_2, \dots, x_n), \quad (3)$$

y - планируемый финансовый показатель;

x_i - i -й фактор, $i = 1, 2, \dots, n$.

Сложившиеся подходы казахстанских предприятий к разработке финансовых планов, описанные выше, не позволяют эффективно и в полной мере решать задачи и достигать целей, определенных в финансовой стратегии развития предприятия. Финансовое планирование, как правило, оторвано от маркетинговых исследований и опирается на план производства, а не сбыта, что ведет к существенному отклонению фактических показателей от плановых. Процесс финансового планирования затянут во времени, при планировании преобладает затратный механизм ценообразования, отсутствует разделение затрат на постоянные и переменные, не используется понятие маржинальной прибыли, не проводится анализ безубыточности, не оценивается эффект операционного рычага и не рассчитывается запас финансовой прочности.

Таким образом, рыночная экономика требует качественно новых подходов к вопросам финансового планирования на предприятии. Многие проблемы внутрифирменного финансового планирования могут решаться посредством применения новых современных технологий планирования. Для организации наиболее эффективного финансового планирования в отечественной практике все чаще используется система бюджетирования.

Список использованной литературы

1. Бланк И.А. Основы финансового менеджмента. - Москва: Ника-Центр: Эльга, 2009.
2. В.В.Бурковский, В.Я.Кармазин, С.В.Каламбет. Финансы предприятий. - Днепропетровск: «Порош», 2008.
3. Бородина О.И. Финансы предприятий. - М.: ЮНИТИ, 2005.
4. Беркар Коласс. Управление финансовой деятельностью предприятия. - М.: Финансы, 2007.
5. Ковалева А.М. Финансы в управлении предприятием. - Москва, 2008.
6. Павлова Л.Н. Финансы предприятия. - Москва: Финансы: ЮНИТИ, 2008.
7. Крутик О.Б. Основы финансовой деятельности предприятия. – СПб., 2006.
8. Негашев Е.В. Анализ финансов предприятия в условиях рынка. – М.: Высшая школа, 2007.



УДК 330.357

Жұмағалиева Г. Ә.,
«Экономика» мамандығының
2 курс магистранты
Ғылыми жетекші:
PhD доктор, аға оқытушы,
Тайжанова Ж. А.
ҚазЭҚЖХСУ, Астана қ.

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫН БАСҚАРУ СТРАТЕГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Түйін

4. Регулярное обновление основных средств с целью недопущения чрезмерного морального и физического износа;

5. Повышение квалификации обслуживающего персонала;

6. Повышение коэффициента сменности работы организации, если это экономически обоснованно;

7. Повышение качества подготовки сырья и материалов к процессу производства;

8. Повышение уровня механизации и автоматизации производства;

9. Повышение уровня концентрации, специализации и комбинирования производства;

10. Обеспечение централизации ремонтных служб, если это экономически целесообразно;

11. Совершенствование организации производства и труда для того, чтобы сократить потери рабочего времени и простоя в работе машин и оборудования;

12. Внедрение новой техники и прогрессивной технологии. Например, безотходной, малоотходной энерго- и топливосберегающей.

Эффективность использования активов предприятия можно охарактеризовать с помощью системы экономических показателей, основным из которых является оборачиваемость оборотных средств.

Эффективность использования оборотных средств зависит от многих факторов, которые можно разделить на группы[2]:

- внешние факторы, которые оказывают влияние без вмешательства организации. Они неуправляемы и не зависят от интересов собственников компании;

- внутренние факторы, на которые организация способна повлиять;

- общеэкономические факторы. Сюда можно отнести динамику производительности общественного труда, который занят в сфере товарного обращения и в отраслях, ее обслуживающих, изменение величины товарооборота и его структуры, размещение производительных сил, совершенствование хозяйственного расчета;

- экономико-организационные факторы. В эту группу факторов входят изменение размеров предприятий их структуры, специализации, посредством внедрения новых технологий торговли и др.

- факторы, связанные с развитием технической составляющей. В качестве примеров факторов данной группы можно привести: изменение технологии и техники в конкретной отрасли, которая обслуживает торговые предприятия (коммунальное хозяйство, транспорт, связь) или автоматизация торгового процесса.

Итак, на эффективность использования оборотных средств и их оборачиваемость воздействует ряд факторов, но их влияние может быть как положительно, так и негативно.

Рассмотрим факторы, которые повышают величину оборотных средств. К ним относятся: улучшение качества торгового обслуживания, расширение сети, изменение структуры товарооборота в сторону увеличения удельного веса продукции, имеющей замедленную оборачиваемость, и т.п.

К факторам, способствующим снижению оборотных средств, относят: экономию финансовых и материальных ресурсов, внедрение принципов хозяйственного расчета в деятельность торговых предприятий.

Факторы, определяющие величину оборотных средств, могут быть объективные и субъективные. Объективные факторы не зависят от деятельности конкретного предприятия. А к субъективным факторам можно отнести соблюдение финансовой и кредитной дисциплины, выполнение планов, рациональность использования оборотных средств [3].

Итак, проблема совершенствования использования активов предприятия становится всё актуальней в современных условиях ведения бизнеса. Для поддержания своих конкурентных преимуществ организациям необходимо регулярно обновлять основные фонды, модернизировать и повышать эффективность их использования. Благодаря рациональному управлению активами организации возможно увеличение её финансовых результатов. Среди мер, направленных на совершенствование эффективности работы организации и улучшения её финансового состояния огромное значение имеют вопросы рационального использования оборотных активов. Проблема использования оборотного капитала становится весьма актуальной с развитием рыночной экономики. Интересы организаций требуют полной ответственности за финансовые результаты своей производственной деятельности и реализации готовой продукции. Так как финансовое состояние предприятий прямо зависит от состояния оборотных активов, то собственники заинтересованы в рациональной организации оборотных средств. А именно, формирования процесса движения оборотного капитала с минимальной суммой затрат для получения наибольшего экономического эффекта.

Список использованной литературы

1. Кулапина Г.М., Маркова О.В. Значение и основные факторы формирования системы управления знаниями на предприятии // Вестник Оренбургского государственного университета. 2006. № 5 (55). С. 78-81

2. Брусов П.Н., Филатова Т.В. 46. Финансовый менеджмент. Математические основы. Краткосрочная финансовая политика : учебное пособие. — Москва :КноРус, 2016. — 301 с.



УДК: 336.65

Кудукова М.,
«Қаржы» мамандығы бойынша
2-курс магистранты;
Ғылыми жетекші:
э.ғ.к., доцент Раматуллаева Г.А.;

КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Түйін

Мұнда фирма қызметіндегі стратегиялық мақсаттары мен бағыттары түсіндіріледі әрі ауқымы, қызмет істеу аясы, тактикалық мақсаттары мен міндеттері көрсетіледі. Болжау және бағыттар. Экономикалық жағдайды болжау капитал нарығында өнім және еңбек аясында жүргізіледі.

Кілттік сөздер: қаржы, қаржылық стратегия, қаржылық жоспарлау.

Нарықтық экономика жағдайында қаржылық жоспарлаудың жаңа әдістерін қолданбай, кәсіпорынның тұрақтылығын қамтамасыз ету мүмкін емес. Әлеуметтік-экономикалық жүйеге болжаулық емес, ықпал ететін факторлар көп. Факторлардың күтілетін теріс ықпалын азайту және, керісінше, күтілетін басқа факторлардың оң әсерін арттыру үшін оң ықпалы қолданылады. Оның шегінде бұл факторлар оқшауланады да, олардың ықпалы бағаланады және мүмкіндігінше реттеледі. Факторлар өте көп. Ал олардың қозғалысы аз жағдайда ретсіз және әр түрлі бағытталған, сондықтан кез келген жоспарды құрудың негізгі мақсаты нақты сандармен бағыттарды көрсету емес. Өйткені мұны істеу мүмкін емес, анықталған «дәліздер» бағыты бойынша берілген көрсеткіш анықталу керек. Жоспар құрудың соңғы себебі әлеуметтік-экономикалық жүйенің қызметін әр түрлі түсіндірудегі өтудің қаржылық шығындарын талап ететіндігімен көрінеді. Мұндай түсіндірудің болу мүмкіндігі төмен болады. Егер жұмыс жоспар бойынша жүзеге асырылса, теріс қаржылық нәтижелер аса маңызды болмайды.

Кез келген компанияда көптеген жоспарлар қатты өңделеді. Бірақ олардың ішінен негізгісі стратегиялық, қаржылық және өндірістік жоспар жиі өңделеді. Стратегиялық жоспар компания қызметіндегі мақсат, міндеттер, ауқымдар бағытының қалыптасуымен жүзеге асырылады. Өндірістік жоспарлар стратегиялық жоспар негізінде жасалады және өндірістік, маркетингтік, ғылыми- зерттеулік, инвестициялық саясаттың анықталуы барысында жүзеге асырылады. Компанияның ұйымдық басқарылу құрылымы күрделілігіне тәуелділігі және жан-жақты сипатта жоспарлау сияқты жоспарлар саны бірнеше болуы мүмкін. Қаржылық жоспар құжат ретінде көрінеді. Ол компанияның қаржылық мақсаттары қозғалуының әдісін сипаттап, табыстар мен шығындарын байланыстырады. Қаржылық жоспарлаудың негізінде стратегиялық және өндірістік жоспарлар жатыр.

Стратегиялық жоспар компанияның жоғарғы басқару құрылымымен жасалынады және келесідей құрылымдарды иеленеді:

1-бөлім. Фирма қызметіндегі мазмұнды және мақсатты құрылым. Мұнда фирма қызметіндегі стратегиялық мақсаттары мен бағыттары түсіндіріледі әрі ауқымы, қызмет істеу аясы, тактикалық мақсаттары мен міндеттері көрсетіледі.

2-бөлім. Болжау және бағыттар. Экономикалық жағдайды болжау капитал нарығында өнім және еңбек аясында жүргізіледі.

3-бөлім. Арнайы жоспар және болжау. Мұнда мынадай бөлімдерді жіктеуге болады: «Өндіріс», «Маркетинг», «Қаржы», «Кадрлық саясат», «Инвестициялық қызмет», «Жаңа өнім және өтеу нарығы».

Өндірістік жоспар кестелік басқарушылармен дайындалып, іс-әрекет бағдарламасын жалпы компанияда және оның бөлімшелері де көрсетеді. Бұл жоспар негізінен технологиялық сипат алады. Өйткені стратегиялық жоспарда қалыптастырылған жүйелік мақсатқа жету бағдарламасы болады. Компанияда өндірістік жоспар басты бюджет түрінде ұсынылады.

«Жоспар» және «бюджет» ұғымдары синоним ретінде қарастырылады. Бірақ олардың арасында анықталған ерекшеліктері болады. Жоспар кең мағынада мақсаттарға жетуге бағытталған іс-әрекет спектрін қосады. Сонымен қатар бұл іс-әрекеттер тек сандық бағалар көздерімен қалыптаса қоймай, анықталмаған рәсімдеудің бірқатар жолдарымен қалыптасады. Бюджет тар мағынада іс-әрекет жоспарының сандық жағын қалыптастырады және құндық сипатта болады. Осылайша бюджет рөлі ағымдағы жоспарлауды қызметтеумен қатар, басқа өндірістік үрдістің қалыптығын қамтамасыздандыратын басқа да қызметтерді атқарады: баға, шоғырлану, ынталандыру және т.б.

Басты бюджет операциялық және қаржылық бюджеттің өзара қарым-қатынас жүйесін көрсетеді. Қысқа және ұзақ мерзімді келешектегі бюджетті құру үрдісі бюджеттендіру болып табылады. Бюджеттендіру стратегиялық сипат мақсатында қалыптасады. Сонымен қатар өндірістік қызметті ресурспен қамтамасыздандыру бойынша мақсатты қолдануда қалыптасады (сату көлемі, шикізаттың мақсатты қалдығы, тарифтер және т.б.).

Операциялық бюджетте қалыпты және құнды көрсеткіштер жүйесінің көмегімен келесідей бағдарламалар көрініс табады: өткізу, жабдықтау, меншікті өндіріс, логистиктер, ғылыми-зерттеу және конструкторлық өндеулер, персоналды басқару және т.б. Сату бюджеті, өндірістік бюджет, шикізат және материалдар, тік шығындар бюджеті, дайын өнім және шикізат қоры бюджеті, басқару және коммерциялық шығындар бюджеті, өткізілген өнімнің өзіндік құн бюджеті сынды операциялық бюджет түрлері бар.

Қаржылық бюджетке табыстар және шығындар бюджеті (табыстар мен шығындар туралы болжау негізінде есеп беру), қалыптасу және қаржы ресурстарын бөлу бюджеті (болжау негізінде баланс) және ақша құралдар бюджеті (ақша құралдарының қозғалысы туралы болжау негізінде есеп беру) жатады. Барлық бюджет қаржылық менеджменттің өкілдігіне кіре бермейді. Бірақ ол әрқайсысының мәнін және өзара қатынасын білу керек. Сонымен қатар міндетті түрде операциялық бюджеттерді құру кезінде қаржылық сипатта болжамдық есеп жүргізіледі. Оның қорытындысы ағымдағы қаржылық жоспардың негізгі қорытындысы болып табылатын болжамдық қаржылық есеп беруді құруға қызмет етеді. Экономикалық әдебиеттерде «бюджеттеу» ұғымына әр түрлі түсіндірмелер берілген. Американдық ғалымдары Ли, Джонсон мен Джойс өздерінің әйгілі «Қоғамдық бюджеттік жүйелер» кітабында келесідей қарапайым түсіндірме берген: «Бюджет — бұл белгілі бір ұйымның (жанұя, мекеме, үкімет) қаржылық жағдайы мен болашақ жоспарларын сипаттайтын құжат немесе құжаттар жиынтығы. Онда ұйымның мақсат-міндеттері, табыстар мен шығындар, атқарылатын іс-шаралар туралы ақпараттарды табуға болады» [1].

Біздің ойымыз бойынша, бюджеттеу - шұғыл жоспарлаудың мақсаттарына сай нақты бюджеттерді құрастыру үдерісі. Сонымен бюджеттеу - бұл бюджетті қарастырумен байланысты үдеріс. Ал бюджет - бұл жоспар, негізінде қысқа немесе орта мерзімді болып келіп, соның мәліметтерін ағымдық және шұғыл басқарушылық шешімдерді қабылдау барысында қолданылады. Осы анықтама бюджеттеудің алуан түрлі анықтамаларын қиып

өтетін жалғыз ғана нүкте деп айтуға болады, яғни осы ұғымға анықтама бергендер іс жүзінде «бюджеттеу» түсінігіне шұғыл және ағымдық жоспарлауды әрдайым қосады.

Өз іс-шараларын болжамдау - бұл жоспарлау, ал бюджеттеу - бұл осы жоспарлаудың қаржылық сипаттамасы, жоспарланған іс-әрекеттердің қаржылық көрсеткіштерге ауысуы деп есептеуге болады. Мұндай көзқарас бірқатар жұмыстарда көрсетілген, «бюджет - бұл белгілі бір мерзімдегі іс-шаралар жоспары көрсеткіштерінің сандық сипаттамасы» [2]. Іс-шаралар және олардың сандық пен қаржылық сипаттамалары өзара ажырамас, сондықтан оларды бір-бірінен бөліп қарастырмаймыз, ал оларды бюджеттеу жүйесінің тең құқылы компоненттері деп есептейміз.

Екінші жағынан, бюджеттеу ақпараттарды алу және өндеумен байланысты және басқарушылық шешімдерді қабылдауда қолданылатын болса, онда басқарушылық есеп түсінігімен қиып өтуге болады. Басқарушылық есеп әдебиеттерінде ереже бойынша есеп пен шұғыл жоспарлау жеке қарастырылмай, басқару жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылған.

Басқарушылық есептің негізгі мақсаты ретінде ұйымның экономикасы туралы анық, шұғыл, әрі қолдануға ыңғайлы ақпараттарды пайдаланушыларға ұсынуды белгілейді. Бірақ «есеп» ұғымымен шатастырмау қажет. Бұл түсінікте есеп тек нақты мәліметтерді білдіреді. Басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін қажетті ақпараттар тек нақты емес, жоспарлы да болуы мүмкін. Сондықтан бюджеттеу жүйесі ретінде жоспарлы ақпараттарды басқару үшін қамтамасыз етуі сөзсіз және басқарушылық есеп жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Кез келген құбылыс секілді бюджеттеудің де дұрыс және теріс жақтары бар. Біз оларды кестеге топтастырдық (кестені қара).


Бюджеттеу жүйесі — бұл ұйымдағы жоспарлаудың құрамдас бөлігі. Ал жоспарлау жүйесі ұйымды басқару жүйесінің бір ғана бөлігі, оған тағы да талдау, бақылау және есеп жүйелері жатқызылады. Бюджеттеу жүйесі айрықша орынды алады. Бір жағынан, көптеген қазақстандық ұйымдарда ол жеткілікті түрде дамымайды, бюджеттеу үдерісі ұйым қызметіне әсер етпейді және жасанды түрде болмауы қажет.

Кесте

Бюджеттеудің артықшылықтары мен кемшіліктері

Артықшылықтары	Кемшіліктері
Ұжымның ынталануына оң әсер етеді	Қызметкерлердің бюджетті әр түрлі қабылдауы
Кәсіпорынның жалпы жұмысын шоғырландыруға мүмкіндік береді	Бюджеттеу жүйесінің қиындығы және қымбаттығы
Бюджеттерді талдай отырып өзгерістер енгізу мүмкіндігі сақталады	Әрбір қызметкерлерге жеткізілмеген бюджет жұмыс нәтижесіне әсер етпейді
Бұрынғы кезеңдерде құрылған бюджеттердің әдісін ескереді	Бюджет қызметкерлерді жоғары еңбек өнімділігіне міндеттейді
Ресурстарды бөлу жолдарын жетілдіреді	Қойылған мақсат пен ынталандыру әсерінің қарама-қайшылығы

Екінші жағынан, іс жүзінде бизнесті тиімді жүргізу үшін бюджеттеу жүйесінің қажеттілігін барлығы түсінеді. Бюджеттеуді іске асыруда кәсіпорын басшысының орны ерекше. Ол бюджетті орындауда өз қызметкерлеріне емес, сонымен қатар өзіне де талаптар қояды.



Сур. Кәсіпорын басшысының бюджетті орындаудағы жауапкершілігі

Көптеген экономистер «бюджет» ұғымының орнына «қаржылық жоспар» ұғымын қолданады. Қаржылық жоспардың санды екі типі белгілі: қысқа және ұзақ мерзімді. Біріншісінің негізгі бағытталу мақсаты фирманың қаржылық тұрақтылығының өсу қарқыны ұстанымынан; екіншісінің мақсаты фирманы тұрақты төлем қабілеттілікпен қамтамасыздандыру болып табылады. Көбінесе ұзақ мерзімді жоспарлар бизнес-жоспарды құрғанда жүзеге асырылады. Ал қысқа мерзімді жоспар ағымдағы қызметті бюджеттеуде жүзеге асырылады.

Бизнес-жоспар - басты көрсеткіштерді шоғырландырған формада бейнелейтін құжат. Ол фирма қызметінде жаңа жасалынатын жобалардың нақты және мақсатты бағытталған түріне негізделген. Сұрақтарды аумағына және мәнділігіне байланысты нақты бизнес-жоспарында қарастырылғандығын компанияның стратегиялық жоспары ретінде қарастыруға болады. Мұндай жоспарлар дамудың жаңа бағыттарын анықтауда нақтыланады да олар тұрақты емес жекелік сипатқа ие болады.

Бизнес-жоспар басқару теориясы жағынан төрт қызметті атқарады. Бірінші қызмет бизнес стратегиясын, даму концепциясын қалыптастыруға қолданумен байланысты. Бұл қызмет фирманы құру кезінде маңызды болып саналады. Сонымен қатар қызметтің жаңа бағыттарын қолданғанда маңызы жоғары. Екінші қызмет - жоспарлау. Бұл таңдалған қызметтің бағытын экономикалық бағалау әрі бизнес-жоспарды жүзеге асыру кезінде оның орындалуын бақылау үшін керек. Үшінші қызмет - қарыздармен несиелерді тарту. Берілген несиелерді қайтармау мүмкіндігі есебінен сақтандырылу керек. Сондай-ақ банктер талабы және талаптары негізделген деп санау керек. Тек кепіл және нақты кепілділікті ғана есепке алмағанмен, бизнес стратегиясында жасалған концепцияға көңіл бөлу қажет. Төртінші қызмет - жарнамалық-үгіттеу. Ол жаңа жұмыстарға ықтималды әдістерді тартуда маңызды. Сонымен қатар белгіленген жобаға өз капиталын немесе қаржы көздерін құруда ықпалын тигізу мүмкін [3].

Бизнес-жоспар жүргізілуіне сәйкес мақсатты құру тәуелділігіне байланысты жүзеге асыру үшін дайындалған жоспар-жобаның мәні, көлемі және құрылымы күрделі болып келеді. Бірақ та кез келген жағдайда бизнес-жоспар арнайы қаржылық бөлімнен құрылады. Оның негізгі бағыты - инвестиция мерзімін және көлемін анықтау. Ол бизнес-жоспарды жүзеге асыру үшін қажетті әрі жоспарланған түсім көрсеткішіндегі есеп беру, жылдар бойынша шығын және табыс, бизнес-жоспармен нақтыланған өтімділікті бағалау да маңызды.

Ұзақ мерзімді қаржылық жоспарлау үрдісінде:

- а) қаржылық мақсаттар және фирма болашағы жинақталады;
- б) осы мақсаттардың деңгейі ағымдық фирманың қаржылық жағдайына сәйкес деңгейі анықталады;
- в) қойылған мақсаттарға жету бойынша сабақтастық іс-әрекет қалыптасады.

Бизнес-жоспардың қаржылық бөлігіндегі басты құралы - жоспарланған бизнестің қаржылық стратегиясын сипаттау. Бұл тарау келесі сұрақтарға жауап беру тиіс:

а) бизнес-жоспарды жүзеге асыру үшін қанша құрал керек?

б) қаржыландырудың көздері және динамикасы қандай?

в) салымдардың орнын толтыру мерзімдері қандай?

Қысқа мерзімді қаржылық жоспар келесі сатылардан тұрады:

а) компанияның қаржылық жағдайын талдау;

б) болжау мөлшерін және бюджетті қалыптастыру;

в) қаржы ресурстарында компанияның жалпы қажеттілігін анықтау;

г) қаржыландыру көздерінің құрылымын болжау;

д) бақылау және басқару жүйесіндегі іс-әрекетті қолдану мен жасау;

е) жоспар жүйесіне өзгерістер енгізу барысын өңдеу.

Тәжірибе тұрғысынан қаржылық жоспардың бірнеше нұсқалары дайындалады: пессимистік, ықтималды болуы және оптимистік [4].

Жоспарды дайындау кезінде төмендегілерді ескеру қажет: а) кәсіпорында көп кездесетін шектеулер тізімі (қоршаған ортаны қорғау бойынша талап; көлемі бойынша нарық талабы; өнім сапалығы; берілген кәсіпорынның мамандармен қамтылуы және технологиялық ерекшеліктері); б) қаржылық менеджердің жұмыс істеуі үшін тәртіптілік рөлі; в) ғаламдық және локалды аумақтағы экономикалық жағдай дамуының анықталмаған жағдайындағы табиғи күшінің жоспар-шарты.

Бізге белгілі кез келген бюджет екі бөліктен тұрады. Олар табыстар және шығыстар бөлігі. Бюджеттің шығыс бөлігінде маңызды рөлді салықтық төлемдер атқарады. Маңызды құрылымдардың бірі — қаржылық жоспарлауды дайындауда салықтық болжау. Қаржылық менеджер салықтық құқықтың негізін және де салық жүйесін білу керек, олардың өзара қатынасын, жеке салық түрлерінің қарым-қатынасын, салық базаларын, салықтық саясатты білу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Lee Robert D., Johnson R., Joyce P. Public budgeting systems. -Massachusetts: Jones and Bartlett Publishers, 2008. - P. 400–465.
2. Ермакова Н.А. Бюджетирование в системе управленческого учета. - М.: Экономистъ, - 138 с.
3. Шим Д.К. Основы коммерческого бюджетирования. - М.: Азбука, - 203 с.
4. Друри К. Введение в управленческий и производственный учет: Учеб. пособие: Пер. с англ. - М.: Аудит ЮНИТИ, 2002. - С. 135–146.



УДК 334.71:339.13 (075)

Кунанбаева З.К.
«Экономика» мамандығының
2 курс магистранты
Ғылыми жетекші:
Әмірбекұлы Е., э.ғ.д., профессор

ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ЕРЕКШЕ ФОРМАСЫ РЕТІНДЕ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУЫДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ РӨЛІ

Түйін

Мақалада Қазақстан Республикасындағы электрондық сауданың қазіргі жағдайы мен оның тиімділігін арттыру шаралары қарастырылған. Электрондық сауда - бәсекеге қабілетті негізделген жаңа ақпараттық технологияларды игеру арқылы

республикамыздың ақпараттық және ғылыми-техникалық әлеуетінің дамуына бағытталған өзгеріс Қазақстанды биікке жетелейтін жолы болып табылады.

Түйінді сөздер: электрондық сауда, кәсіпкерлік, ақпараттық технология.

Кәсіпкерлік – бір жақты анықтауға келмейтін, барынша ауқымды және сан қырлы ұғым. Сонымен қатар ол іс жүргізу, адамдардың арасында сұранысқа ие өнім жасау, іс, жұмыс, нарықтық экономиканың негізгі бағыты, адам қажеттілігін қанағаттандырудың көзі, сонымен бірге өмір салты жүйесі ретінде қарастырылады. Кәсіпкерлік экономикалық қызметтің басқа тұрақты түрлерімен салыстырғанда өзінің жандылығымен және бастамашылығымен (инициатива) ерекшеленеді. Кәсіпкер үнемі жаңа өнімді, технологияны, сапаны, сауданы, бағаны, сондай-ақ тұтынушыларды, құрал-жабдықтарды, транспортты, ғимараттарды, ақпараттарды байланыстырып және тағы басқаларын іздестіру үстінде болады. Кәсіпкерлік жоғары деңгейдегі өзінше іс-қимыл танытуды және экономикалық таңдау бостандығын, сондай-ақ жауапкершілікті қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес кәсіпкерлік дегеніміз - азаматтардың, оралмандардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлікке) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлікке) негізделген дербес, бастамашыл қызметі болып табылады. Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар. Кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған кез келген кәсіпкерлік қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы. Кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті дамыту және қоғам үшін қолайлы жағдайлар жасауға, кәсіпкерлік бастаманы ынталандыруға бағытталады.

Еліміздің экономикасының өркендеуіне бағытталған бірден-бір маңызды шарасы ретінде кәсіпкерліктің ерекше формасын қарастыру керек деп ойлаймын. Бұған мысал ретінде өз тарапымнан электрондық саудаға кәсіпкерліктің ерекше формасы ретінде назар аудару керектігін айтқым келеді. Бұл кәсіпкерліктің формасы әлемдік жетекші елдердің экономикасында ерекше, ірі жетекші орынға ие. Әрине кәсіпкерліктің бұндай формасы жаңалық емес, дегенмен қазіргі таңда әлемдік экономиканың басым үлесіне ие болып отыр және біздің мемлекетімізде қарқынды дамып келе жатқандығын ескермеу мүмкін емес. Электрондық ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктер әлемдік экономика жүйесіне өз әсерін тигізіп, электрондық кәсіпкерліктің дамуына әкелді. Ақпараттық қоғамға көшуді қамтамасыз ететін жағдайларды құру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылдың 8 қаңтар күні № 464 Үкімі негізінде «Ақпараттық Қазақстан - 2020» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бағдарлама мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының қолжетімділігін қамтамасыз ету, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы үшін ақпараттық ортаны құру, отандық ақпараттық кеңістікті дамыту міндеттеріне бағытталған.

Электрондық сауда - бұл біз үшін салыстырмалы түрде жаңа, ал Батыста және Оңтүстік Шығыс Азияда жақсы дамыған экономика сегменті, ол компьютерлік желілердің көмегімен барлық қаржылық және сауда транзакцияларын, осындай транзакцияларды жүргізуге байланысты бизнес-үдерістерді қамтиды. Электрондық сауда нарығы біздің елімізде соңғы екі жылда неғұрлым қарқынды дами бастады, бұл ғаламтор-пайдаланушылар санының артуымен, әлеуметтік желілер ықпалының артуымен, электрондық төлемдер саласындағы монополияның артуын жоюмен және жетекші веб-парақшалардың Web 1.0 технологиялық тұғырнамасынан Web 2.0 тұғырнамасына көшуімен түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректеріне сәйкес Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік өндірісінің 2012 жылғы қаңтар-тамыз аралығындағы жалпы көлемі 10 687 879 млн. теңгені құрады және өткен жылмен салыстырғанда 0,7 %-ға артты. Бүгінгі күні ірі және орташа өнеркәсіп кәсіпорындары мен өндірістердің саны 1 848 құрайды.

Өнеркәсіп көрсеткіштерінің оң серпініне қарамастан, кәсіпорындардың өзінің өндірістік қызметінде жоғары технологияларды игеруінің деңгейі төмен екенін атап өту қажет. Өнеркәсіп кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін ақпараттық технологияларды енгізу және өнеркәсіп кәсіпорындарының қызметкерлерін ақпараттық технологиялар саласындағы арнайы біліктілікке оқыту арқылы өндірістік процестерді тұрақты жетілдіру талап етіледі. Сол себепті кәсіпорындардың аталған аспектіге назар аударғаны және өндірістік қызметкерлер арасында инновациялық қызметті дамытуды ынталандыруы аса маңызды.

Мәселенің келесі бөлігі - төлем карточкалары бойынша төлеу мәдениетінің жетіспеушілігі және e-commerce карточкалары бойынша төлеу кезінде бас тартудың аса жоғары деңгейі. Қазіргі кезде барлық транзакциялардың тек 21 %-ы - төлем карталарын пайдалана отырып қолма-қол ақшасыз төлемдер, ал қалғаны банкомат арқылы төлем карточкасынан ақша алу (мысалы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2015 жылғы тамыздағы деректері бойынша елімізде 11 млн. төлем карточкасына қолма-қол ақшаны алу бойынша 12,5 млн. транзакция және картадан 3,4 млн. қолма-қол төлемсіз төлем транзакциялары) сәйкес келеді. Ғаламторте төлем карточкасы бойынша төлеу туралы айтатын болсақ, жағдай бас тартулардың көптігімен тереңдей түседі (нарықтың түрлі ойыншыларының төлем карточкалары бойынша төлеу кезінде бас тарту деңгейі 37-ден 48 %-ға дейін құрайды).

Қазақстандықтардың виртуалды сауаттылығы тұрақты түрде өсуде және жыл сайын ғаламтор арқылы электрондық қызметті қолданушылар саны артып келеді. Электрондық сауда шағын кәсіпкерлік субъектілеріне нақты сауда нүктесін құруға кететін үлкен шығындарын аттап, сауда әлеміне кіруге жол береді. Ал ірі компанияларға бәсекелестік деңгейін жоғарылату үшін, дәстүрлі қызметіне қосымша болып табылады.

Электрондық сауданы дамыту үшін мынадай шаралар жасауды ұсынамын:

- салалық сауда алаңдарын құру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- ғаламтор-дүкендерде жасалатын транзакциялар (саны және көлемі) бойынша есептілікті қалыптастыру туралы мәселені қарау;
- жалпы ғаламтор-ортаны және негізінен ғаламтор-кәсіпкерлігін дамыту тақырыбына конференцияларды, семинарларды, дөңгелек үстелдерді қолдау және ғаламторда электрондық төлем құралдарын пайдалану бойынша ақпараттық-ойын-сауық жұмыстарын қолдану;

– жеткізу шарттары – Қазақстан аумағында орналасқандықтан жеткізу шығындары, сәйкесінше бағалары да төмен болады және барлық қалаларды қамтылып, біздің тұтынушыларға ыңғайлы валютада, яғни теңгеде есептеле алады. Сонымен қатар тұтынушыларға түсінікті тілдерде, яғни шет елдік ғаламтор-дүкендерінде көрсетілмейтін, қазақ және орыс тілдерінде қызмет көрсету және байланыс орнату;

– тауарды ұсынатын кәсіпорындардың тауарды мерзімінде, дұрыс мекен-жай бойынша жеткізу жауапкершілігі мен рұқсат етілмеген тауарларды сатудан сақтау;

– Қазақстанда салықтық мөлшерлемелер онсыз да төмен, алайда тұтынушыларды бұл электрондық нарыққа тарту мақсатында қосымша құн салығы (ҚҚС) мөлшерін белгілі бір уақытқа төмендетуге де болады деп ойлаймын. Мысал ретінде электрондық сауда субъектілерінің табыс көрсеткіштеріне байланысты ҚҚС мөлшерлемелерін белгілеу. Бұл электронды саудаға жағымды әсерін тигізетіні сөзсіз.

Сонымен қатар «Электрондық сауда туралы» заң бірнеше заң актілеріне өзгеріс тигізетіні сөзсіз, бұлар:

– Қылмыстық кодексі. Себебі, ғаламтор саудада біз қызметті кім ұсынып отырғандығын көре алмаймыз, соның нәтижесінде алаяқтықтардың болуы да мүмкін. Ал тауарлардың сапасын біз қолмен ұстап көре алмайтындықтан, жеткізілім соңында сапа деңгейінің мүлдем төмен екендігі де көрінетін жағдайлар болады. Сонымен қатар кәсіпкерлік фирманың тұтынушылардың берген тапсырыстары негізінде мәліметтер база жиналады, ал бұл базаға рұқсатсыз қол сұғу заң негізінде жазаланады;

– Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. Бұл жерде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тауарды жеткізу мәселелері және тыйым салынған тауарларды жарнамалау сұрақтары мәселелерін шешеді;

– Салық кодексі. Мемлекеттік органдардың мәлімдемесіне сәйкес Қазақстанда салық ауыртпалығы жеткілікті төмен болғандықтан, салық салу мөршерлемесіне айтарлықтай өзгертулер енгізу қажет емес деп ойлайды. Дегенмен егер кәсіпкерлер ғаламтор-дүкендері арқылы көп партиялы тауарларды сатып алуларды жүргізсе, онда электрондық шот-фактураларға жүгіну қажет және төлем карточкалары негізінде жасаған төлемдерді ҚҚС-тың 10 % мөлшерлемесімен жүктеу;

– «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңы. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау механизмі, сондай-ақ электрондық коммерция тұтынушыларына да қолданылады.

– «Сауда қызметін реттеу туралы» заңы. 2007 жылы электрондық сауданы реттеу ережелері қабылданғанымен, көпшіліктің үндеуіне сай бұлар дұрыс негізде жұмыс жасамайтыны анық. Терминдер мен түсініктемелер заңда дұрыс қарастырылмаған, тек абстрактілі негізде ғана түсінік бар. Бұл ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік мөлшері жазылмаған. Сонымен қатар сауда жүйесі ілгері қадам басты. Демек, өзгертулер қажет;

– «Жарнама туралы» заңы – сатушылардың ғаламтор-сайттарында жарнама дұрыстығы үшін жауапкершілік енгізу;

– Көлік және коммуникация министрлігі «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыруларды дамуытуда, электрондық цифрлық қолтаңбалар жауапкершілігі, тәртібі, шығару және қолданылу мәселелері қаралатын болады.

Адамзат өркениетінің қазіргі заманғы дамуы ғылыми-техникалық төңкерістің кезекті кезеңі – ақпараттық технологияларды өмірдің барлық салаларына енгізумен сипатталады, бұл технологиялар адам өмірінің салтын өзгертіп, ақпараттық қоғамға, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы жоғары қоғамға көшу үшін іргетас әрі материалдық база болып табылады. Жоғарыда аталған шараларды жүзере асыру ақпараттық дамудың ұлттық стратегиясын қалыптастырудағы, ақпараттық және инновациялық дамудың алға қойылған мақсаттарына қол жеткізу үшін қоғамның барлық топтарын шоғырландырудағы, ұлттық стратегияны іске асыру бойынша кәсіпкерлікті және еліміздің азаматтарын ғылыми өркендеуге алға қарай жетелейтін негіз болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н. Әліпбеков, Ж. Ералы, Р. Дәулетова, Г. Молдабекова. Бизнесті ұйымдастыру. 2-басылым. «Фолиант» баспасы, Астана, 2012 ж.;
2. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі, № 45 (45), 2015 ж. Өскемен қ., ЖК «Медведева Д.Ю.» баспасы., 3-5, 8 б.;
3. Райхан Нұрақым. Шағын кәсіпкерлік: Кеше мен бүгін. Ақиқат – 2005, № 5, 44-47 б.;
4. Қазақстан Республикасының «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы;
5. Б.Қ. Мейірбеков. Қазақстандағы шағын кәсіпкерлік: проблемалар мен мәселелер. Вестник нац.инж.акад.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

Түйін

Мақалада Қазақстан Республикасының орта кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы мен оның өзекті деректері көрсетілген. Кісіпкерлік бір жақты анықтауға келмейтін, барынша ауқымды өзгерістерді және жаңашылдықты талап ететін экономиканың ажырамас бөлігі. Мақалада орта кәсіпкерліктің даму құралдары анықталған.

Түйінді сөздер: орта кәсіпкерлік, факторинг, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік.

2016 ж. 1 қаңтарындағы жағдай бойынша, Қазақстан Республикасында 1 530 мың субъектілері тіркелген. Барлық тіркелген ШОК субъектілерінің 84% әрекет етуші болып табылады, яғни операциялық қызметті жүзеге асырады және статистика органдарына есептемелерін тапсырады. Осылайша, 240 мыңнан астам ШОК субъектілері әрекет етуші болып табылмайды. Мұндай ара қатыстың негізгі себептері экономикалық факторлар (мысалы, залалдылық себебі бойынша қарапайым, бір қатар салалардағы жұмыстардың маусымдылығы), және де өзге операциялық факторлар (мысалы, жақында болған тіркеумен байланысты операциялардың болмауы) болып табылады. Әрекет етуші ШОК субъектілерін аймақтық бөлу Оңтүстік Қазақстан облысындағы, Алматы қ. мен Алматы облысындағы әрекет етуші ШОК субъектілерінің ең көп санымен сипатталады. Әрекет етуші ШОК субъектілерінің ең аз саны Солтүстік Қазақстан, Қызылорда және Батыс Қазақстан облысына сәйкес келеді.

2017 жылғы 1 наурызға ШОК жұмыс істеп тұрған субъектілерінің саны бірлік

	Барлығы	Оның ішінде				Барлығы, өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен
		шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	дара кәсіпкерлер	шаруа немесе фермер қожалықтары	
Қазақстан Республикасы	1 129 327	197 822	2 667	747 428	181 410	94,1
Ақмола	41 328	6 050	120	31 540	3 618	94,2
Ақтөбе	48 975	8 651	104	35 562	4 658	101,2
Алматы	108 751	7 254	149	57 580	43 768	95,4
Атырау	41 981	5 610	100	34 161	2 110	93,4
Батыс Қазақстан	36 380	4 994	95	26 490	4 801	96,0
Жамбыл	59 985	4 735	49	39 565	15 636	97,5
Қарағанды	79 206	15 189	192	57 129	6 696	95,7
Қостанай	47 349	6 324	148	36 260	4 617	82,9
Қызылорда	35 325	4 709	66	26 967	3 583	91,6
Маңғыстау	45 659	6 703	89	37 491	1 376	100,0
Оңтүстік Қазақстан	173 362	14 618	164	89 241	69 339	97,0
Павлодар	41 046	7 904	92	29 871	3 179	95,7
Солтүстік Қазақстан	27 483	4 359	133	20 203	2 788	85,1
Шығыс Қазақстан	83 163	8 981	161	59 041	14 980	87,3
Астана қаласы	96 637	32 743	301	63 543	50	100,6
Алматы қаласы	162 697	58 998	704	102 784	211	90,4

Алдыңғы жылдардағыдай 2016 жылы да Қазақстан аймақтарында ШОК секторының біркелкі емес дамуы сақталып отыр. Бұл халық пен ресурстардың біркелкі емес бөлінуімен, және де елдің аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктерімен, олардың экономикаларының құрылымындағы ерекшеліктермен байланысты. ШОК субъектілерін қаржыландыру жоғары дәрежеде аймақтар арасындағы тепе-теңсіздікті көрсетіп отыр, мысалы, 2016 жылы ШОК дамытуға бағытталған банктердің барлық қаражаттарының шамамен 70% Астана және Алматы қалаларына сәйкес келген. Қазақстанның аймақтарында ШОК секторының дамуына жүргізілген салыстырмалы талдау келесі қорытындыларды шығаруға мүмкіндік береді:

1. ШОК белсенді субъектілерінің саны бойынша 2016 жылдың қорытындысы бойынша дәстүрлі түрде Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстары, сондай-ақ Алматы қаласы көшбасшы орында. Тіркелген ШОК субъектілерінің жалпы санында ШОК белсенді субъектілерінің үлесі бойынша Батыс Қазақстан және Павлодар облыстары бірінші орынды алады.

2. Заңды тұлға нысанында тіркелген ШОК кәсіпорындарының ең көп санымен аймақ Алматы қаласы болып табылады, олардың өнімділігінің және онда еңбек ететін халықтың санының есебінен қала ШОК өнім шығарудың ең жоғарғы көрсеткіштеріне ие

3. Қазақстанның аймақтарының арасында да, аймақтардың ішінде де шағын кәсіпкерлікке ЕДБ несиелерін бөлу тепе теңсіздігі сақталып отыр:

– шағын кәсіпкерлікке несиелердің үштен екі бөлігі, өткен жылдардағыдай, тек Алматы және Астана қалаларына сәйкес келеді;

– Алматы және Астана қалаларын есепке алмағанда, 2016 жылы облыс орталықтарынан тыс шағын кәсіпкерлікке несиелердің жиынтықты үлесі 2015 жылдың 10,1% салыстырғанда, 6% дейін төмендеген.

ШОК субъектілерінің белсенділік үлесі бойынша аймақтарды саралау аймақта кәсіпкерлікті тұрақты жүргізу үшін қалыптастырылған жағдайды және елдің қандай да бір аймағына қатысты кәсіпкерлердің біліктілігі мен жалпы дайындылығының деңгейін көрсетеді. Әрекет етуші ШОК субъектілерінің олардың жалпы санындағы үлесі бойынша 89,19 және 88,87% көрсеткіштерімен Атырау және Қызылорда облыстары жетекші орында.

Шетелдік қатысумен немесе шетелдік меншіктегі тіркелген кәсіпорынның еңкөп шоғырлануы Алматы қаласына сәйкес келеді: шетелдік қатысумен немесе шетелдік меншіктегі заңды тұлғалардың үлесі шағын және орта кәсіпорындардың жалпы санынан 13,1% құрайды. Шетелдік инвесторлар үшін барынша оңтайлы бизнес ахуалмен аймақтардың бестігіне өткен жылдағыдай Солтүстік Қазақстан, Атырау облыстары, Астана қ., Қостанай, Маңғыстау облыстары кіреді.

2016 жылдың 1 қаңтарына ШОК жұмыс істейтіндердің жалпы саны

3 147 мың құрады, бұл 01.01.2015 ж. салыстырғанда 14% жоғары. ШОК жұмыс істейтін халықты аймақтар бойынша бөлу біркелкі емес. ШОК жұмыс істейтін адамдардың ең көп саны, өткен жылдағыдай Алматы қ., Астана қ, Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарында. Барлық облыстарда, Қызылорда облысын қоспағанда, ШОК секторында жұмыс істейтіндердің санының өсуі байқалады.

Қазақстандағы ШОК барлық секторының өнім шығару көлемі 2016 жылы 15 858,4 млрд. теңгені құрады. Аймақтық тұрғыдан өнім шығаруға ең көп үлесті Астана және Алматы қалаларының ШОК субъектілері қосып отыр, олардың өнім шығару көлемі елдегі жалпы ШОК өнім шығаруының 47%-ын құрайды (7 418 млрд. теңге). Қызылорда облысын қоспағанда, барлық аймақтарда 2015 жылы ШОК өнім шығаруында өсу байқалады. Қызылорда

облысында ШОК субъектілерімен 249 млрд. теңге сомасына өнім шығарылған, бұл аймақтағы өткен жылдың көрсеткіштеріне сәйкес келеді.

Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту едәуір дәрежеде қаржы ресурстарына қол жеткізу мен оларды тиімді пайдалануға байланысты. Бұл тұрғыдан

қаржыландырудың жетіспеушілігі қазақстандық кәсіпкерлер тап болатын негізгі қиындықтардың бірі болып табылады. ШОК несие беру банктермен үлкен тәуекел ретінде қарастырылады, бұл оларды кепілзаттардың құны мен өтімділігіне жоғары талаптар қоюға, сондай-ақ қаржыландыру құнын арттыруға мәжбүрлейді. Жаңадан ашылып отырған ШОК несие тарихының, жеткілікті көлемде қамтамасыз етудің және т.б. болмауының салдарынан банктермен ерекше тәуекелді деп бағаланады.

Осыған байланысты «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 2016 жылдан бастап ШОК қаржылық және басқалай қолдау көрсетуге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жаңа өнімдерді белсенді ендіруді және қолдануды жоспарлап отыр: Факторинг құралын пайдалана отырып, несие беру, Франчайзингтік жобаларды қаржыландыру, «Даму Оптима» Бағдарламасы, Микроқаржыландыру бағдарламасы, «Даму Блиц» технологиясы, Кепілдендіру құралының процестерін Автоматтандыру, Мемлекеттік –жекешелік әріптестік.«БЖК-2020»бизнесті қолдау мен дамытудың Бірыңғай бағдарламасының шеңберінде «Даму» Қорының қызметінің тиімділігін арттыру, Орналастырылған облигациялар бойынша купондық мөлшерлемені субсидиялау, ШОК қаржыландырудың жаңа көздері.

Қазақстанда факторингте даму үшін маңызды әлеует бар, алайда бірқатар тежейтін факторлар, олардың қатарында қорландырудың жетіспеушілігі бар. Банктік несие беру көлемінің қысқаруы, банктердің кепілзаттық қамтамасыз ету талаптарын қатаңдандыру және несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің өсуі жағдайларында кәсіпкерлерге айналым қаражаттарын толықтыруға несие алу қиындай түсуде. Оң несие тарихының, іскерлік беделінің және маңызды сауда айналымдарының болуына қарамастан, банктердің тарапынан қабылдамаудың себебі жиі кепілзаттық мүліктің болмауы немесе оның төмен өтімділігі болуы мүмкін.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың тағы бір жаңа құралы ретінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік(МЖӘ) болып табылады. МЖӘ ортақ мақсаттарға қол жеткізуге, өзекті әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге бағытталған мемлекет пен бизнестің (кәсіпкерліктің) институционалды және ұйымдық одағы болып табылады. МЖӘ құрудың негізгі мақсаты қызметтің әртүрлі салаларында ұлттық және халықаралық, ауқымды және жергілікті қоғамдық маңызы бар жобаларды іске асыру болып табылады. Бұрын МЖӘ тек өнеркәсіптің стратегиялық маңызды салаларын дамытуға және инновациялық ғылыми әзірлемелерді қаржыландыруға бағытталған ірі жобаларға ғана қатысты қолданылған. Алайда, қазіргі таңда МЖӘ тетігін шағын және орта кәсіпкерлікке қатысты қолдану мүмкіндігі қарастырылып отыр. Қазақстанда қазіргі уақытта МЖӘ көпшілік жобалары көлік инфрақұрылымының құрылысы саласында іске асырылуда.

«Даму» Қорының тарапынан 2016 жылдан бастап МЖӘ тетігін әлеуметтік объектілердің құрылысы саласы секілді, жобаларды қаржыландыруда қолдану мүмкіндігі қарастырылуда. МЖӘ бизнес үшін мемлекетпен құрылған инфрақұрылым базасында қызмет көрсету мүмкіндігін ұсына алады, немесе бизнес инфрақұрылымды өз бетімен құрумен айналыса алады, бірақ өзінің қызметтерін мемлекетке көрсету бойынша кейінгі жоспарларымен. Мұндай үлгіні іске асыру кезінде жоба бойынша тәуекел мемлекет пен кәсіпкердің арасында бөлінеді. Ережеге сай, экономикалық және қаржылық тәуекелдерді кәсіпкер өзіне қабылдайды, ал саяси және құқықтық тәуекелдерді – мемлекет қабылдайды. МЖӘ үлгісінде кәсіпкерге үлкен рөл бөлінеді, атап айтқанда кәсіпкер оның тиімділігін, және осыған сәйкес, табыстылығын арттыру үшін өз кәсіпорнында инновацияларды әзірлеу мен ендіруге мүдделі болуы тиіс. Отандық шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің инновациялық белсенділігі әзірге төмен деңгейде қалып отыр, сол себепті МЖӘ тетігі ШОК тек қолдау көрсетуге мүмкіндік беріп қана қоймай, бизнесті инновациялық процеске тартуға себін тигізетін болады.

«БЖК-2020» бизнесті қолдаумен дамытудың Бірыңғай бағдарламасының шеңберінде «Даму» Қорының қызметінің тиімділігін арттыру кәсіпкерлер Қордың тарапынан субсидиялау мерзімдерін созу туралы уақытылы шешім қабылдау есебімен

өзінің қызметін жоспарлау мүмкіндігін алады. «Даму» Қорымен «БЖК-2020» бизнесті қолдаумен дамытудың Бірыңғай бағдарламасының («БЖК 2020» ББ) шеңберінде кәсіпкерлікке қолдау көрсетудің тиімділігін арттыру мақсатында 2016 жылы мамыр айында күшіне енген «БЖК 2020» ББ өзгертулердің екінші пакеті ынтагерлік пен қабылданды. Негізгі өзгертулерге субсидиялауға жататын сыйақының шекті мөлшерлемесін субсидиялаудың мөлшерін сақтай отырып, жылдық 19% дейін арттыру (жылдық 7% және 10%) кіреді. Сондай-ақ өзгертулердің жаңа пакетінде айналым қаражаттарын толықтыруға БЖЗҚ қаражаттарының есебінен берілген несиелерді субсидиялау және салалық шектеулерсіз және жобаны іске асыру орнына тәуелсіз ағымдағы міндеттемелерді қайта қаржыландыру мүмкіндігі қарастырылған.

Қалаларда жобалар бойынша субсидияланатын несиенің мөлшері 1,5 млрд. теңгеден аспайтын деңгейде белгіленсе, моно-, шағын қалаларда немесе ауылдарда: 750,0 млн. теңгеден көп емес. Моноқалалардың, шағын қалалардың және ауылдық елді мекендердің кәсіпкерлерінің жаңа бизнес-бастамаларына көрсетілетін қолдауға қатысты «Даму» Қорымен қаржыландыруға қол жеткізуді кеңейту мақсатында тіркеу орнын есепке алмай, кәсіпкерлердің несиелерін субсидиялауға қатысты норма енгізілген. Сондай-ақ Өңірлік үйлестіру кеңесімен (ӨҮК) субсидиялау мерзімін созу туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімі анықталған – субсидиялау шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 45 күнтізбелік күн бұрын. Яғни, кәсіпкерлер Қордың тарапынан субсидиялау мерзімдерін созу туралы уақытылы шешім қабылдау есебімен өзінің қызметін жоспарлау мүмкіндігін алады. «БЖК-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың

Бірыңғай бағдарламасының шеңберінде облигациялар бойынша купондық мөлшерлемені субсидиялау Қолдау көрсету құралының мақсаты экономиканың басым секторларында жұмыс істейтін кәсіпкерлердің орналастырылған облигациялары бойынша купондық мөлшерлемені субсидиялау арқылы «Қазақстандық қор биржасы» АҚ сауда құралдарына «БЖК-2020» бизнесті қолдаумен дамытудың Бірыңғай бағдарламасын қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етуден тұрады.

ШОК қаржыландырудың жаңа көздері. Нәтижесінде шамамен 2000 кәсіпкерлер ХҚҰ қаражаттарының есебінен қаржыландыруды алу мүмкіндігіне ие болды. ШОК жеңілдікпен қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін «Даму» Қорымен жеке қаражаттарынан басқа, қарыз қаражаттарын пайдалану жоспарланып отыр. Осыған қатысты 2016 жылы «Даму» Қорымен Халықаралық Қаржы Ұйымдарынан (ХҚҰ) жеңілдікті қаражаттарды тарту бойынша жұмыс жалғастырылатын болады. 2011 жылдан бастап 2015 жылға дейінгі аралықта Азия Даму Банкі мен Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкінен шамамен 130 млрд. теңге тартылған. Нәтижесінде шамамен 2000 кәсіпкерлер ХҚҰ қаражаттарының есебінен қаржыландыруды алу мүмкіндігіне ие болды.

2016 жылдан 2018 жылға дейінгі кезеңде Қор Азия Даму Банкінен, Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкінен, Дүние жүзілік Банктен және Еуропалық Инвестициялық Банктен 200 млрд. теңгеден астам тартуды жоспарлап отыр. Аталған қаражаттарды пайдалану арқылы банктермен белгіленетін жоғары пайыздық мөлшерлемелер, ұзақ мерзімді несиелеуді төмен қол жетімділігі, банктердің микро несиелік операцияларға деген жеткіліксіз мүдделілігі секілді қазақстандық кәсіпкерлердің мәселелерін шешетін болады. Кәсіпкерлер «Даму» Қорымен ұсынылатын неғұрлым қолайлы қаржыландыру құралдарын пайдалану есебінен бизнесті дамыту және кеңейту мүмкіндігін алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н. Әліпбеков, Ж. Ералы, Р. Дәулетова, Г. Молдабекова. Бизнесті ұйымдастыру. 2-басылым. «Фолиант» баспасы, Астана, 2012 ж.;
2. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі, № 45 (45), 2015 ж. Өскемен қ., ЖК «Медведева Д.Ю.» баспасы., 3-5, 8 б.;
3. Райхан Нұрақым. Шағын кәсіпкерлік: Кеше мен бүгін. Ақиқат – 2005, № 5, 44-47 б.;
4. Қазақстан Республикасының «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы;



УДК 336.71

Курман Д.А.
младший аналитик фронт-офиса
Казахстанский центр ГЧП
Научный руководитель:
Нурсеитов А.А., к.э.н., доцент
г. Астана, Республика Казахстан

ИСЛАМСКИЙ БАНКИНГ: СПЕЦИФИКА И ПЕРСПЕКТИВЫ

Аннотация

В статье рассмотрены этапы внедрения исламского финансирования в Казахстане, исследованы проблемы, препятствующие его развитию. Приводится анализ динамики развития исламского банкинга в зарубежных странах и определены тенденции дальнейшего его развития.

Ключевые слова: исламский банкинг, шариат, финансирование, проектное финансирование

За 30 лет произошло такое развитие исламского банковского дела, что оно стало отличительным и быстрорастущим сегментом международных рынков банковских услуг и капитала. В настоящее время в мире насчитывается более 500 исламских банков с активами более 1 трлн. долл. США.

В последние годы исламские предпринимательские институты стали важной составляющей экономик не только мусульманских государств, но и стран Западной Европы. Среди вышедших за пределы мусульманского мира финансово-экономических структур можно выделить банки, страховые компании и инвестиционные фонды. Сфера географического распространения этих институтов сегодня оказалась настолько широка, что в течение нескольких лет крупные европейские финансовые институты используют свои финансовые ноу-хау, чтобы разрабатывать продукты, отвечающие требованиям шариата. И у этого процесса имеются объективные причины. Помимо успехов, которых добились в последние годы экономики исламских государств при складывавшихся высоких ценах на нефть, это еще и заметный рост количества мусульман в мире. Так, в Европе за счет депопуляции коренного населения во многих странах происходит рост удельного веса мусульман. Уже сегодня в Амстердаме, Гааге и Роттердаме мусульмане составляют 60% среди населения моложе 20 лет. А в некоторых районах крупных городов Германии доля мусульман составляет 40-50%. Поэтому стремление европейских банков открывать исламские окна выглядит вполне прагматичным. Это бизнес и ничего другого [1].

О росте торговли, основанной на исламских ценностях, говорит также статистика товарообменных сделок под маркой «Халяль». Глобальный рынок халяльной продукции (как продовольственных, так и непродовольственных товаров) оценивается в 2,1 трлн. долл. США (обеспечивает 1,6 млрд. жителей планеты). Рынок такой продукции в Европейском союзе оценивается в 35-45 млрд. долл. (16 млн. мусульман), в США - в 12 млрд. долл. (8 млн.). Этот рынок дает ежегодный прирост в 25-30%. Наблюдается не менее значительный рост рынка исламского банкинга. Активы исламских банков в 2009 году насчитывали порядка 760 млрд. долл.

В связи с этим следует отметить, что исламские банки строят свою экономическую деятельность исключительно на основе принципов, провозглашенных Кораном:

1) человек не может быть собственником полученных им богатств (денежных средств, товаров, недвижимости, новаторской идеи, управленческого опыта) и природных ресурсов. Реально любое богатство принадлежит лишь Аллаху;

2) человек является лишь поверенным Аллаха по распоряжению этими ресурсами. Таким образом, он считается только доверенным лицом и пользователем богатства в течение всего срока своей жизни;

3) человек должен разумно использовать богатства, данные ему Аллахом, не злоупотреблять ими, не разрушать и не обращать их в сокровища;

4) любое достояние должно использоваться на благо общества и в том числе удовлетворять интересы и потребности его непосредственного распорядителя [2].

Сущность исламской экономики – это, прежде всего, отказ от процента и фьючерсных сделок, применение методов и механизмов финансирования, позволяющих осуществлять экономическую деятельность согласно шариату (мусульманскому праву). Ближе всего, к этому как методике работы подходит понятие проектного инвестирования, которое связано с разделом рисков, или долевым участием. Банк не получает процента. Он изучает бизнес-план, предложенный человеком, который пришёл к нему за финансовой помощью, анализирует риски и разделяет их вместе с участником. Кроме того, существует надежное исламское страхование.

Один из основных запретов шариата состоит в принципиальном запрете на игры со временем. Главная забота - не допустить игр со временем, закладывания времени, особенно будущего, ещё не прожитого времени, в пользу каких-то спекулянтов сегодня. В частности, например, существует запрет на продажу урожая пшеницы, который ещё не выращен, что является обычным делом на Западе. Общество мусульман устроено так, что оно фундаментально, ориентированно на реальную экономику на уровне официальных законов и общества, т.е. существует установка на реальное производство и на то, чтобы не давать спекулировать временем.

Следует отметить, что гораздо более динамично развивается исламское банковское дело в Европе, особенно в Великобритании: там существуют исламские банки, а также исламские окошки в обычных банках. Например, Citibank, Barclays и др. Это спорная вещь, потому что существует такое понятие как «халяльные деньги» (дозволенные с точки зрения шариата), на котором не лежит печать криминала (с точки зрения шариата).

Исламская экономика стоит на той позиции, что деньги пахнут. Например, мусульманин не может пользоваться деньгами, полученными от алкоголя, даже если этот алкоголь продан пьющим немусульманам, т.е. он не имеет права продавать алкоголь вообще, а также не имеет права и пользоваться деньгами от продажи алкоголя. Динамика развития исламских банков эффективно конкурирует с динамикой развития обычных банков. Многие европейские хозяева по достоинству оценили преимущества работы с исламскими банками, той надёжности и гарантий, которые дает исламский подход. Но нужно отметить, что удельный вес исламской экономики не сравним с общим экономическим балансом на планете.

Появление на рынке исламских финансовых институтов, в основе деятельности которых лежит неучастие в высоко рискованных и спекулятивных операциях, способно придать большую устойчивость для финансовой системы государства [3].

11. Рожков В.А. Повышение конкурентоспособности региона на основе использования концепции кластерного развития: Дисс. ... канд. экон. наук: 08.00.05. – Иваново, 2010. – 171 с.
12. Блохин К.А. Влияние внешнеторговых связей региона на развитие единого экономического пространства России: диссертация. – Москва, 2007. – 132 с.
13. Елькин Е.В. Влияние развития экспортного потенциала на экономику региона и рост уровня благосостояния населения // Известия Иркутской государственной экономической академии. – 2008. – №3. – С. 105-108.



УДК: 69.003

Мажибиев Д.
«Экономика» мамандығының
1 курс магистранты
ҚазЭҚХСУ, Астана қ.

ҚҰРЫЛЫС КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін

Мақалада құрылыс кәсіпорны ел экономикасында алатын орны, яғни оның әлеуметтік-экономикалық сипаты көрсетілген. Құрылыс саласындағы кәсіпорын жүйе ретінде қарастырылып, оның ішкі және сыртқы жүйелері жекелей сипатталған. Құрылыс кәсіпорының өндірістік бағдарламасын құрудың негізгі шарттары сипатталған. Мердігерлік келісімдердің негізгі кезеңдері көрсетілген. Қазақстан Республикасы дамуының ұлттық бағдарламасына кіретін және мемлекеттік капиталды салымдар есебінен қаржыландырылатын объектілер мен құрылыс тізімдері анықталған. Нарық жағдайында құрылыс саласындағы кәсіпорынды басқарудағы функциялар аталып кеткен. Жобаны енгізудің экономикалық тиімділігі және негізгі салаларда тәуекелділікті бағалаудың, талдаудың түрлері сипатталған. Құрылыс тәуекелділіктерінің себептері талданған. Тәуекелділіктерді басқару алгоритмінің схемасы көрсетілген. Мақалада перспективалы жоспарлаудың стратегиялық альтернативаларының бірі болып табылатын диверсификация қарастырылған. Кәсіпкерлік тәуекелділіктерді диверсификациялаудың негізгі формалары аталған.

Кілтті сөздер: құрылыс кәсіпорны, жүйе, құрылыс келісім-шарты, мердігерлік жұмыстар, тәуекелділік, басқару, диверсификация

Құрылыс кәсіпорны қазіргі таңда – бұл өндірістік-техникалық, ұйымдық және экономикалық біртұтастылыққа ие Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жұмыс істейтін және заңды тұлға болып табылатын құрылыс өнімдерін өндіру немесе құрылыс-жөндеу жұмыстарын орындау мақсатымен құрылған ұйым.

Құрылыс өнімі бұл ғылыми-техникалық прогресс негізінде мемлекеттің негізгі қорларын өндіретін және қайта өндіретін өнім болып табылады. Құрылыс және монтаждық жұмыстарға ғимараттарды салу, қайта жөндеу, кеңейту, металдық, темір бетонды және басқа да құрылыс конструкцияларды монтаждау, мұнара және басқа да крандар үшін крандық бағыттар құрастыру; сумен жабдықтау желілерін, канализация салу, жылумен қамтамасыз ету, газбен қамтамасыз ету және энерго жүйемен қамтамасыз

ету жұмыстары; тұрақты пайдалану жерлерінде технологиялық, энергетикалық, көтергіш-транспорттық және басқа да құрылғыларды құрастыру мен тағайындау жұмыстары, т.б. жұмыстар жатқызылады [1; 11].

Құрылыс саласындағы кәсіпорынды жүйе ретінде екі ішкі жүйе ретінде бөлуге болады – басқарылатын (басқару объектісі) және басқаратын (басқару субъектісі). Басқарылатын жүйе кәсіпорынның ішкі құрылымы болып табылады – бұл техникалық, технологиялық, ұйымдық және экономикалық элементтер мен байланыстар біртұтастығы, себебі әр бір объект тек құрылымы бірлікте және байланыста болғанда ғана басқарылады және реттеледі. Мұнда бөліктің бүтінділіктен және бүтінділіктің бөліктен күрделі тәуелділігі қамтамасыз етіледі. Құрылыс саласындағы кәсіпорынның басқаратын ішкі жүйесі басқару буынының және сатысының жиынтығын сипаттайды – дирекция, бөлімшелер, бюро, лабораториялар, жеке орындаушылар. Мұнда бастапқы мақсаты негізгі өндірісті басқару, сонымен қатар оны еңбек, қаржылық, материалды-техникалық ресурстармен, құрылыс машиналарымен, транспорттық құрылғылармен және т.б. қамтамасыз ету болып табылатын жеке ішкі жүйелерді бөліп қарастыруға болады. Яғни, құрылыс кәсіпорынын басқару жүйесінің құрамына негізгі өндірісті басқару ішкі жүйесінен басқа еңбек және еңбек ақыны реттеу, қаржылық қызметті, транспорт жұмысты, құрылысты механизациялау, материалды-техникалық, жартылай фабрикаттармен және т.б. қамтамасыз етуді, өнеркәсіп өндірісін басқарудың функционалды-ресурстық ішкі жүйелері кіреді [2; 63].

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында «Қазақстан Республикасының іргелі құрылыс бойынша мердігерлік, келісімдер туралы уақытша ережелеріне» сәйкес мердігерлік құрылыс келісім алдында жалпы жұмыстардың бөлігі болып табылатын және уақыт бойынша мақсатты бекіту мезетінен бастап инвестициялық циклдың бөлігін алатын, яғни Үкімет, ведомство, кәсіпорын немесе заңды тұлға деңгейінде объектіні салу шешімін қабылдау процесінің бөлігіне кіретін құрылысты ұйымдастыру бойынша алдын ала келісім жұмысы қарастырылады.

Алдын ала келісім жұмысын ұйымдастыру үшін тапсырыс беруші мен мердігер арасында заңды күші бар алдын ала келісім дайындалады.

Алдын ала келісім келесідей бөлімдерден тұрады:

1. Объектіні салу туралы шешім;
2. Тапсырыс берушінің, мердігердің және мүмкін болатын субмердігерлік кәсіпорындар аты;
3. Салынатын объектінің аты, оны нақты орналасқан жері және негізгі мәліметтер (куаттылық, жұмыс көлемі, құрылыс ұзақтығы);
4. Мердігер келісімін жасауға қажетті жоба-сметалық документацияны беру;
5. Құрылыс ауданының дайындығы;
6. Мердігер келісімін жасаудың мерзімі мен ережесі;
7. Құрылысты бекіткен уақытта аяқтауға кепіл беретін тапсырыс берушінің қаржылық, материалдық және басқа да ресурстар бар екендігін рәсімдейтін құжаттар;
8. Төлемдер, есеп-айырысу және сый-ақылар шарттары;
9. Хаттамадағы келісілген шешімдерді бұзған жағдайдағы мүліктік жауапкершілік нормалары;
10. Алдын ала келісімнің мерзімі.

Алдын ала келісім мердігер үшін өзінің қызметін жоспарлауға, жұмыс бағдарламасын қалыптастыру, материалдарды, құрылғыларды, жабдықтар мен бұйымдарды жеткізу шарттарын жасауға, сонымен қатар субмердігерлермен ұқсас келісімдер құруға негіз болып табылады.

Министрліктер, агенттіктер, акиматтар сияқты дәстүрлі тапсырыс берушілер компанияның тапсырыстарды қалыптастыру бөлімшесіне құрылыс-монтажды жұмыстардың келісілген көлемдер хаттамасы түріндегі компаниямен бекітілген формада ұсынылады. Бұл формалар компанияның бөлімшелерімен бірлесіп қарастырылады,

қорытынды жасалынады, әр бір тапсырыс беруші бойынша жалпы қорытынды жасалынып, қарама-қайшылықтарды шешу үшін Қазақстан Республикасының сауда және экономика Министрлігіне жіберіледі. Сауда және экономика Министрлігіне статистикалық мәліметтер алу үшін қажет кезең сайын құрылыстың жалпы кезеңінде объектілер бойынша атқарылған жұмыс жайында талдау анықтамасы жіберіліп тұрады.

Тапсырыс берушілердің формалары түскен сайын құрылысқа қабылданғанына немесе қабылданбағанына байланысты ұсынылатын жұмыстар тізімі жобалық-сметалық құжаттамалар, капиталды салымдар бөлу, жер телімдерін бөлу, құрылыстың технологиялық объектілерін бағалау негізінде тапсырыс беруші сенімділігінің деңгейін талдау үшін тапсырыс беруші жайлы ақпараттық базаға енгізіледі. Бөлімшелердің есептік мәліметтері негізінде құрылыс кәсіпорындарының өндірістік қуаттылық, олардың мамандықтары, өндірістік бағдарламалар құрастыру нұсқалары жайында, қолда бар құрылыс техникалардың ерекшеліктері мен спецификасы туралы, өндіріс тиімділігін арттыратын қажетті іс-шаралар, жұмыстарды орындау және объектіні салудың нақты бағасы жайындағы резервінің ақпараттық базасы құрылады. Субмердігерлер мен барлық қатарластар, олардың өндірістік қуаттылығы, келісімдерді жүзеге асыру сенімділіктері, құрылыс материалдарының, конструкциялардың жабдықтаушылары, транспорттық ұйымдар және инвестициялық циклдың басқа да қатысушылары жайлы ақпараттық база құрылады.

Болжанатын мерзімге мердігерлік жұмыстардың жалпы көлемінен мемлекеттік тапсырысқа қосуға қажетті объектілер анықталады. Бұл объектілер Қазақстан Республикасы дамуының ұлттық бағдарламасына кіреді және мемлекеттік капиталды салымдар есебінен қаржыландырылатын объектілер мен құрылыс тізімдерімен анықталады.

Мемлекеттік капиталды салымдар бюджет есебінен, экономиканы түрлендіру қорынан, жол қорынан, кәсіпкерлікті қолдау қорынан, мемлекет секторындағы басқа да ұқсас қорларынан, банк несиесінен және мемлекеттік кәсіпорындар есебінен бөлінетін қаражат болып табылады.

Басымдылыққа ие, мемлекеттік тапсырысқа енетін объектілер барлық қажетті ресурстармен қамтамасыз етіледі. Нарықтық қарым-қатынас жағдайларында мемлекеттік тапсырыстар мақсаты экономика құрылымын жақсарту мен маңызды экономикалық пропорцияларды қолдау болып табылады.

АҚШ, Германия, Жапония, Франция сияқты өндірістік дамыған елдерде мемлекеттік тапсырыс өзара бәсекелесетін фирмалардың объектісі болып табылады [3; 201]. 20% құра отырып, құрылыс кәсіпорындары үшін қаржылық жағынан өте табысты болып табылады.

Көп құрылысты экономиканың мемлекеттік және басқа да меншік түріндегі кәсіпорындарды нарықтық экономика жаңа жағдайға қоюда. Негізгі айырмашылық мемлекеттік емес кәсіпорындар тапсырыс портфелін дербес құру, басқару, өндіріс ұйымдастыру, кооперациялар формаларын таңдау, айырбастау, дайын өнімді жүзеге асыру, баға орнату, табыстарды пайдалану мен еңбек ақының төлеу бағыттарын және формаларын таңдау мүмкіндігіне ие. Осының барлығы кәсіпорынның өндірістік бағдарламасын құрудың негізі болып табылады. Мұндағы белгілер: тұтынушылар қажеттіліктерін қанағаттандыру, шаруашылықтың тиімділігі мен жұмыс істеушілердің еңбек белсенділігін мотивациялау.

Мемлекеттік кәсіпорындар тұтынушыға және өндіріс тиімділігіне жанама бағытталған белгілер бойынша қызмет етеді. Айтып кеткен жөн, КСРО-да шаруашылық жүргізудің көп жылдық тәжірибесі еңбекке жанама ынталандырудың төмен қайтарымын дәлелдеді. Осының барлығы кәсіпорынның шаруашылық жүргізуінің және басқаруының ерекше жүйесін құру қажеттілігін көрсетуде, біздің пікірімізше, мұндай жүйенің болмауы нарықтық жағдайдағы кәсіпорынды ерте, не кеш банкроттылыққа алып келеді, себебі білікті жұмысшылар, технико-инженерлік мамандар және экономистер ынталарын

көрсету мүмкіндігіне ие және жалақысы жоғары экономиканың басқа саласындағы жұмыстарға ауысады.

Құрылыс саласындағы кәсіпорын үшін басқарудың негізгі мақсаты ресурстардың минималды шығыны кезінде жоғары өндірістік-шаруашылық көрсеткіштерге жету, сонымен қатар адамдардың рационалды еңбегін қамтамасыз ететін әлеуметтік мәселелерді шешу, құрылыс материалдарын және бұйымдарын жеткізу, құрылыс пен өндірістік қуаттылықтарды және объектілерді пайдалануға енгізу.

Басқаруда және реттеуде басқару объектісі және басқару субъектісі үзіліссіз байланыста болады. Осыдан құрылыс саласындағы кәсіпорынын басқаруды басқаратын жүйенің басқарылатын жүйеге ақпараттық әсер етуі ретінде елестетуге болады. Басқарушы жүйе (басқару субъектісі) өндірістік цикл қатысушыларына әсер ету арқылы басқарылатын жүйені (басқару объектісі) нақты мақсат пен міндеттерге сәйкес бір күйден екінші күйге ауыстырады.

Құрылыс саласындағы кәсіпорынды басқаруды ұйымдастыру мақсаты нақтыланған (оптималды) параметрлер негізінде қызмет ету болып табылатын тәртіп белгілерінің, міндеттердің, жауапкершілік шаралар жүйесі және басқарушы жүйесінің әрекеттер дәйектілігі болып табылады. Құрылыс саласындағы кәсіпорындағы басқарылатын элементтерге кез келген өнеркәсіптегідей еңбек – басқару қызметкерлері, еңбек құралдары (ақпараттық желілер, ақпаратты жинау және өңдеу құрылғылары, ақпаратты өңдеудің есептеуін құралдары, электронды-есептеуіш машиналар және т.б.).

Құрылыс саласындағы кәсіпорынның бейімделу қасиеті оның ішкі құрылымының өзгеру мақсаттылығына негізделеді, нәтижесінде кәсіпорын жағдайын сыртқы қоршаған ортаға сәйкестендіреді. Бұл өзгерістер нақты тиімді қызметтерде әр түрлі формаларда көрсетілуі мүмкін: атқарылып жатқан құрылыс-монтажды жұмыстардың құрамының өзгеруі, құрылыс өндірісінің құрылымының өзгерісі және т.б., өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруды жақсарту, техника мен технология, құрылыс өндірісін материалды- техникалық қамтамасыз ету, құрылыс объектілерінің конструкциялық өзгерістері және т.б. Бұлардың жиынтығы осы саладағы кәсіпорынды басқарудың мазмұнын сипаттайды, оның мақсаты – құрылыс саласындағы кәсіпорынның сыртқы қоршаған ортадағы өзгерістерге байланысты динамикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету, яғни нәтижесінде белгілі шектеулер кезінде кәсіпорынның жағдайын сипаттайтын барлық айнымалылар мәнін сақтап қалу [4; 75].

Құрылыс саласындағы кәсіпорынды басқару процесі басқару субъектісінің нақты, дәйекті іс-шаралар жиынтығы. Ол мақсатты белгілеуден басталып, оған жетумен немесе қойылған мақсатқа жақындаумен аяқталады. Басқару процесінде әр түрлі функциялар атқарылады. Функция деп қалыпты (оптималды) өндіріс процесін қамтамасыз ететін және оны бір күйден екіншіге ауыстыратын қайталанатын бірыңғай міндеттер шешімі түсініледі.

Нарық жағдайында құрылыс саласындағы кәсіпорынды басқаруда, кез келген материалды өндіріс саласындағы кәсіпорындағыдай келесі функцияларға маңызды орын болу керек:

а) болжау– тенденциялар құрастыру, кәсіпорынның негізгі параметрлері бойынша оның уақыт бойынша даму нұсқалары;

б) жоспарлау– кәсіпорын мақсаттарын құрастыру бойынша кешенді шешімдер, олардың жүйелілігі, мерзімдері, жету құралдары мен әдістері, сонымен қатар қажетті ресурстар;

в) реттеу – қойылған мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін кәсіпорынның қызмет етуі тәртібін ұстану;

г) жетілген нәтижелерді бағалау мен талдау – өткен период аралығында кәсіпорын қызметінің нәтижесін қорытындылау (жоспарды орындау деңгейі, алынған нәтижелер тиімділігі және т.б.);

д) ынталандыру – қызметкерлер мен еңбек коллективіне еңбек және

шығармашылық белсенділікті жоғарлату мақсатымен әсер ету [5; 49].

Басқаруда кәсіпорынның ұйымдастыру, бақылау, есептеу, талдау және реттеу функциялары нақты мақсатқа жетуге арналған басқару циклы аяқталмағанша қайталанып тұрады. Функциялардың қайталануы құрылыс саласындағы кәсіпорынның тұрақтылық жағдайына байланысты болады.

Жобаны енгізудің экономикалық тиімділігі және тәуекелділікті бағалау. Инвестициялық жобалардың тәуекелдіктерін талдау бағыттарының бірі сапалы талдау болып табылады.

Жобалы тәуекелділіктерді сапалы талдаудың бірінші қадамы- жобаның барлық мүмкін тәуекелділіктерін анықтау (сипаттау - «инвентаризация»). Жобалы тәуекелділіктерді классификациялау бұл бағытта тәжірибелі көмек көрсете алады. Сурет 1 тәуекелділіктерді талдау бағыттары көрсетілген [6; 25].

Сипатталған әр бір саланы үш бағыттан қарастырайық: біріншіден, тәуекелділіктің пайда болу себебі, екіншіден, тәуекелділіктің тигізетін ипотекалық теріс нәтижесі, үшіншіден, қарастырып отырған тәуекелділікті төмендететін шаралар.


Қаржыландыру саласында жоба тәуекелді болу мүмкін, егер:

- Елде экономикалық тұрақсыздық болса;
- Инфляция;
- Саладағы қалыптасқан төлемқабілетсіздік;
- Бюджет қаражаттарының тапшылығы.

Жобаның қаржылық тәуекелділігінің пайда болу себептері:

- Саяси факторлар;
- Айырбас бағамының ауытқуы;
- Есептелген банк ставкасының мемлекеттік реттеуі;
- Капитал нарығындағы ресурс бағасының өсуі;
- Өндіріс шығындарының өсуі.

Аталаған себептер пайыз ставкасының жоғарлауына, қаржыландырудың қымбаттануына, сонымен қатар құрылыс бойынша келісімнің бағасының және қызметінің өсуіне алып келе алады.




Сурет 1- Негізгі салаларда тәуекелділіктерді талдау

Ескерту: автормен құрастырылған әдебиет көзі [7; 26]

Қаржылық тәуекелділіктерді төмендету шаралары:

1. Жобалау, өндіру, құрылыс және эксплуатациялауда тәжірибесі мол ірі фирмаларды жобаны жүзеге асыруға тарту;
2. ҚР Үкіметінің инвестицияны сақтандырушы ретінде қатысуы, батыс инвесторларымен ұсынылатын несиеге ҚР Үкіметінің кепілдігін алу;
3. Салық жеңілдіктерін алу;
4. Жобаны жүзеге асырушылар арасында келісім шартты құру;
5. Жағымсыз жағдайлардың пайда болуын есепке алатын сценарилерді құрастыру.

Жобаның тәуекелділіктерін талдаудың сандық әдістерінің жиі кездесетін түрі сезімталдықты талдау, сценарилерді талдау және Монте-Карло әдісі бойынша тәуекелділіктерді имитациялық модельдеу.



Сурет 2- Құрылыс тәуекелділіктерінің себептері


Ескерту: автормен құрастырылған әдебиет көзі [8; 42]

Тәуекелділіктерді минимизациялау мақсатымен оларды басқару алгоритмі 3 суретте көрсетілген.

Тәуекелділіктерді басқару бағдарламасы – бұл мердігерлік құрылыс ұйым деңгейінде құрастырылған жоғалтуларды төмендетуге қажетті жоспарлау, шараларды қамтамасыз ету және ұйымдастыру жүйесі.

Тәуекелділіктерді басқару бағдарламасы келесі міндеттерді шешуге негізделеді:

- мүмкін тәуекелділіктерді анықтау және олардың мердігерлік құрылыс ұйымына әсері;
- тәуекелділіктерді басқару әдістерін және принциптерін анықтау;
- тәуекелділіктерге байланысты қаржылық жоғалтуларды бағлау.



Тәуекелділіктерді басқару бағдарламасы келесі баптардан тұру керек:

- құрылыс ұйымы жалтаратын тәуекелділіктер тізімі;
- құрылыс ұйымы төмендететін тәуекелділіктер тізімі;
- құрылыс ұйымы беретін тәуекелділіктер тізімі;

- құрылыс ұйымы өзіне алатын тәуекелділіктер тізімі;
- алынатын тәуекелділіктерді басқару әдістері;
- берілетін тәуекелділіктерді басқару әдістері;
- таңдалған басқару әдісін жүзеге асыру бойынша шығындар Π_6 бағалау;
- таңдалған басқару әдісін енгізгеннен кейінгі ықпал көлемі:


$J_{дейін} - (\Pi_6 + J_{кейін}) > 0$, мұндағы

$J_{дейін}$ - бағаланатын басқару әдісін енгізгенге дейінгі мүмкін жоғалтулар; $J_{кейін}$ - тәуекелділікке бағаланатын басқару әдісін енгізгеннен кейінгі мүмкін жоғалтулар; Π_6 - басқару әдісін қолданумен байланысты шығындар.

- ұсынылатын шараларды жүзеге асыруға дейінгі және кейінгі жоғалтуларды үйлестіру;

- ұйымның мүмкін жоғалтуларын жабу шараларын және әдістері [8; 44].

Диверсификация тәуекелділікті төмендетудің әдісі ретінде. Диверсификация тәуекелділікті төмендету мақсатымен инвестицияланатын құралдарды әр түрлі, бір-бірімен байланысы жоқ салымдар объектілері арасында үйлестіру процесі. Кез келген кәсіпорын нақты сәйкестіктегі кейбір активтердің жиынтығы ретінде қарастырылуы мүмкін [9, б. 323].



Сурет 4- Диверсификацияланған тәуекелділіктердің көрінісі

Портфельдің жалпы тәуекелділігі екі бөлімнен тұрады:

- Диверсифицированный (жүйелі емес) тәуекелділік, яғни диверсификация арқылы жойылатын тәуекелділік (1 млн.тг. он компанияның акциясына инвестициялау тәуекелділігі, сол соманы бір компанияның акциясына инвестициялауға қарағанда төмен);

- Диверсифицированный (жүйелі) тәуекелділік, яғни портфельдің құрылымын өзгертсе де, төмендемейтін тәуекелділік. Зерттеулер бойынша, егер портфель 10-20 әр түрлі құнды қағаздардан тұратын болса, онда жүйелі емес тәуекелділік минимум болуы мүмкін. Осылайша, бұл тәуекелділік күрделі емес әдістер арқылы жоюы мүмкін, сондықтан назарды жүйелі тәуекелділікке аудару қажет.

Егер қандай да бір болжанбаған жағдайларға байланысты бір қызмет табысыз болса, басқа қызмет түрі міндетті түрде табысты болады. Кәсіпкерлік фирманы бұл банкроттықтан сақтап, ары қарай қызметін жалғастыруға мүмкіндік береді[9; 324].

Орталық және көлденеңлі диверсификацияны ажырату қажет. Орталық диверсификация- бұл кәсіпорынмен шығарылатын өнімге ұқсас өнім ассортиментімен толтыру; көлденеңлі диверсификация- бұл тұтынушыға қызық болатын кәсіпорынмен шығарылатын өнімге ұқсас емес өнім ассортиментімен толтыру.

Диверсификация әдісі өндірістік, коммерциялық және инвестициялық тәуекелділікті төмендетуге мүмкіндік береді. Инвестициялық тәуекелділік фирманың

инвестициялы портфельін құру арқылы төмендетіледі. Стандартты инвестициялы портфельге альтернативті мақсаттары бар құнды қағаздар кіреді:

- Салынған капиталға пайыздар алу;
- Инфляциядан капиталды сақтау;
- Сатып алынған акциялардың курстық құндарының өсімі арқылы капитал

өсімін қамтамасыз ету.

Бірінші топқа жоғары пайыздарды қамтамасыз ете алатын өтімділігі төмен және жоғары тәуекелді құнды қағаздар кіреді. Екінші топқа жоғары емес пайыздарды қамтамасыз ете алатын, бірақ ірі компаниялармен немесе мемлекетпен шығарылған өтімділігі жоғары және төмен тәуекелді құнды қағаздар кіреді. Үшінші топқа өтімділігі өте жоғары құнды қағаздар кіреді (инвестор қайта сату арқылы табыс түсіруді ойлайды). Осындай бағыт бойынша құрастырылған инвестициялы портфельдің инвестициялы тәуекелділігі «орташаланады» [9; 325].

Латеральді диверсификация бұрынғы қызмет саласы мен жаңадан енгізілген қызмет саласы арасындағы төмен байланыс болған кезде, байқалады. Диверсификацияның бұл түрін қолдану мотивтерінің бірі: өсіп келе жатқан салада тұрақтану; кәсіпорын үшін тәуекелділікті үйлестірудің ең тиімді және оптималды түрі- жоғары табысты салаға кіру; жиналған менеджмент тәжірибесін қолдану.

Кәсіпкерлік тәуекелділіктерді диверсификациялаудың негізгі формалары ретінде фирма келесілерді пайдалану мүмкін:

1. Фирманың кәсіпкерлік қызметін диверсификациялау – альтернативті мүмкіндіктер пайдалану арқылы бір-бірімен байланысы жоқ әр түрлі қызметтерден табыс алу. Мұндай жағдайда, егер қызметтің бір түрі табыссыз болса, басқалары табыс әкеледі.

2. Құнды қағаздар портфельін диверсификациялау – инвестициялы портфельдің табыстылығын төмендетпей, инвестициялы тәуекелділіктерді төмендетуге мүмкіндік береді.

3. Нақты инвестициялау бағдарламасын диверсификациялау. Фирмаға нақты инвестициялы портфельді құрастыру кезінде салыстырмалы түрде бір ірі инвестициялы жобасы бар бағдарламаларға қарағанда, капитал сыйымдылығы жоғары емес бірнеше жобаларды жүзеге асыру бағдарламаларын жоғары бағалау керек.

4. Несиелі портфельді диверсификациялау- фирманың несиелі тәуекелділігін төмендетуге бағытталған және оның өнімін немесе қызметінің сатып алушыларының әр түрлілігін қамтамасыз етеді.

5. Шикізат, материалдар және саймандар комплектісін жабдықтаушыларын диверсификациялау. Жабдықтау тоқтатылған жағдайда, кәсіпкерлік фирмаға альтернативті сатып алушыларды іздемей, басқа жабдықтаушылардың жабдықтарын өсіруге болады.

6. Өнім сатып алушыларын диверсификациялау[3; 326].

7. Фирманың айырбас бағам қорабын диверсификациялау.

Диверсификацияның бұл түрі фирмаға сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыру үшін бірнеше айырбас бағамын таңдауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде кәсіпкерлік фирма бағамдық тәуекелдіктерді минимизациялауға мүмкіндік алады. Осылайша, нақты өнім түріне сұраныстың төмендеуімен байланысты тәуекелділік жоғалтуларын төмендету үшін, өндірістік кәсіпорын әр түрлі өнім түрін шығаруды жүзеге асырады; құрылыс фирмасы негізгі жұмыс түрімен қатар қосымша және ілеспелі жұмыстарды жасайды, сонымен қатар басқа құрылыс материалдар өнім түрлерін шығаруға көмектесетін тәсілдерді қолданады. Сақтандыру бизнесінде диверсификация мысалы ретінде, сақтандыру аумағын кеңейтуді алуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Анагавичюс К.А., Бивайнис Ю.П. Современное управление строительным производством. – М.: Стройиздат, 1993. – 224 с.

2. Прыкин Б.В. Основы управления. Производственно-строительные системы. – М.: Стройиздат, 1991. – 266 с.
3. Гассуль В.А. Оптимизация управления строительным производством. – Л.: Стройиздат, 1994. – 186 с.
4. Рекитар Я.А. Капитальное строительство в капиталистических странах. – М.: Стройиздат, 1993. – 362 с.
5. Рейльян Я.Р. Аналитическая основа принятия управленческих решений. – М.: Финансы и статистика, 1989. – 206 с.
6. Развитие и размещение производительных сил Казахской ССР. – М.: Издательство Наука, 1967. – 260с.
7. Егоров Ю.Н., Варакута С.А. Планирование на предприятии. – М.: ИНФРА-М, 2001. – 176 с.
8. Полякова М.Б. Модель жилищно-строительного индекса – индикатора макроэкономической конъюнктуры // Экономика строительства. – 2003. - №3. – С.39-46.
9. Экономика строительства: учебник / под редакцией И.С. Степанова. – 3-е изд. – М.: Юрайт-Издат, 2008. – 620 с.
10. Кенжегузин М.Б. Наука и инновации в рыночной экономике: мировой опыт и Казахстан / М. Кенжегузин, Ф. Днишев, А. Альжанова // Ин-т экономики МОН РК. – Алматы, 2005. – 256 с.



УДК 322 (574)

Мақсұтов Б.Н.,
«Саясаттану» мамандығының
1 курс магистранты
Л.Н.Гумилеватындағы ЕҰУ
Ғылыми жетекші:
с.ғ.д., профессор Қалиев Н.Қ.,

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕМДЕ БЕЙБІТШІЛІК ОРНАТУДАҒЫ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Түйін

Қазіргі күні экономикалық жетістіктерді, әлеуметтік игіліктерді, саяси тұрақтылық пен мәдени өркендеуді бастан кешіріп отырмыз. Тәуелсіздік алғалы бері Қазақстан көптеген жаһандық деңгейдегі ірі мәселелерді бейбіт әрі тиімді шешу арқылы басқа елдерге үлгі бола алды.

Аталмыш мақала өзектілігінің өміршеңдігі ұлттық қауіпсіздік мәселесімен және еліміздің әлемде алатын орны мен имиджімен тығыз сабақтас, мұның өзі жарияланым тақырыбының атауын ашып тұр. Қазақстанның халықаралық сахнадағы саясатының жүзеге асырудың теориялық негіздерін ашып, оның мәні мен мазмұнын, жүзеге асырудың мақсаты, сондай-ақ, ҚР әлемде бейбітшілік орнатудағы қосқан үлесінің негізгі бағыттары мен перспективалары және оның маңызын көрсету.

Кілтті сөздер: Қазақстан Республикасы, Нұрсұлтан Назарбаев, бейбітшілік, антиядерлық бастама, «Астана процессі», Манифест. «Мир. XXI век» «АТОМ», БҰҰ, Қауіпсіздік Кеңес, Тәуелсіздік, Қарусыз әлем, имидж.

Бүгін Қазақстанда бейбітшілік пен өзара келісім ішінде 140 этника мен 40 конфессия өмір сүруде. Еліміз көпұлтты және көпдінді. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай: «Қазақстан – бұл ортақ мекен, ортақ ұлт пен діннің тоғысқан жері. Барлық қазақстандықтарды ұлтаралық және дінаралық келісімдерді сақтауға шақырамын. Бұл біздің мәңгі құндылығымыз. Бұл біздің мәңгі еліміз бен Астанамыздың мақтанышы».

Қазақстан Республикасының Конституциясына сай, еліміз құқықтық, зайырлы және демократиялы ел. Ел басына күн туған қилы замандарда да халқымызды ұлт ретінде

сақтап қалған ынтымағы мен бірлігі. Достық пен ынтымақ бар жерде береке мен ырыс болары айдан анық. Тыныштық пен бейбітшілік сақтай алған Қазақстан, әлемдегі көптеген елдерге үлгі болуда.

Қазақстан – әлемге бейбітшілік пен достықтың алтын бесігі ретінде танылған мемлекет. Еліміз сыртқы саясатында әлем назарын жаһандық қауіпсіздік пен бейбітшілік мәселелеріне аударып келеді. Елбасының аймақтық және әлемдік мәселелерге қатысты бейбіт бастамалары үнемі халықаралық қоғамдастық алдында қолдау тауып, өз нәтижелерін беруде.

Тәуелсіз Қазақстанның тарихы ядролық қарусызданумен тығыз байланысты. Тәуелсіздік алар жылдары тұсында, 1991 жылы тамызда Президент Н.Назарбаев Семей ядролық полигонын жабу туралы тарихи Жарлыққа қол қойды. Бұл Қазақстанның дұрыс стратегиялық таңдау жасағанын және ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан бірінші ел мәртебесіне ие болғанын көрсетеді. Қарудан бас тарту арқылы Қазақстан адамзаттың бүгінгі және болашақ ұрпағы арасында үлкен жауапкершілік өнегесін көрсете білді. Нақты қауіпсіздіктің тірегі ядролық арсенал емес, сыртқы бейбітшілік сүйгіш саясат, ішкі тұрақтылық, елдің тұрақты экономикалық және саяси дамуы болып табылатындығын өз мысалымен сенімді өзге мемлекеттерге көрсете білді.

Қазақстанның қарусыздандыру және жаппай жою қаруын таратпау саласындағы саясаты сыртқы саяси бағытпен анықталады, оның негізінде ядролық қарудан бас тартуға, халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға, халықаралық ұйымдардың жаһандық проблемалар мен дауларды реттеудегі ролін арттыруға бейімділік жатыр.

Бүгінде Қазақстан Республикасы жаһандық ядролық қаруға қарсы қозғалысының көшбасшыларының бірі. Бұл жоғары мәртебеге негізінде сансыз ядролық сынақтар, оның ішінде жер бетінде және әуеде жасалған жарылыстар ошағын жабуға септігін тигізген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бейбіт саясатының арқасында деп білемін.

Еліміздің ядролық қарусыз болашақ пайдасына жасаған маңызды таңдауы Қазақстан үшін қауіпсіздік саясатының басымдылығын көрсетті. Оның негізі халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға, жаһандық проблемалар мен дауларды реттеудегі халықаралық ұйымдардың ролін арттыруға, тұрақты даму принциптері мен бастамалары.

2012 жылдың тамызында Астанада өткен «Ядролық сынақтарға тыйым салудан – ядролық қарудан азат әлемге» атты халықаралық конференцияның барысында Елбасымыз «Атом» деп аталатын халықаралық жобаның іске қосылатындығын жария етті. Бұл ауқымды жоба әлемдік қоғамдастыққа ядролық қаруды сынақтан өткізудің құжаттамалық түрде расталған апаттық гуманитарлық салдарлары жайлы, атап айтқанда, Қазақстанда жүргізілген ядролық сынақтардың салдарлары туралы ақпарат беруге бағытталған. Сонымен қатар, «Атом» жобасының басты міндеті – ядролық сынақтарға толықтай тыйым салуға және ядролық қаруды барлық елдердің жоюына қол жеткізу мақсатында бірлескен әлемдік деңгейде іс-қимылдар жасау болып табылады.

2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-ші мерейтойлық сессиясында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Жаһандық Стратегиялық Бастама – 2045 жоспарын әзірлеуді ұсынды, соның аясында БҰҰ-ның ядролық қарудан бейбіт әлемге қол жеткізу жөніндегі Жалпыға ортақ декларациясын қабылдау ұсынылды.

Қазақстан Президентінің ғаламда әділ және қауіпсіз әлем құрылымын қалыптастыруға бағытталған «Әлем. ХХІ ғасыр» манифесі кең ауқымды халықаралық сипатқа ие болды.

Нұрсұлтан Назарбаевтың ядролық қарусыздану ісіне қосқан және қосып келе жатқан үлесі зор. Елбасы 29 тамыз – Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні аясында Астанада өткен «Ядролық қарусыз әлем құру» деп аталатын халықаралық конференцияда сөйлеген сөзінде: Қазақстанда ядролық қарусыздану және бейбітшілік жолында еңбек сіңірген адамдарға халықаралық сыйлық тағайындалатыны

туралы хабарлаған еді. «Ядролық қарусыз әлем құру» атты конференцияда жасаған баяндамасында ядролық қарулану жарысының салдарын айқындап берді. Әлемнің болашағына алаңдайтын адам ретінде бұл зұлымдық ешкімге пайда әкелмейтінін айтты. Аталмыш кең іс-шара әлемнің барлық алаңдарында өтуі тиіс деп есептеймін.

Өңірлік ұйымдарға төрағалық ету, күрделі халықаралық мәселелерді шешуге қатысу, өңірлік қауіпсіздікті, мәдениетаралық үнқатысу мен дінаралық келісімді, сондай-ақ, тұрақты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар бастамаларды көтеру және оларды атқаруы еліміздің баға жетпес тәжірибе жинақтауына мүмкіндік берді. Қазіргі кезде Қазақстан халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне одан әрі де өз үлесін қосуға дайын.

Мақтан тұтарлықтай биік асуларды бағындыра отырып, мемлекетіміз алдағы уақытта да одан да биік мақсаттарға ұмтыла бермегіне сенімім мол. Аталмыш міндеттердің бірі – «Қазақстан-2050» Стратегиясының негізінде өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту арқылы ХХІ ғасырда әлемдік қоғамдастықтың алдыңғы қатарлы мүшесі мәртебесіне ие болу.

Жоғарыда аталған маңызды оқиғаларды қорытындылай келе, еліміз әлемде бейбітшілік сүйгіш және агрессиясының кез-келген формасына қарсы екендігін білдірген ел ретінде танылды.

Еліміздің бейбітшілік бастамаларының бірі ретінде, Астана қаласының Сирия мәселесін әлемдік деңгейде талқылауда пікірталас алаңына айналуын атап өткен жөн.

Астана процессі тікелей соғысты тоқтатпаса да, қарулы қақтығыстарды азайтуға, гуманитарлық көмекті реттеуге, бейбіт өмірге оралуға мүмкіндік ашып отыр. Бастысы күні кеше дұшпан болған билік пен оған қарсы бірнеше топтардың бір үстел басына жиналып, мәселені бейбіт шешуге ниет білдіргендігі, Астана қаласында өткен әлі де болмақ келісімдердің маңыздылығын көрсетеді. Осы шара арқылы, Қазақстанды әлемде бейбітшілік нышаны ретінде қабылдайтындығына сенімім мол! Ендігәрі «Қазақстан» және «бейбітшілік» деген ұғымдар мағынасы бір және әрқашанда бірге жүрмек!

Қазақстанның әлемдік қауымдастықтарымен қарым-қатынасы тек ылғи жеңістерден тұрады, халықаралық жағдайы да ешқандай мәселесіз деп біржақты баянға бейімделу мақсатымыз жоқ. Сондай-ақ “біз керемет болдық, әлем бізді танып, мойындап болды, біз қайда барсақ та бізді қол қусырып күтіп отыр” деген жаңсақ пікірден де аулақпыз. Осы орайда әлі ізденеріміз де, үйренеріміз де, тер төгеріміз де жеткілікті.

Біздің ел әлемде болып жатқан үрдістер мен құбылыстарға сырттан бақылаушы болып, еш әрекет жасамай отырмайтын мемлекет. Қазақстан әлемге өзінің ізгілікті, бейбіт ниеті, өркендеуге, дамуға әзірлігі, тиянақты бағыты, бағдарламасы бар, бәсекелестікке қабілетті ел екендігін тәуелсіздік алғалы бері дәлелдей үстінде. Дүниежүзілік қауымдастықтың белсенді мүшесі ретінде танылып, әлем елдерімен қарым-қатынасын кеңейтіп отырған болашағынан зор үміт күткізетін ірі мемлекет.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Еуразиялық форумда жасаған баяндамасына сәйкес: «Біз – бейбіт елміз. Ешбір елге қатер төндірмей, баршаға құшағын бірдей жайған дос бола отырып, Қазақстан әлемдегі жетекші елдер қатарынан лайықты орын алды. Енді біз көшбасшылығымызды одан әрі нығайтуға тиіспіз. Жаңа ұрпақ бұл сынақтарды құштарлықпен және табысқа сенімділікпен қабылдағанын қалаймын!».

Қолданылған әдебиет тертізімі

1. Рахимова Г. Образ Казахстана в контексте политического развития // Саясат. 2008. № 10.
2. Нурсұлтан Назарбаев – лидер, на которого надо равняться/ Казахстанская правда. 2010, 17 апреля.
3. Назарбаев Н. А. Критическое десятилетие. Алматы, 2003. 2. Далаева Т. Т. Из истории международных связей Казахстана // История Казахстана в школе и в вузах. Астана, 2002. № 4. 3. Сарсекеев М. Национальные интересы и внешняя политика Казахстана // Евразийское сообщество. Алматы, 2002.
4. Конституция Республики Казахстан: научно-практический комментарий. – Алматы: Раритет, 2010. – С.10

5. Назарбаев Н. А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда
6. Программная статья Президента страны // Казахстанская правда от 10 июля 2012 г.
7. Стратегия «Казахстан - 2050» Новый политический курс состоявшегося государства. Послание Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу Казахстана 14 декабря 2012 г. - Астана, 2012.
8. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
9. Назарбаев Н.А. Манифест. «Мир. XXI век» www.akorda.kz
10. Қазақстан халқы Ассамблеясы: жиырма жылдық тарих. - Алматы: «ҚазАқпарат», 2015. - 342 с.
11. Ассамблея народа Казахстана: история двух десятилетий. - Алматы: «ҚазАқпарат», 2015. - 326 с.



УДК 331/332.14:338.48

Махай А.А.,
«мемлекеттік жергілікті басқару»
мамандығы магистранты
Ғылыми жетекшісі: PhD докторы,
доцент м.а. Жамкеева М.Қ.

ХАЛЫҚТЫ ЕҢБЕКПЕН ҚАМТУЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕК РЕСУРСЫНЫҢ ТИІМДІ ИГЕРУШІЛІГІН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін

Мақалада халықты еңбекпен қамту және еңбек ресурсының тиімді игерушілігінің мәселелері, және оларды шешу жолдары қарастырылған.

Кілт сөздер: Еңбекпен қамту, еңбек ресурсы, Халықаралық еңбек ұйымы, еңбек ресурстарын мемлекеттік реттеу.

Қазір әлем елдерінің әлеуметтік әлеуеті, жалпы хал-ахуалы ондағы халықтың еңбекпен қаншалықты қамтылғандығымен де өлшенетіні белгілі. Себебі экономикалық өсуге жұмыссыздықтың тигізер әсері айтарлықтай зор. Осыған орай жұмыссыздықпен күрес әрбір мемлекеттің қашан да басты міндеттерінің бірі болып табылады. Қаржылық дағдарыстың салдары да осы жұмыссыздыққа кеп жұғысқан болатын. Талай елде береке кетіп, басына қиын күн туды. Мұндайда, «жұмысы жоқтық ашындырар адам баласын» демеске амалың жоқ. Себебі әлемде орын алып жатқан көтерілісшілердің көпшілігі, бей-берекет бүліктің, тіпті қантөгістің құрбандарының көбі осы жұмыссыз жүргендер. Осы тұрғыдан алғанда халықтың табысты да тұрақты жұмыспен көбірек қамтылуы қоғам орнықтылығының аса маңызды шарттарының бірі болып табылады, мұның өзі елдегі экономикалық және әлеуметтік ахуалға айтарлықтай дәрежеде ықпал етеді. Жекелеген адамның әл-ауқатын арттыру да атқаратын аса маңызды рөлі туралы айтылғанның өзінде, еңбекпен қамту кәсіптік машықтарды кеңейтіп, ұштай түсуге мүмкіндік береді, халықтың барлық санаттарының өзін-өзі көрсете білуіне жол ашады және түптеп келгенде өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал етеді, яғни көптеген неғұрлым ауқымды міндеттерді шешудің кепілі болып табылады. Осылайша, халықты жұмыспен қамту еңбекқатынастарының сипатын ғана емес, біздің айналысатын істерімізді де өзгертетін, түрлендіретін және былайша айтқанда, өзімізді де өзгертуге қабілетті негіз қалаушы функцияға ие болып отыр [1].

XXI ғасырдың басында экономиканың өзіндік ерекшелігі бар саласы — ақпарат бизнесінің қалыптасқаны белгілі. Оның мазмұны ақпаратты қайта өңдеуді білдіреді. Ақпарат саласындағы жұмыспен қамтуды құрылымдау көптеген бағыттар бойынша өріс алууда. Ақпараттық технологияның дамуы өндірістегі, саудадағы, коммуналдық

сектордағы құрылымның өзгеруіне белгілі бір дәрежеде әсер етеді. Осымен қатар жұмыспен қамтылған жаңа бір категория пайда болды. Олар экономиканың ақпараттық емес саласына жұмысқа орналасуда. Жұмыспен қамту органдарына жұмыс сұрап келгендердің арасында біліктілігі жоқ адамдардың саны басым, олардың көпшілігі ауылдық жерден келген 23 жасқа дейінгі, негізінен орта білімді әйелдер. Осы адамдардың электронды рыноктан жұмыс табуы үшін бүгінгі таңда жұмыссыздарды қайта оқыту үшін жұмсалып жүрген қаржылармен қамтамасыз етілсе. Сонымен қатар қазіргі заманғы ақпараттық жүйелердің еңбек рыногын реттеу және жұмыспен қамтудың тиімділігін қамтамасыз ету саласында қолданылуының маңызы арта түседі. Ал бүгінгі таңдағы біздің қолымыздағы бардың өзі — уақыт талабына жауап бермейді әрі лайықты қаржыландыруды қажет етеді. Жұмыс іздеушілердің ендігі бір санаты 40-тан 50 жасқа дейінгі адамдар. Осы адамдардың үлесі жұмыспен қамту органдарына келгендердің жалпы санының 40 пайызын құрайды [2].

Халықаралық еңбек ұйымының мәліметінше, 2007 жылы қаржылық дағдарыс басталғаннан бері әлемде жұмыссыздық деңгейі 28 млн. адамға көбейіпті, ал 2009 жылы 199 млн. адам жұмыстан босатылған. Одан кейін жұмыссыздық шамалы азайғанымен, 2012 жылдан бастап қайтадан арта бастады. 2012 жылы олардың қатары 197 млн. адамға жеткен. Ал 2013 жылы әлемде жұмыссыздық деңгейі 5 млн.-нан артып, 202 млн. адамға жетуі мүмкін деп болжанған. 2014 жылы жұмыссыздар қатары тағы 3 млн. адамға көбейіп, 2017 жылы 210,6 млн. адамға жететкен. Дүние жүзіндегі экономикалық белсенді халықтың арасында жұмыссыздар қатары 6 пайыз деңгейінде болмақ. Швейцарияның Женева қаласында орналасқан Халықаралық еңбек ұйымы әлемде 15 пен 24 жас аралығындағы азаматтардың 13 пайызы – шамамен 75 миллион адам жұмыссыз қалған деп отыр. Олар «әлемде 6 миллионнан астам азамат жұмыс табудан үмітін үзген» деп хабарлаған. Осындай мәліметтермен дабыл қаққан Халықаралық еңбек ұйымы әлем елдерінің үкіметтерін жұмыс орнын ашу мәселесін «ең басты мақсат» деп қарастыруға шақырған болатын. Ұйым өкілі Хосе Мануэль Салазар-Ксиринакс «Дағдарыс деңгейіне жеткен жастар арасындағы жұмыссыздық проблемасы жұмыс орнын ашу мен шешім шығару үрдістеріндегі басты мақсатқа айналып, жекеменшік секторындағы инвестиция айтарлықтай дамыса ғана бұл мәселе шешілуі мүмкін» деген дейді G-Global коммуникативті алаңы жариялаған ақпарат көзі. Олай болса, жұмыспен қамту проблемасы - бүгінде әлемдік күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі. Мысалға Еуропалық одақты алайық. Бүгінгі таңда Грекияда, Португалияда, Испанияда, Италияда және Еуропаның басқа елдерінде болып жатқан жағдай – жұмыссыздықты туындататын экономикалық проблемалардың айқын салдарлары, бұл терең әлеуметтік және тіпті саяси дағдарысқа ұласып барады. Күні кеше ғана мерейі асып- тасып тұрған осы елдерде жұмыссыздық деңгейі қазіргі кезде айтарлықтай жоғары болып отыр. Бұл әлі де жалғаса түсуі мүмкін. Ең бастысы – адам және зияткерлік капиталын пайдаланудағы ұстанымдардың белгілі бір дәрежеде жоғалуы айқын көрініп тұр. Мұның аясында Қазақстандағы жағдай айтарлықтай жақсы [3].

Экономиканы басқару жүйесіндегі еңбек ресурстарын басқару мен реттеу ерекше орын алады және оның экономикалық жетістігінің негізгі факторы болып табылады. Қізіргі заманғы қызметкерлерді басқару жүйесі, бір жағынан – әкімшілік басқарудың әдістері мен қағидаларына, ал басқа жағынан – қызметкердің тұлғалық рөлін жоғарлататын, оның мотивациялық қойылымдардың біліміне, оларды қалыптастыра білушілігіне және мемлекеттік мекеменің алға қойған міндеттерін сәйкестікке бағыттай білушілігіне қорланады. Сондықтан жетекшілер мен қызметкерлерді жаңа құндылықтарға қайта бағдарлау қажет: мекеменің ішіндегі ең негізгісі ол – қызметкерлер. Мекеменің басты құндылықтарына қызметкерлердің жұмысының тиімділігі, әрекеттілігі, мүдделілігі, шығармашылық потенциалының дамуы, жауапкершілік сезімі жатады.

Нарықтық экономика жағдайында елімізде кез келген өндірістің әлеуметтік-экономикалық тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік беретін қызметкерлерді басқарудың

қазіргі кездегі түрлері мен әдістерін тәжірибеде пайдалану мәселелері ерекше мәнге ие болып отыр.

Қазіргі кезде меншік түрі әр түрлі кәсіпорындарда нарықтық қатынастардың дамуы мен кәсіпкерлікті ынталандыруға бағытталған ұйымдық құрылымдарды басқару әдістері мен түрлерін қалай өзгерту көбінесе тиімсіз және қойылған мақсаттарға жеткізбей отыр. Мұның негізгі себептерінің бірі – елімізде жүргізіліп отырған реформаларды нарықтық экономиканың күрделі мәселелерін жоғары кәсіптік деңгейде, дәстүрлі емес жолмен шешуге қабілеті бар қажетті кадрлардың аздығы. Бұл мәселелерді шешу үшін еңбек ресурстарымен жұмыс істеудің тиынақты жүйесі керек [4].

Еңбек ресурстарын мемлекеттік реттеу қажеттілігін қамтитын бірқатар факторлар бар. Бұл факторлар әртүрлі әлеуметтік-экономикалық процестерге, сыртқы ортаға еңбек ресурстарының әсер етуіне, қоғамның қауіпсіздігіне байланысты.

Экономикалық дамудың орта және ұзақ мерзімді болашағын анықтайтын маңызды факторларының бірі - еңбек ресурстарын пайдалану болып табылады. Еңбек ресурстарының өсіп-өнуі кез-келген қоғамның шаруашылық жүргізу әдістері, экономикалық жүйе модельдері мен экономикалық даму деңгейлеріне қарамастан материалдық игіліктер мен қызметтерді өндіру үдерісін жүзеге асырудың маңызды шарты болып табылады.

Еңбек ресурстары жүйесін реттеу қажеттілігі келесілерден тұрады:

- еңбек ресурстары бойынша қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаға еңбек ресурстарының жағымсыз әсер етуін төмендету және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатына;
- экономикалық қауіпсіздікті сақтау мүддесінде ішкі және сыртқы қажеттілігін қамтамасыз етуге, елдің экономикалық біртұтастығын қолдауға.

Еңбек ресурстары орталық буын болып табылады және елдің қорғаныс қабілеттілігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Кейбір жағдайларда еңбек ресурстары ұйымдары нарықта ерекше сипатта қызмет етеді. Бұл еңбек ресурстары қызметтерін жағдайдың жағымсыз әсерін шектеу мақсатында, оның қызметін реттеу қажеттілігін тудырады.

Еңбек ресурстары жүйесін мемлекеттік реттеудің мақсаттарына қол жеткізу нәтижесі, ұлттық экономиканың тиімділігін арттыру, яғни барынша жоғары мақсатты жүзеге асыруға ықпал етеді. Бұл ұйымдық құрылымдардың және реттеу әдістерінің жиынтығын ұсынады Ол келесі элементтерден тұрады:

- еңбек ресурстарының даму заңдары мен нормалары, бағдарламаларын және стратегияларын, қызмет жоспарларын және оларды іске асыру механизмдерін өндеуді қамту арқылы жоспарлау;
- еңбек ресурстары қызметін реттеу институттарын қалыптастыруды, міндеттер мен құзыреттілікті ұтымды бөлуді, реттеудің қоғамдық құрылымдарын (одақтар, ассоциациялар) құруға қолдау көрсетуді ұйымдастыру;
- еңбек ресурстары жиынтығын реттеу процесіне қатысушылардың синхрондық іс-әрекетін және өзара байланысын қамтамасыз етуді үйлестіру;
- жоспарланған даму көрсеткіштеріне шығуды қамтамасыз ету үшін реттеу жүйесі элементтерінің қызметін бақылау, есепке алу, бағалау және түзетуді талап етеді [4].

Нарықтық экономика жағдайында елімізде кез келген өндірістің әлеуметтік-экономикалық тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік беретін қызметкерлерді басқарудың қазіргі кездегі түрлері мен әдістерін тәжірибеде пайдалану мәселелері ерекше мәнге ие болып отыр. Қазіргі кезде меншік түрі әр түрлі кәсіпорындарда нарықтық қатынастардың дамуы мен кәсіпкерлікті ынталандыруға бағытталған ұйымдық құрылымдарды басқару әдістері мен түрлерін қалай өзгерту көбінесе тиімсіз және қойылған мақсаттарға жеткізбей отыр. Мұның негізгі себептерінің бірі – елімізде жүргізіліп отырған реформаларды нарықтық экономиканың күрделі мәселелерін жоғары кәсіптік деңгейде, дәстүрлі емес

жолмен шешуге қабілеті бар қажетті кадрлардың аздығы. Бұл мәселелерді шешу үшін еңбек ресурстарымен жұмыс істеудің тиынақты жүйесі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Халықты жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу. // Қорқыт Ата Қызылорда мемлекеттік университетінің 75 жылдығына орай жас ғалымдардың еңбектерінің жинағы. Қызылорда, 2012. 13-14 беттер
2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің web-порталындағы мәліметтер. 2016 ж
3. Мәлімет көзі <http://www.ilg.ipoduct/viewProduct>. Халықаралық Еңбек Ұйымы (www.ilg.ipoduct/viewProduct) Copyright@ILO-Женева 2013 жыл мамыр.
4. «Еңбек ресурстарын тиімді пайдалануды мемлекеттік реттеу» Д. Сегізбаева, Умирзакова М.А., Даниярова А. <http://group-global.org/kk/publication/20460-enbek-resurstaryn-tiimdi-paydalanudy> ресми сайты 26 сәуір 2015 жыл



УДК 33.338.012

Маханова Р.Ж.
магистрант 1 специальности «Экономика»
Научный руководитель:
д.э.н, профессор Гамарник Г.Н.,

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИНВЕСТИЦИИ В НЕФТЯНОЙ ОТРАСЛИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Расчет экономической эффективности инвестиций в нефтяной сектор находится на стадии научного поиска, что затрудняет расчет инвестиционного потенциала данного сектора экономики. Решение данной проблемы позволит привлечь большее количество инвесторов.

Ключевые слова: инвестиции, нефтяной сектор, эффективность инвестиций, инвестиционный потенциал, топливно-сырьевая отрасль.

В последнее время экономическая обстановка в Казахстане становится в значительной степени зависимой от характера и масштабов использования стратегических топливно-энергетических ресурсов, ведущее место среди которых принадлежит газу и нефти. Данные сырьевые ресурсы становятся главной статьей экспорта и определяют платежный баланс страны. Также постоянно растет потребность отечественной экономики в энергии. Помимо этого запасы, не возобновляемые ресурсы постепенно исчерпываются во всем мире и в Казахстане тоже.

Несмотря на непривлекательность сырьевой направленности экономики для Казахстана преодолеть данную ориентацию в ближайшее время вряд ли возможно. Анализируя экономическую ситуацию, страны напрашивается вывод о том, что в ближайшие годы из-за кризиса девяностых годов, глобализации экономики, значительного технико-технологического отставания и конкуренции и др. казахстанская экономика вынуждена опираться на нефтегазовый сектор как основной источник энергетических и финансовых ресурсов.

В данных условиях основной проблемой является рациональное потребление нефтяных ресурсов и связанная с этой проблемой задача повышения эффективности капиталовложений в нефтяной сектор экономики. Так как нефтяная отрасль является чрезвычайно капиталоемкой, невозможно увеличивать объемы добычи нефти без мощного инвестирования. Поскольку государственные источники финансирования

данной отрасли чрезвычайно ограничены из-за напряженности экономической обстановки, необходим более либеральный подход к привлечению инвестиций в нефтяной сектор, что повысит инвестиционный потенциал отечественных нефтяных компаний.

Все вышесказанное доказывает необходимость разработки научно-обоснованной концепции и как итог создание на ее основе стратегии совместных действий правительства и частного сектора в части более полного и выгодного инвестирования в данную отрасль отечественной экономики для обеспечения потребностей и более обоснованного участия частного сектора на мировых рынках.

В решении проблемы инвестирования особое значение имеет как прикладной и теоретический аспекты. Отсутствие надежных подтвержденных и выверенных подходов показал анализ научно-методического разработок в области оценки эффективности инвестиций в топливно-энергетический сектор отечественной экономики который работает в сложившихся рыночных условиях унаследовав некоторые особенности советской системы.

Если на макроуровне приемлемы традиционные подходы к расчетам эффективности инвестиций сточки зрения капиталоотдачи, капиталоемкости и сроков окупаемости, то в масштабах страны или отрасли показатели эффективности инвестиций находятся на стадии поиска. Вышеуказанная полемика в части выбора показателей результативности инвестиций в значительной степени затрудняет выбор рациональных путей расчета инвестиционного потенциала топливно-энергетического сектора казахстанской экономики.

Современное положение методологии расчетов экономической эффективности нефтяной отрасли показывает актуальность создания прикладных методов, которые должны базироваться на теоретико-методических началах.

Потребность отечественной экономики в обеспечении топливом и энергией внутренний рынок, а также необходимость развития экспортных возможностей, что даст значительные денежные поступления в бюджет зависят от состояния и продуктивности нефтяного сектора. Это означает, что отечественная внутренняя и внешняя политика должны быть направлены на наращивание добычи нефти, ее качественной переработки, что в свою очередь требует привлечения немалых инвестиций. Так как инвестиционные ресурсы страны ограничены их необходимо направлять в нефтяной сектор отечественной экономики.

Методика оценки эффективности инвестиций в нефтяную отрасль, применяемая в современной литературе основанная на таких показателях как капиталоотдача капиталоемкость производства компаний не может полностью показать эффективность инвестиций в масштабах целой отрасли.

Перспективы функционирования и развития нефтяной отрасли отечественной экономики в будущем напрямую зависят от эффективности инвестиций в данную отрасль, что в свою очередь требует активизации инвестиционных процессов, направление данных средств на модернизацию и обновление оборудования, проведение геологоразведки нефтяных запасов страны, а также регулирование рыночных отношений и экспорта. Повышение эффективности инвестиций в нефтяной сектор, несомненно, должно и будет сопровождаться увеличением социальной эффективности инвестиций, которая отражает удовлетворение социальных запросов граждан и развитие социальной сферы.

В качестве основных показателей эффективности инвестиций в топливно-сырьевые отрасли казахстанской экономики предлагаются: денежные поступлений в бюджет, вклад отрасли в рост валового внутреннего продукта, срок окупаемости вложенных средств, доля отрасли в платежном балансе государства. Подобная количественная оценка эффективности долгосрочных инвестиций требует учета фактора времени, налоговых эффектов путем дисконтирования затрат и результатов.

Эффективность инвестиций в отечественную топливно-сырьевую отрасль зависит от следующих показателей:

- динамика мировых и внутренних цен на нефть и нефтепродукты, уровень спроса;
- налогообложение добычи и экспорта нефти;
М. Портердің пікірі бойынша ұйымдардың бәсекелес артықшылықтарын жасауға мыналар әсер етеді: а) белгіленген саладағы ұйымдардың құрал-жабдықтары; б) бәсекелес стратегияларды пайдалану; в) өнімдердің құнын жасаудың жолы.

Сол себепті, нысан тек қана ресурстардың (әлеуеттің) қажетті қорына ие бола отырып және оларды шаруашылық жүргізу (ресурстық тәсілі) кезінде пайдалана отырып ғана бәсекеге қабілетті болуы тиіс.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі – ішкі нарықта аса тұрақты орын алатын, сыртқы нарықтарға әсерін тигізетін, тиімді бәсекелес стратегияны өткізетін кәсіпорынның қабілеті. Сыртқы және ішкі факторлардың әрекет етуімен өзгеруге қабілеті бар динамикалық дәреже болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Антикризисное управление: учебник/ Е.П.Жарковская, Б.Е.Бродский.-4-е изд., испр.- М. 2007, 376с.
2. Барткова Н.Н., Крупина Н.Н. Уровень конкурентоспособности предприятия как базовый результат эффективности использования ресурсов // Научный вестник УРАГС.- 2010.- №2(11).- С.415.

3. Ю.Басовский Л.Е., Лунёва А.М., Басовский А.Л. Экономический анализ - М. 2005,218с.
4. Фатхутдинов Р.А. Глобальная конкурентоспособность: на стол современному руководителю. - М: РИА Стандарт и качество, 2009.
5. Финансовый менеджмент: учебник / Н.Б. Ермасова. - М. 2008,273с.



УДК 331.41

Садвакасова А.Б.,
2 курс магистранты,
«Экономика» мамандығы.
Ғылыми жетекші:
э.ғ.д., доцент Бопиева Ж.К.,

ШАҒЫН КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІНДЕ БАҚЫЛАУШЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Түйін

Шағын бизнесті жандандыру, дамыту үшін ішкі бақылауды дұрыс жүргізу қажет, барлық жүргізілетін жұмысты қадағалайтын тұлға тағайындалу керек. Шағын бизнесті дамыту үшін, мемлекеттің көмегі өте маңызды. Егер еліміз шағын бизнесті қолдау үшін көптеген іс-шаралар жүргізетін болса, еліміздің экономикасы дамиды.


Түйінді сөздер: шағын бизнес, бақылаушы, бақылау, контроллинг, шағын кәсіпкерлік.

Бақылаудың ең негізгі мақсаты – ол кәсіпорын алдында тұрған мақсаттарға жету. Ол мақсаттарға жету үшін бақылау айтарлықтай бірнеше міндеттер атқару керек. Мысалы: кәсіпорын белгілі пайда деңгейіне жету, кәсіпорынның табыстылығы мен өнімділігін, өтімділігін ұйымдастыру.

Бақылаушы – бұл деректерді есепке алып, бекітумен айналысатын, оларды ақпарат етіп менеджерлерге тапсыру үшін өндеумен айналысатын тіркеуші.

Сурет 1-де бақылаушының міндеттері көрсетілген. Көрсеткіштер, жоспарлау, бақылау және талдау жұмыстарын жүргізуге бақылаушыға көмекші мен кеңесші қажет.

Сурет 1 – Бақылаушының міндеттері.



Дерек көздері: Автормен құрастырылған.

Бақылаушының міндеттері:

- регламент, формаларды, құралдарды, технологияларды таңдау
- әрекеттер мен әдістердің реттігін анықтау

Жоспарлау регламентінің шекарасында бақылаушы жоспарларды жинайды. Олар сөзбен айтылады, жалпы сансыз болады, және мақсаттарға қалай жеті керектігі туралы ойлардан тұрады.

Одан кейін компанияның мақсаттарына сәйкестігінің негізінде жоспарлардың фильтрациялануы жүзеге асады. Оларды басқарушыға ұсынар алдында келіссөздер, итерациялар өткізіледі. Бұл жерде өндірістік конфликт жайылады – бақылаушы бөлімшелердің басқарушыларына оппонент болып шығады.

Егер келістіру үрдісі жылдам және ауырмай өтетін болса, онда бұл жерде екі нұсқа бар: супер-менеджер немесе өте жаман бақылаушы.

Бақылаушы – басқарушының қарама-қарсы адамы емес, ал оның көмекшісі екенін есте сақтау қажет.

Бақылаушы бюджет сапасы бойынша аналитик ретінде кездеседі. Басқарушы бюджетті консолидендіреді және оны бекітеді. Консолидендірілген бюджетте бөлімшелер бойынша шығындығына қарағанда кіріс жағы көп болмайды: пайда орталығында кірістер шығындардан көп болады, шығындар орталығында – керісінше (кірістер мүлдем болмауы мүмкін).

Пайда орталығындағы бюджеттендіру рентабелділіктің өсуіне байланысты болады, шығын орталығында бұл принципті қолдану сапаның төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Қазіргі кезде трансферттік баға белгілеу қолданылады: кәсіпорындардың бүкіл бөлімшелері – пайда орталықтары.

Пайда орталығы		Шығындар орталығы
кірістер		кірістер*
шығындар		шығындар

кірістер – тірі ақшалар

шығындар – материалдар, енек ақылар және т.б.

кірістер* - трансферттік ақшалар, олар аударылады, бірақ алынбайды. Ағым пайда орталығының шығындары арқылы болады.

Бақылаушының міндеттері – шығындарды төмендету үшін және ресурстарды дұрыс бақылауды қамтамасыз ету үшін қандай бөлімшені құру керек екені туралы басшыға кеңес береді. Сонымен қатар, бақылаушы қандай бөлімшені пайда орталығына, ал қандай бөлімшені шығын орталығына санау керек екенін анықтайды.

Кіріс пайданы алуға кеткен шығыннан аз болмауы керек.

Бақылаушының міндеттері – кәсіпорындағы есеп пен бақылаудың әдістерің, концепцияларың, құралдарың әзірлеп жүзеге асыру.

Жоспарланған көрсеткіштерге жету туралы ақпараттар басшыға қажет болады. Факттік көрсеткіштердің есебін және талдауын бақылаушы ақпараттық жүйеге сүйеніп орындайды. Сөйтіп, бақылаудың өзін басқарушы орындайды, ал бұл үшін ақпаратты бақылаушы дайындайды, және ол алынған нәтиже үшін жауап бермейді.

Бақылау есептің берілген деректері негізінде жүзеге асырылады (жиі – қаржының, өндірістің).

Кез-келген шешім талдау негізінде (сапалық және сандық көрсеткіштер) және мәселені өздік көру негізінде қабылданады.

Бақылаушы шешеімді қабылдамайды, себебі ол нәтиже үшін жауап бермейді. Лауазымдық нұсқаулықтар шекарасында бақылаушы келесілерді жасай алады:

- Талдаудың нәтижелерін талдап, оларды басқарушының алдына әкеледі. Жиі басқарушының авторитарлық типі кездеседі, және ол бақылаушының шешімдер қабылдауына шек қояды. Көбіне бұл массалық өндіріс кәсіпорындары.

- Мәселені шешудің бірнеше мүмкін нұсқаларын жабдықтаушы ретінде болу. Бақылаушы шешімді қандай жерден табу керектігі туралы облысты (саланы) анықтайды, белгісіздік жағдайды төмендетеді. Бақылаушының жұмысы арқылы шешімді қабылдауға кеткен уақытты азайтуға болады.

- Басқарушымен бірге шешімдерді әзірлеу (шешімді басқарушы қабылдайды). Бұндай жағдай шағын бизнес кәсіпорындарында кездеседі. Бақылаушы мұнда – тексеруден өткен адам.

Шағын бизнестің өзіндік ерекшелігін анықтайтын басты айырмашылық белгісі – бұл тұтынушылардың өте тар және өзіндік ерекше мақсатты топтарына бағытталуы. Кәсіпорын қызметі не бары бірнеше түйінді тұрақты тұтынушылардың болуы арқасында табысты болуы мүмкін, клиенттердің жалпы саны, тәртіп бойынша, бірнеше жүз шақтыдан аспайды, кәсіпорын нақ солардың қажеттіліктері мен талғамдарына бағытталады.

Кесте 1 - Шағын кәсіпорының саны, бірілік.

	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016
Барлығы	2502	3066	3 153	3 204	2 989	3 228	4 301
Ауыл, орман, балық шаруашылығы	505	436	522	553	561	593	825
Өнеркәсіп	237	383	8	368	320	347	530
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді	46	42	371	57	55	65	119
Өңдеу өнеркәсібі	262	294	54	263	221	236	337
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	19	19	265	16	13	15	26
Сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын, таратылуын бақылау	30	28	24	32	31	31	48
Құрылыс	366	432	28	484	398	460	594
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	594	816	518	838	740	774	1 054
Көлік және қоймалау	80	80	828	115	114	125	170
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	35	32	100	38	38	46	63
Ақпарат және байланыс	34	47	36	64	64	55	69
Қаржы және сақтандыру	40	88	60	117	118	118	143
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	175	314	114	242	256	267	292
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	126	184	235	154	154	181	220
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	121	196	139	162	161	188	226
Өнер, ойын-сауық және демалыс	37	33	158	40	34	34	51
Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну	32	25	38	29	31	40	64

Дерек көздері: Автормен құрастырылған.

Кейбір авторлардың пікірі бойынша, кәсіпорынды бақылау жүйесі тек ірі бизнеске тән деген пікір орын алуда, алайда біздің ойымызша шағын кәсіпорындарда олардың дамуын жылдамдату, оның бәсекелік қабілеттілігін арттыру және шағын бизнестен орта бизнеске көшу үшін де бақылау жүйесі немесе оның жекелеген элементтері қажет деп есептейміз.

Қорыта келгенде, Қазақстанға шағын бизнесті дамыту қажет – бұл қоғамның әлеуметтік-саяси тұрақтылығының негізі. Өткен жылы мемлекет Басшысы Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы жолдауымен сөз сөйлей отырып, тағы да алға міндет

қойды: жалпы ішкі өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі кем дегенде 40% құрауы тиіс – енді бұл тек 2020 жылы ғана. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, дағдарыс жағдайында шағын бизнес бюджетке түсетін салықтық түсімдердің тұрақты және салмақты көзі бола алады: әлемнің кейбір өңірлері мен қалаларында шағын бизнес кәсіпорындарынан түсетін салықтардың үлесі олардың жалпы үлесінің 80%-на дейін жетеді. Дамыған елдерде шағын бизнес кәсіпорындарының үлесіне ЖІӨ жартысынан астамы келеді; бұл кәсіпорындарда еңбекке жарамды халықтың 40–60% жұмыс жасайды (бізде бұл көрсеткіш 31% ғана құрайды; Алматыда – 41%). 2016 жылғы қаңтар-желтоқсандағы Жалпы ішкі өнімнің нақты көлем индексі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 101,2% көтерілді. ЖІӨ құрылымында тауарлар өндірісінің үлесі 36,3%, қызметтер – 56,8% құрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 А. Д. Үмбеталиев. Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік. - Алматы : Экономика, 2009. - 462 б.
- 2 Калдияров Д.А., Беделбаева А.Е. Перспективы развития контроллинга в системе бизнес-планирования // Наука и мир, Международный научный журнал. – 2014.



УДК 330.14: 338.43.02

Сактаганова С.Д.
«Экономика» мамандығының
1 курс магистранты
Ғылыми жетекші:
Э.Ғ.К. аға-оқытушы Нугуманова А.К.

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНДЕГІ КӘСІПОРЫННЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйін

Мақалада агроөнеркәсіп кешеніндегі кәсіпорынның даму стратегиясын қалыптастырудың жаңа жолы «Агробизнес - 2020» туралы мәліметтер келтірілген. Бағдарламаның негізгі мақсаттары мен міндеттері қарастырылған. Қазақстанның ДСҰ кіргенде агроөнеркәсіп саласын қорғау шаралары ұсынылған.

Негізгі ұғымдар: ауыл шаруашылық, агроөнеркәсіп кешен, қаржыландыру, бағдарлама, өндірушілер, бәсекеге қабілеттілік, ДСҰ, шағын және орта бизнес.

Қазақстан үшін агроөнеркәсіптік кешен саласы – ең маңызды басымдық. Өйткені, жаһандану заманында азық-түліктік қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздікпен қатар қойылса, келешекте ауыл шаруашылығы тығырыққа тірілетін елдің қауіпсіздігіне де қатер болатынын сарапшылар болжайды. Бұл жайында Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында нақты айтып, азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатерді жаһандық сын-қатерлер қатарына жатқызған болатын. Елбасының айтуынша, әлемдік халық саны өсуінің жоғары қарқыны азық-түлік проблемасын күрт шиеленістіріп отыр. «Бүгіннің өзінде әлемде миллиондаған адам аштыққа ұшырап, миллиардқа жуық адам тағамның ұдайы жетіспеушілігін бастан кешіруде. Тамақ өнімдерін өндіруде революциялық өзгерістер жасамаса, осынау үрейлі цифрлар тек өсе түспек. Ендеше, біз үшін бұл сын-қатер астарында орасан зор мүмкіндіктер бар. Біз қазірдің өзінде астық

дақылдарын аса ірі экспорттаушылар қатарына ендік. Бізде аса ірі экологиялық таза аумақтар бар және экологиялық таза тағам өнімдерін шығара аламыз. Ауыл шаруашылығы өнеркәсібінде сапалы секіріс жасау толықтай қолымыздағы нәрсе. Бұл үшін бізге жаңа тұрпаттағы мемлекеттік ой-сана қажет болады», - деген еді Нұрсұлтан Назарбаев. Яғни, агроөнеркәсіп кешенін бүгіннен жаңғырту әлемдік сын-қатерлер арасында Қазақстанға зор мүмкіндік ашпақ. Ал бұл басымдықты уыста ұстау үшін не қажет? Бұл ретте Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығын, әсіресе, ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайында ауқымды жаңғырту қажеттігін айтып, әлемдік азық-түлік нарығының көшбасшысы болу және ауыл шаруашылығы өндірісін арттыру үшін бірқатар міндеттер жүктеді. Олардың арасында әлемнің барлық елінде мүмкін бола бермейтін егістік алаңын ұлғайту, егістік түсімін, ең алдымен жаңа технологиялар енгізу есебінен елеулі көтеру, әлемдік деңгейдегі мал шаруашылығы жем-шөп базасын құру, экологияға баса назар аудара отырып, ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер қалыптастыру міндеті алға қойылды. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы саласындағы қайта өңдеуде және саудада фермерлік пен шағын және орта бизнесті дамытуға мән берілуі тиістігі ерекше атап өтілді. «Бұл – өзекті міндет. Бұл арада бізге: жер өңдеу мәдениетін өзгерту және жаңа ғылыми, технологиялық, басқарушылық жетістіктерді ескере отырып, мал шаруашылығындағы дәстүрлерімізді жаңғыртуымыз қажет. Аса ірі экспорттық нарықты меңгеру үшін біз қай азық-түліктің жаппай өндірісін басты етіп қоятынымызды айқындауымыз керек. Алынған шаралардың нәтижесі 2050 жылға қарай ел ЖІӨ-дегі ауылшаруашылық өнімінің үлесі 5 есе артуы болуы тиіс», - деп нақтылаған болатын Мемлекет басшысы.

Қазақстанның агроөнеркәсіп кешені бағытындағы ұстанымы айқын. Елбасы тапсырмасына сәйкес, еліміздің агроөнеркәсіп кешенінің 2020 жылға дейінгі дамуының жаңа бағдарламасы да қабылданды. Дегенмен, ауыл шаруашылығы саласында сапалы секіріс жасау үшін Қазақстанның ішкі жағдайынан бөлек, жаһандық ауқымдағы мәселелер де маңызды болмақ. Сондықтан да бір жағынан жаһандану үдерісінің белсенді қатысушысына айналған елімізге халықаралық сауда-саттықтарға қатысты агроөнеркәсіптік бағытты қолдай түсу аса маңызды. Оның үстіне, Президент айтпақшы, жаһандануды ұлттық мемлекеттерге төнген қатер деп емес, керісінше, қайсы бір бағыттар бойынша зор мүмкіндік тудыратын объективті үдеріс деп қарауға болады.

2013-2020 жылдарға арналған агроөнеркәсіп кешенін дамытудың салааралық «Агробизнес-2020» бағдарламасы еліміздің ДСҰ-ға келешекте кіруі қарсаңында, сондай-ақ Кеден одағы жағдайында бәсекелестіктің күшеюіне байланысты әзірленіп отыр, дейді мамандар.

Бағдарламаның негізгі мақсаттары қаржы жағдайын сауықтыруға, агроөнеркәсіптік кешен үшін тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулерге қолжетімділікті арттыруға, АӨК субъектілерін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйелерін дамытуға, сонымен қатар, саланы мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталады.

Жаңа құжат қолданыстағы бағдарламаға қарағанда агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің бәсекеге қабілеттіліктерін жоғарылатуды алға қойған. Яғни өндірістік директивалы бағдарламалардан алшақтап нақты жағдай жасау бағытына бет бұрған. Осылайша, аталмыш бағдарламаны жүзеге асыра отырып, енді бизнес ауылшаруашылық өнімдерін қайда сатуды, сондай-ақ егінді қалай егуді өздері шеше алады.

Бағдарламаның негізгі мақсаттарына қол жеткізу үшін төрт бағыт бойынша стратегия құрылуы тиіс. Оның біріншісі – қаржылық сауықтыру. Ол кредиттер мен жобаларды қайта құрылымдау, қайта қаржыландыру, сондай-ақ, бар борыштарын өтеу үшін ауылшаруашылық тауар өндірушілерін қаржыландыру арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, мемлекет кредиттік жүктемені жеңілдетеді және көптеген ауылшаруашылық тауарларын өндірушілердің қаржылық тұрақсыздығын болдырмайды.

Екіншісі – агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін қызмет пен жұмыстарды, тауарлардың қолжетімділігін жоғарылату бағыты. Бұл ретте агроөнеркәсіптік кешен

субъектілеріне кеңес қызметін, білімдік, қаржылық, жұмыс, тауарлардың экономикалық қолжетімділігін жоғарылату бойынша мемлекеттік қолдау механизмдері арқылы міндеттер қойылған. Мұнымен АӨК субъектілерінің жаңа мемлекеттік қолдау механизмдеріне, біріншіден, АӨК басымды инвестициялық жобалар үшін инвестициялық субсидиялар, екіншіден, қаржылық институттар алдында АӨК субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру және сақтандыру қызметтерін субсидиялау, үшіншісі – берілген несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау жатады.

Сондай-ақ, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу және қамтамасыз ететін салалардың өнімдерінің өндірісін субсидиялау бойынша жұмыс өз жалғасын таппақ.

Ал үшінші бағыт бойынша агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін мемлекеттік қамтамасыз ету жүйелерін дамыту шеңберінде фитосанитарлық қауіпсіздік жүйесін дамыту, ветеринарлық қауіпсіздік жүйесін дамыту міндеттерін шешу жоспарлануда.

Шаралар фитосанитарлық және ветеринарлық зертханалар құру және жабдықтауға, фито және ветеринарлық қауіпсіздіктің диагностикасы мен мониторингі, жануарларды бірегейлендіру, аурулардың таралу қаупін төмендету, сондай-ақ, жайылымдық мал шаруашылығы үшін жайылымдарды суландыруға бағытталмақ.

Төртінші бағыт шеңберінде агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша ауқымды шаралар легі күтіп тұр. Айталық, ауыл шаруашылығына агрохимиялық қызмет көрсету тиімділігін арттыру, АӨК субъектілерін ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін дамыту, ауылшаруашылық дақылдарын мемлекеттік сорттық сынау тиімділігін арттыру, АӨК субъектілері үшін мемлекеттік қызметтерді көрсету жүйесін дамыту, ауыл шаруашылығындағы техникалық реттеу жүйесін дамыту, АӨК-тегі мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесінің тиімділігін арттыру, органикалық ауыл шаруашылығы өнімін өндіру мен оның айналымын дамыту үшін жағдайлар жасау жұмыстары осы төртінші бағыт бойынша жүзеге асырылмақ.

Бағдарламаны іске асыруға 8 жыл ішінде барлығы 3 122,2 млрд. теңге қажет деп жоспарлануда. Бағдарламаны мемлекеттік бюджет есебінен іске асыруға жиыны 2 662 млрд. теңге қажет. Қалған қаржыландыру облигациялық қарыздар (300 млрд.) және Азық-түлік келісім-шарт корпорациясының (2,1 млрд.) сондай-ақ «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-тың (96 млрд. теңге) меншікті қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

АШМ бюджетінің өсу қарқыны 2003-2012 жылдары 20,8 пайызды құрады. Осы қарқын сақталған кезде 2020 жылға дейін барлығы 8 жылда бюджеттің болжамы 4,2 трлн. теңгені құрайды. Ал бюджеттің 7 пайыз өсімі кезінде 2012-2020 жылдар кезеңінде болжам 1 893, 6 млрд. теңгені құрайды. Бюджеттің 13 пайызы АӨК-ті мемлекеттік қамтамасыз етуді дамытуға бөлінетін болады, қаржылық сауықтыру 12 пайыз үлес алады. Субсидиялау көлемі 2013 жылға қарағанда 4,5 есе артады деп күтілуде [1].

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді шешу үшін АӨК салаларын субсидиялау табиғи-климаттық жағдайларды, өткізу рыноктарының болуын және өңірлерді дамыту әлеуетін ескере отырып сараланып жүргізілетін болады.

Әлемдік саудадағы аралас-құраластық пен алыс-беріс Қазақстанның ДСҰ-ға енгенінен кейін күшейе түседі. Бәсекелестіктің нағыз көрігі сонда қызбақ. Ал бұған бүгінгі отандық агрария дайын ба? Ең бастысы, бүгінге дейінгі Кедендік одақ аясындағы интеграцияда қазақстандық агроөнеркәсіп кешені қалай шындалды? Кейбір мәліметтерге қарағанда, 2009 жылдан бері Қазақстанның Кедендік одақ мемлекеттерімен ауыл шаруашылығы тауарлары мен өңделген тауарларының айналымы 1 млрд. 26 млн. доллардан 1 млрд. 743 млн. долларға дейін немесе 41 пайызға артқан екен. «Мәселен, Кедендік бақылау комитетінің мәліметтеріне қарағанда, соңғы 4 жылда Кеден одағы елдерінен келетін ауыл шаруашылығының өңделген өнімдері 1,5 млрд. долларға, яғни 2 есеге дейін артқан. Бұл ретте қазақстандық экспорт 0,78 млн. доллар деңгейінде өзгеріссіз қалған. Ал бұндай жағдайда ауыл шаруашылығын дамытуға жіті назар аударып, отандық өндіруші сектордың бәсекеге қабілеттілігін шыңдауды арттыра түспесе болмайды», - деп

түйіндейді А.Күрішбаев. Бұдан байқайтынымыз, Қазақстанның ауыл шаруашылығын қолдауы әлі де өз деңгейінде емес. «Ауыл шаруашылығы өнімдерін, жалпы аграрлық секторды қолдау туралы әңгіме болғанда қаперде ұсталатын басты мәселе: кез келген дамыған елдерде ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігі мемлекеттік қолдаудың есебінен ғана қамтамасыз етіледі. Яғни, бұл салада бюджеттік субсидиялау үлкен рөл атқарады. Ешбір жерде мемлекеттің араласуынсыз нарық та, бизнес те өздігінен бұл салаға қандай да бір тәртіп орната алған емес», - дейді А.Күрішбаев[2].

Қазіргі уақытта ДСҰ шеңберінде ауыл шаруашылығын тікелей мемлекеттік қолдау шараларынан бас тарту бойынша үрдіс басым болуда. ДСҰ мен әлемдік аграрлық азық-түлік нарықтарында Керн тобының елдері (Австралия, Аргентина, Жаңа Зеландия, Канада және басқалары) неғұрлым көп мәнге ие болуда, оларда ауыл шаруашылығына тікелей субсидиялардың ең төмен деңгейі бар және саланы өндірістің бәсекеге қабілеттілігін және тиімділігін өсіру есебінен дамытуда. Ауыл шаруашылығын тікелей қолдауды пайдаланбайтын Керн тобы елдерінің тәжірибесі субсидиялардан бас тарқаннан кейінгі кезеңдегі өндіріс факторларының жалпы өндіргіштігінің неғұрлым жоғары өсуін көрсетеді.

Сонымен бірге дамыған елдерде ауыл шаруашылығының жеке бағыты – органикалық өнімнің өндірісі қалыптасты. Әлемдегі органикалық өнім нарығының дамуы дәстүрлі ауыл шаруашылығы өнімдерімен салыстырғанда неғұрлым жоғары және тұрақты бағаларға қарамастан жеткілікті жоғары өсу қарқынын көрсетуде. Органикалық өндірістің отандық өнімдері әлемнің дамыған елдерінде мойындалған органикалық өндірісті сертификаттау жүйесін енгізгеннен кейін ғана шетелдік тауарларға қатысты бәсекеге қабілетті болуы мүмкін.

Қазақстан әлемдік экономиканың ажырамас бөлшегіне айналып барады. Ал мұндай жағдайда басты мәселе біздің ДСҰ-ға қандай шартпен енетіндігімізде болмақ. ДСҰ-ға ену барысында ауыл шаруашылығы тауарларымен халықаралық сауда-саттыққа кері әсерін тигізетін қолдаулар қысқартылатыны белгілі. Дегенмен, Қазақстанға өз ұсынымын қорғап қала алатын жолдарымыз да баршылық. Мәселен, агросектордағы «жасыл себет» бойынша мемлекеттік қолдаудың жеткілікті жоғары деңгейі сақталып қалдырылуы қажет», - дейді А.Күрішбаев. «Осы шектен арылмауға тиіспіз, ал бізге қазір олардың ұсынып отырғандары 5 пайыз ғана. Бұл Қазақстанның ауыл шаруашылығын қолдау үшін тым жеткіліксіз. Екіншіден, тиісті шарттарды қабылдау үшін берілетін өтпелі кезеңде сыртқа шығарылатын ауыл шаруашылығы тауарларына экспорттық субсидияны да сақтап қалған біз үшін аса маңызды. Өйткені, географиялық орналасу ерекшеліктеріне келсек, Қазақстан – әлемдегі теңіз порттарынан ең шалғайда жатқан мемлекет. Сондықтан да, тасымал шығындары қазақстандық тауарлардың халықаралық нарықтағы бағасының бәсекелестігіне кері әсер етеді. Мәселен, бір ғана Қара теңізге дейін қазақстандық астықты жеткізгенше оның бағасы 25 пайызға дейін қымбаттап шыға келеді. ДСҰ-ның маңызды басымдықтарының бірі Санитарлық-фитосанитарлық іс-шаралар бойынша келісімге қол қою болып табылады. Санитарлық және фитосанитарлық реттеу туралы келісімге қол қоя отырып, біз өзіміздің ішкі нарығымызды сапасыз ауыл шаруашылығы өнімдерінен ғылыми негіздерге сүйене отырып қорғауға мүмкіндік аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Бітікова Д. «Агробизнес - 2020»: ауыл шаруашылығын дамытудың жаңа арнасы // Егемен Қазақстан, 15 ақпан 2013ж.
- 2 ДСҰ іргесінде ауыл шаруашылығының бағын аша аламыз ба? www.strategy2050.kz



КӘСІПОРЫННЫҢ АКТИВТЕРІНІҢ ӨТІМДІЛІГІ МЕН ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

Түйін

Мақалада тиімділігін басқару жолдарымен, іскерлік белсенділіктілігі қарастырылған.

Түйінді сөздер: Нарықтық экономика, кәсіпорынның қаржы, кәсіпорынның стратегиясы, кәсіпорын қызметі.

Қаржылық жағдай – кәсіпорынның экономикалық қызметінің маңызды сипаттамасы болып табылады. Ол бәсекеге қабілеттілікті, іскерлік қарым- қатынастағы әлеуетті анықтайды. Сонымен қатар кәсіпорын үшін қаржылық жағдайды тек дұрыс талдау емес, талдаудан алынған мәліметтерді дұрыс қолданып басқарушылық қызметті оңтайландыру маңызды болып табылады.

Қоғамда қаржылық талдау біреудің орынсыз тілегінен емес, өмірлік аса қажеттілік салдарынан туындады: салмақ, ұзындық өлшемін және есептеу жүргізбей, шаруашылық субъектінің мүлктік жағдайы мен оған әсер ететін себептерді білмей, табыс пен шығынды өзара салыстырмай, біріншісінің екіншісінен артық болуына қол жеткізбей шаруашылықты ойдағыдай жүргізу мүмкін емес.

Қай уақытта да болмасын бұл өте маңызды. Қазіргі қоғамның әкімшілік жүйеден шығып, нарықтық қатынасқа ену кезеңінде оның мәнділігі одан әрі арта түседі. Басқаша айтқанда, жалпы мемлекеттік («иесіз») меншік жағдайында кеңінен орын алған ұқыпсыздық пен жауапкерсіздікті іскерлік, басқарушылық, қатаң орындаушылық тәртіп, ұқыптылық және үнемділікпен алмастыру нарықтық экономиканың өзіне тән ерекшеліктері.

Қаржылық талдаудың негізгі мақсаты болып кәсіпорынның қаржылық жағдайына нақты сипаттама беретін, оның түсімі мен шығынына, актив және пассив құрамының өзгерісіне, дебиторлар мен кредиторларға есеп беруіндегі кілтті параметрлердің (көбіне ақпараттық) үлкен емес саны. Сонымен қоса аналитика мен басқарушы (менеджер) кәсіпорын қаржысының ағымдағы жағдайына, оның жақындағы немесе алыстағы перспективасына жоба, яғни қаржы жағдайының күтілетін параметріне қызығушылықтанытуы мүмкін. Бірақ тек қана уақытша шекара ғана қаржылық талдаудың мақсатты альтернативасын анықтайды. Олар сонымен қатар қаржылық талдау субъектісінен, яғни қаржылық ақпараттарды нақты қолданушыларға да байланысты. Қаржылық талдаудың бастапқы базасы болып бахгалтерлік есеп пен есеп берулердің мәліметтері болып табылады.

Кәсіпорын мүлкіне салынған әрбір теңге жаңа табыс әкелу үшін осы қорларды қозғалысқа келтіреді. Жасанды көрсеткіш пен жоспар үшін жұмыс істеу келмеске кетеді.

Қазіргі уақытта болып жатқан нарықтық қатынастар кәсіпорындардың шаруашылықты жүргізуші субъект ретінде құқық жағдайларын едәуір нығайтып, олардың көптеген өндірістік және қаржылық мәселелерді өз бетінше шешуіне мол мүмкіншілік ашты. Атап айтқанда, ішкі және сыртқы рынокта білікті серікті таңдауға қол жетті, өйткені болашақтағы бірлескен ісәрекеттің тиімділігі көбінесе осыған байланысты болады. Кәсіпорындар бұрынғыдай жоғарғы жақтың жөн сілтеуімен емес, контрагенттерді

(жабдықтаушы, сатып алушы, мердігер, банк және т.б.) қазіргі кезде өз қалауы бойынша алады.

Олардың өздеріне іскер серіктерді қаншалықты дәл және қатесіз тандауымен нарықтық қатынастар негізінде мүмкіндігінше тез және дұрыс бағдар тауып, оны ұстануына қарай жұмыстарының тиімділігі әр түрлі болады. Басқаша сөзбен айтқанда, шаруашылықты жүргізуші субъектілердің қызметінің жетістіктері басқару деңгейіне, қабылданған шешімдердің объективтілігі, нақтылығы, шұғылдығы мен ғылыми негізделуіне тікелей тәуелді. Үйлесімді шешімдердің қабылдануы, материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын тиімді пайдаланып, еліміздің экономикалық өсуіне бағытталатыны белгілі. Нарық жағдайында кәсіпорынның өміршеңдігінің кепілі мен жайкүйінің орнықтылығының негізі оның қаржы тұрақтылығы болып табылады. Ол ақша қаражатын еркін орын алмастыра отырып қолданып, тиімді пайдалану жолымен өнімді өндіру мен сатудың үздіксіз процесін қамтамасыз ете алатын өзінің қаржы ресурстары жағдайын көрсетеді.

Кәсіпорынның қаржы тұрақтылығын бағалау, объективті, ғылыми негізделген үшін оның қаржылық жағдайын талдау қажет. Тек терең және ұқыпты талдау негізінде ғана оның қызметін объективті бағалап, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын нығайту немесе жақсарту және оның іскерлік белсенділігін арттыруға бағытталған басқару шешімдерін қабылдау үшін, басшылыққа нақты ұсыныстар беруге болады. Инвестициялық тартымдылығы болуы үшін, тек бүгінгі күні ғана емес, болашақта да кәсіпорынның қаржылық жағдайы көршісіне қарағанда жақсы болуы тиіс. Сондай-ақ, бұл жыл сайын өз облигациясы бойынша белгілі бір пайызбен алғысы келетін, ал заем мерзімі біткен уақытта облигация құнын толық өтеуді талап ететін облигация иелеріне де қатысты. Кез келген коммерциялық кәсіпорын сияқты банктер де өз несиелерімен тәуекел ете отырып несие алушының өз қарызын уақытында және толық өтеуін қалайды, сондықтан оны беру туралы шешім қабылдай отырып, кез келген банк өз клиентінің қаржылық жағдайын және бұл қарыздың қамтамасыз етілуін тексереді. Басқаша айтқанда, кәсіпорынның қаржылық жағдайы банктер осы кәсіпорынға несие беру орынды ма, жоқ па, ал бұл сұрақты дұрыс шешкен жағдайда қандай пайызбен және қанша мерзімге деген сұрақтарды шешудегі негізгі белгі болып табылады.

Кәсіпорынның стратегиясы қаржы ресурстарын оның қызметінің тиімділігі мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін іс-шараларға бағытталуын қамтамасыз етуі тиіс. Осылайша, қаржылық жағдай кәсіпорынның бәсекелестік қабілетін және оның іскерлік қарымқатынастағы потенциалын анықтайды, кәсіпорынның өзінің және оның серіктестерінің қаржылық және басқа қатынастар тұрғысындағы экономикалық қызығушылықтары қаншалықты дәрежеде кепілдендірілгенін бағалайды.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы бес топтағы белгілермен бағаланады: пайдалылығымен (пайданың көлемі мен оның құрылымдарын бағалау);

тұрақтылығымен (қарыздық капитал үлесі мен қаржы құралымдары), өтімділігімен (кәсіпорынның өзінің алған қысқа мерзімді қаржылық міндеттемесін орындау мүмкіндігі), тиімділігімен (күрделі қаржы мен өндірістің келемді көрсеткіштері ара қатынастары), өсуімен (компания көлемінің ұлғаюы). Кәсіпорынның жағдайы әр уақытта да векторлық көрсеткіштермен анықталады және кейбір көрсеткіштерінің маңыздылығына қарай, оның жағдайын анықтап, қайда кетіп бара жатқанын білуге болады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың логикалық жалғасы – кәсіпорын қызметінің кемшіліктерін жою жолдарын іздеу болып табылады.

Жағымсыз жағдайлардың ауқымына байланысты кәсіпорын жағдайын жетілдіруге қажетті іс-әрекеттер көлемі анықталады. Жеңіл қаржылық дағдарыс кезінде ағымдағы қаржылық жағдайды бірыңғайлау, яғни ақша қаражаттарының кірістері мен шығыстарын үйлестіру жеткілікті. Ал терең қаржылық дағдарыс жағдайы қаржылық жағдайды тұрақтандырудың барлық ішкі және сыртқы механизмдерін қолдануды қажет етеді. Кәсіпорынның жағдайы аппараттық деңгейге жеткенде қаржылық жағдайды жетілдірудің

жолдарын іздестіру қажет, ал табылмаған жағдайда кәсіпорынды жою туралы шешім қабылдауға мәжбүр болады.

Кәсіпорынның төменгі төлем қабілеттілігі мен рентабельділігін талдау кезінде ұзақ мерзімді міндеттемелерді алу қажет пе деген сұрақ туындайды.

Кәсіпорынның қаржылық қызметінің қалыпты болуы әсіресе өз кезеңіндегі қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті жағдайларды туғызады, оның төлеу қабілеттілігінің кепілі болып табылатын өнім өндірудің үздіксіздігін және кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Қаржылық жағдайды одан әрі дамыту, оны жақсарту үшін кәсіпорынға атқару керек жұмыстар тізімі:

1. Қазіргі заманғы есеп айырысуларды уақытылы тексеру, арқылы дебиторлық қарыздардың сомасын азайту. Ол ақша қаражаты айналысқа түсуге мүмкіншілік табады.

2. Тауар-материалдық қорларды төмендету. Бұл да ақшаның айналысқа түсуіне мүмкіндік береді.

3. Өнімді нақтырақ тоқталатын болсақ бидайды өңдеп сатуды мүмкіндігінше ұлғайту.

4. Тұрақты шығындарды үнемдеудің арқасында тауардың өзіндік құнын төмендету.

5. Өнім өндіру кезінде экологиялық сақтық, денсаулық қорғау, қауіпсіздік техникасы шараларына көңілді көбірек бөлу.

Кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттырудың ең бір маңызды жолы — өзіндік құнды азайту болып табылады. Өнімнің өзіндік құнын төмендетудің бірден бір жолы — өндірілетін өнімнің көлемін арттыру болып табылады, өйткені бұл жағдайда өнім бірлігіне келетін тұрақты шығындардың мөлшері азаяды. Мал шаруашылығына байланысты болашақтағы жоспарлар жүзеге асырылса, сәріктестіктің мал шаруашылығынан үлкен жемістер күтіледі. Қазіргі таңда мал шаруашылығының деңгейін егін шаруашылығының деңгейіне дейін жеткізу негізгі мақсат болып тұр.

Болашақта құрылыс қызметі, құрылыс-жинақтау, жұмыстары, құрылыс учаскесін дайындау, құрылыс заттарын жасау, сатып алу, сату, автокөлік жолдарын жөндеп жасау, құрылыс-монтаждық пен жол-құрылыс жұмыстары, ғимараттарды жабдықтау, дизайні, жол-құрылыс техникасы, құрал жабдықтар, жол салу мен жол-құрылыс материалдарды шығаруға арналған агрегаттар және механизмдерді сатып алу, жеткізу және сату секілді қызмет түрлерін дамыту қолға алынып отыр осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін құрылыс заттарын шығараын техника мен машина түрлері алыс –жақын шетелден және Қазақстан Республикасының ішкі нарығынан сатып алынған болатын. Жас астанамыз Астананың қасында орналасу құрылыс материалдарын сату мен құрылыс нысандарын алу нарығы үшін өте қолайлы болып отыр. Оның бірден бір себептері Астана қаласындағы құрылыс қарқыны болып тұр. Қазірдің өзінде ақ кәсіпорын құрылыс материалдарының көптеген түрлерін шығарады. Құрылыс материалдарын сатудан түскен пайда мен құрылыс материалдарын кәсіпорынға қажетті құрылыс нысандарында пайдалану кәсіпорнның құрылыс саласындағы жоспарларының қате еместігінің дәлелі болып отыр.

Серіктестік қызмет көрсату саласында да атқаратын жұмыстары аз емес. Солардың ішінде ерекше орын алатыны қонақүй қызметі жақсы қарқынмен жұмыс істеп жемістерін бернуде. Сонымен қатар дәмханалар, мейрамханалар, бар қоғамдық тамақтандыру және комиссиялық сауда кәсіпорындарын ашу, халқына медициналық қызметтер көрсету, медициналық жабдықтар жеткізу, фармацевтикалық қызмет, дәріханалар ашу болашақта жүзеге асатып пайда әкелетін қызметтердің қатарында тұр.

Олар болашақ жоспарларда орын алып отыр. Бұл өндіріс және қызмет түрлері қазіргі заманғы нарықтық экономикадағы сұранысқа ие қызмет түрлері болып табылады. Сұраныс жоғары, шығын аз қызмет түрлеріне әрлендіру, жарнамалық, кеңес беру жән делдалдық қызмет, басып шығару қызметі, полиграфиялық қызмет, ақпараттық материалдарды көрсету, инвестициялық, сауда және делдалдық қызметке қатысу, маркетинтік, қаожылық және басқа қызметтерді мекемелерге, ұйымдарға, көрсету

,заңгерлік қызметтерді көрсету сияқты қызмет түрлерін кәсіпорынның айналысатын қызметтерінің қатарынан болашақта 5-6 жылдың ішінде көретін боламыз.

Бұл салның болашағы өте зор, және ол сату-сатып алудың бар кезінде өзінің тіршілігін жоя алмайды. Мекемелер, азаматтарға автокөлік қызметтерін көрсету, теміржол тасымалдау және жеткізу, тиеу-түсіру жұмыстары, автокөлік құралдары және қосалқы бөлшектерді сатып алу және сату, автотұрақтар және көлік жуу қызметтерінің болашақта дамыту кәсіпорынның стратегиясы мен тактикасында орын алады.

Сонымен қатар болашақта халыққа тұрмыстық, әлеуметтік, тұрған және медициналық қызметтер көрсету, осы мақсатта туризм объектілері мен мекемелерді, сауықтыру-спорт кешендерді, қонақ үйлер, моншалар, сауаналар және демалыс аймақтарын ашу секілді жоспарлар, қағаз массасы қағаз және қатты қағазды шығару, сатып алу және сату қағаздан жасалған бұйымдарды, тұрмыстық химия құралдарын және парфюмерия-сәндер бұйымдарын шығару; жиһаз, техникалық құрал-жабдық, өнеркәсіптік және құрылыс материалдарды, ағаш, металл, пластик, пенополистеролды өндеуге арналған бұйымдарды, басқа да әрлеу және әрлендіру материалдарды шығару, сатып алу және сату, инновацияларды жетілдіру және ендіру, жоғары технологиялы өнімді шығару және сату, мәдени ағартушылық қызметтерді дайындау және қайта дайындау мақсатта курстар және оқу орындарды ашу, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алу, сату, жалға беру пайдалану жылжымайтын мүлікті тіркеу, кен орындарын жетілдіру, пайдалы қазбаларды іздеу және барлау, су көздерін пайдалану сияқты тағыда басқа алуан түрлі қызметтермен айналысу жоспарда бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Дүйсенбаев Қ.Ш. “Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау.” Оқу құралы.— Алматы : Экономика. 2011.
2. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014.- 696 б
3. Ансабаева Р.С. Шетел мемлекеттерінің қаржылары : оқулық қаржы мәселелерін меңгерудегі қаржы менеджерлеріне, студенттерге, ізденушілерге арналған / Р. С. Ансабаева ; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 280 б. : сурет. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы)
4. Бердалиев К.Б. Стратегиялық менеджмент : оқулық жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студенттерге арналған / К. Б. Бердалиев ; Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігі. — Алматы
5. Жұмамбаев С.К. Өндірістік менеджмент : оқулық студенттерге және практикалық мамандарға арналған / С. К. Жұмамбаев ; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. - Алматы: Дәуір, 2011



УДК 339.92

Сарымсаков Б.Н.
Магистрант Экономика 2 курс
Научный руководитель:
к.э.н. Жанакоева Н.Н.

ТРАНСНАЦИОНАЛЬНЫЕ КОРПОРАЦИИ НА ГЛОБАЛЬНОМ ФИНАНСОВОМ РЫНКЕ

Аннотация

В статье рассмотрена роль транснациональных компаний на мировом рынке и их воздействие на мировую экономику.

Ключевые слова: Транснациональные компании, горизонтально интегрированные корпорации, вертикально интегрированные корпорации, диверсифицированные транснациональные корпорации.

Важнейшей характеристикой современной мировой экономики является глобализация хозяйственной жизни, в основе которой, как известно, лежат дальнейшее углубление международного разделения труда и интернационализация производства и капитала, а также растущая роль транснациональных корпораций (ТНК). Глобализация экономики – это высшая форма международной экономической интеграции, выражающаяся в деятельности международных экономических объединений, в формировании ТНК и международных институтов. В настоящее время ТНК уже играют ведущую роль в развитии мирохозяйственных связей путем реализации глобальных стратегий развития, объединяющих национальные и региональные рынки.

Основным инструментом осуществления их влияния на мировую экономику является прямая инвестиционная деятельность, прежде всего, в форме слияний и поглощений как формы прямых зарубежных инвестиций. Современная волна концентрации капитала характерна слиянием и иными формами объединения уже ранее сложившихся ТНК, т.е. представляет собой как бы сверхконцентрацию компаний, что по существу уже не имеет исторических precedентов.

Истоком возникновения ТНК - локомотива глобализации мировой экономики, стал процесс интеграции в мировое хозяйство на основе активизации стратегии интернационализации хозяйственной деятельности наиболее успешных мировых компаний, лидирующих в своих отраслях. Завоевывая в накладе только нишу, ТНК сталкивается с гораздо более острой конкуренцией, сохраняя возможность воспроизвести себя. Те же фирмы, которые не выдержали конкурентного отбора, остаются на мировом рынке на вторых ролях, ориентируясь на внешнюю торговлю как основной интегратор в мировую экономику и источник прибыли [1].

Современные транснациональные корпорации оказывают большое воздействие на мировую экономику в целом. Одним словом это воздействие – «стимулирование» и «способствование»:

- ТНК стимулируют НТП, поскольку в их рамках проводится большая часть научно-исследовательских работ, появляются новые технологические разработки;
- ТНК стимулируют тенденцию глобализации мировой экономики, вовлекая принимающие страны в международные экономические отношения. Во многом благодаря им происходит постепенное «растворение» национальных экономик в едином мировом хозяйстве, в результате чего чисто экономическими средствами, без применения насилия, спонтанно создается глобальная экономика;
- ТНК стимулируют развитие мирового производства. Являясь крупнейшими мировыми инвесторами, они постоянно наращивают производственные мощности, создают новые виды продукции и рабочие места в принимающих странах, стимулируя в них развитие производства, а значит, мировой экономики в целом;
- ТНК способствуют оптимальному распределению ресурсов и размещению производства;
- ТНК способствуют расширению границ международного разделения труда и международного сотрудничества.

Но, тем не менее, развитие и увеличение числа транснациональных компаний влияет не только на мировую экономику в целом, но и на развитие отдельно взятых стран. Международные компании для каждого конкретного государства, являются представителями мирового хозяйства и должны иметь ограниченную соответствующими правилами автономию, действуя в определенных юридических и институциональных рамках.

Транснациональные компании считаются основными факторами формирования конкурентоспособности стран и реализации их конкурентных преимуществ на международных рынках. Принимающие страны от притока инвестиций выигрывают по многим аспектам.

Во-первых, широкое привлечение иностранного капитала способствует снижению безработицы в стране, росту доходов государственного бюджета. С организацией производства в стране тех изделий, которые раньше ввозились, отпадает необходимость в их импорте. Компании, выпускающие конкурентоспособную на мировом рынке продукцию и ориентированные в основном на экспорт, в значительной степени способствуют укреплению внешнеторговых позиций страны.

Во-вторых, преимущества от ТНК в принимающей стране наблюдаются и в качественных составляющих. Деятельность ТНК вынуждает администрацию местных компаний вносить коррективы в технологический процесс, сложившуюся практику производственных отношений, выделять больше средств на подготовку и переподготовку работников, больше внимания обращать на качество продукции, ее дизайн, потребительские свойства. Чаще всего за иностранными инвестициями стоит внедрение новых технологий, выпуск новых видов продукции, новый стиль менеджмента, использование всего лучшего из практики зарубежного бизнеса [2].

Интересы транснациональных корпораций и стран, на территории которых они базируются, как правило, совпадают. Транснациональные корпорации позволяют государству получать доступ к ресурсам других стран. К тому же продукция, произведенная за рубежом, не будет облагаться пошлинами со стороны государства, где эта продукция была произведена.

Таким образом, транснациональные корпорации широко используют преимущества международной кооперации и разделения труда. Они действуют далеко за пределами своей «родной» страны и, формируя межнациональные комплексы, оказывают значительное воздействие не только на экономику отдельных стран, но и на состояние мировой торговли в целом. Как видно из всего вышесказанного, экономическое и политическое значение транснациональных корпораций очень велико. Они помогают развивать взаимопонимание, доверительные отношения со странами-партнерами, усиливать экономическое влияние на мировое хозяйство. Таким образом, государство должно в определенной мере помогать развитию своих ТНК [3].

В последнее время в структуре транснациональных корпораций происходят существенные изменения, главные из которых связаны с осуществлением так называемой комплексной стратегии.

Стратегия транснациональных корпораций основана на глобальном подходе, предусматривающем оптимизацию результата не для каждого отдельного звена, а для объединения в целом.

Комплексная стратегия заключается в децентрализации управления международным концерном и значительном повышении роли региональных управленческих структур. Такая политика стала возможной благодаря достижениям техники в области связи и информации, развитию национальных и международных банков данных, повсеместной компьютеризации. Она позволяет транснациональным корпорациям координировать производственную и финансовую активность зарубежных филиалов и дочерних фирм. Комплексная интеграция в рамках транснациональных корпораций требует и комплексной организационной структуры, которая выражается в создании региональных систем управления и организации производства.

В настоящее время принято выделять следующие типы транснациональных корпораций:

- горизонтально интегрированные корпорации с предприятиями, выпускающими большую часть продукции. Например, производство автомобилей в США или сеть предприятий «Fast Food».

- вертикально интегрированные корпорации, объединяющие при одном собственнике и под единым контролем важнейшие сферы в производстве конечного продукта. В частности, в нефтяной промышленности добыча сырой нефти часто осуществляется в одной стране, рафинирование - в другой, а продажа конечных нефтепродуктов - в третьих странах.

- диверсифицированные транснациональные корпорации, которые включают в себя национальные предприятия с вертикальной и горизонтальной интеграцией. Типичным примером корпорации такого типа является шведская корпорация Nestle, имеющая 95% своего производства за рубежом и занятая ресторанным бизнесом, производством продуктов питания, реализацией косметики, вин и т.д. Число таких компаний в последние годы быстро растет.

Транснациональные корпорации становятся ядром новой сферы мировой постиндустриальной экономики, в которую непрерывно интегрируются многочисленные предприятия мелкого и среднего бизнеса, товаропроводящие и информационные сети, составляющие периферию мирохозяйственного транскорпоративного ядра с общей численностью работников свыше 150 млн. человек.

Глобальные ТНК формируют финансовый центр экономики, который глобально воздействует на функционирование и развитие мирового производства продуктов, услуг, знаний, информации, интеллектуального капитала, глобального рынка рабочей силы. Новую экономику конца XX и начала XXI века приводит в движение конкурентная борьба между глобальными ТНК и все новые методы борьбы за создание новых конкурентных преимуществ.

Транснациональные корпорации доказали свою жизнеспособность несмотря на расхождения в национальных законодательствах, различные уровни развития экономики и политических ориентиров. Равноскоростное развитие государств не является непреодолимым препятствием для их тесного взаимодействия. Объективный характер интеграции определяется общностью исторических, географических, экономических и других факторов.

Мировой опыт подтверждает жизненность и эффективность объединения банковского и промышленного капитала в рамках транснациональных корпораций, который позволяет ускорить оборачиваемость финансовых ресурсов, сократить издержки за счет развития внутри транснациональных корпораций систем взаимозачетов и платежей, увеличить доли ресурсов в денежной форме и мобильность перераспределения, возможность проведения крупных сделок, мультивалютных операций. Возникновение транснациональных корпораций явилось не только закономерным шагом в развитии системы организационно-правовых форм общественного производства, но и необходимым этапом реорганизации промышленной структуры.

ТНК отражают такое состояние мира, в котором движение капитала и технологии приобрело очень высокую степень подвижности, и, что именно деятельность ТНК в значительной степени способствует превращению мира в целое, где части становятся функционально взаимосвязанными, и, где возникают новые тенденции и законы развития.

Список использованной литературы

1. Гордеев В.В. Мировая экономика и проблемы глобализации. – М.: Высш.шк., 2008. – 407 с.
2. Цыпин И.С., В.Р. Веснин. Мировая экономика. – М.: ТК Велби, Проспект, 2007. – 248 с.
3. Бузулукова Е.В. Факторы успеха транснациональных корпораций на российском рынке // Российское предпринимательство. – 2012. – № 10 (208). – с. 11–16. – <http://www.creativeconomy.ru/articles/23860/>.
4. Черченко Н.В., Суханов Н.И., Леонович А.Н. Международная экономика. – Мн.: РИВШ, 2009. – 162 с.
5. Градобитова Л.Д., Исаченко Т.М. Транснациональные корпорации в современных международных экономических отношениях. – М.: «Анkil», 2011.
6. Хасбулатов, Р. И. Мировая экономика : учебник / Р. И. Хасбулатов. – М. : Юрайт, 2013, – 884 с.



СОВМЕСТНЫЕ ПРЕДПРИЯТИЯ

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы и риски в создании совместных предприятий (СП). Совместные предприятия являются важной областью корпоративных стратегий, будь то в разведке и завоевании новых рынков и получения выгоды или стоимости развития инновационных технологий. Таким образом, эта тема становится все более значимой для Европы и мира. На сегодняшний день не сложились ещё научные представления о природе и методах управления рисками совместных предприятий. В последние годы одной из ведущих форм международного бизнеса стало совместное предпринимательство, которое включает многообразные кооперационные связи: от межфирменного сотрудничества и создания совместных предприятий до крупномасштабных интеграционных проектов в рамках региональных и межрегиональных объединений. Возможный и единственный путь решения проблем формирования и эффективного функционирования совместных предприятий является кардинальное изменение инвестиционного климата в Казахстане.

Ключевые слова: совместные предприятия, риски, проблемы.

Совместные предприятия являются важной областью корпоративных стратегий, будь то в разведке и завоевании новых рынков и получения выгоды или стоимости развития инновационных технологий. Таким образом, эта тема становится все более значимой для Европы и мира.

Термин «совместные предприятия» понимается в Европе как предприятия, которые контролируются двумя или более экономически независимыми предприятиями.

Совместное предприятие образуется в основном при создании новых производств, выделении существующих производственных мощностей или совместном приобретении существующих долей. Совместные предприятия обозначаются среди экономистов, так же как «особая форма внешнего увеличения предприятия» [1].

Объединение предприятий в форме совместного предприятия может принести участникам не только выгоды, но и серьезные проблемы.

Общее преимущество совместного предпринимательства в любых его формах – создание благоприятных стартовых условий для нового производства. Однако потенциальная быстрота объединения партнеров и освоения производства порождает проблемы выработки стратегии, в частности, касающиеся структуры капитала и налогов, распределения дивидендов и т.д. Немаловажными являются проблемы, связанные с дополнительными материальными затратами потенциальных участников совместного предприятия.

В первую очередь это относится к затратам на подготовку к совместной работе, которые могут потребоваться в процессе создания совместного предприятия, начиная с этапа первоначальных контактов с потенциальными партнерами по бизнесу и переговоров о заключении договора о сотрудничестве до планирования и организации деятельности партнеров.

